ККС Казахстанские Коммунальные Системы

# Жылдық есеп 2018




**Бүгінгі тұрақты даму –**
**ертеңгі жасампаз болашақ**

# Мазмұны


НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ
Бақылау кеңесі Төрағасының үндеуі
Бас директордың үндеуі

2018 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ ЖӘНЕ БАСЫМ МІНДЕТТЕРДІҢ ІСКЕ АСУЫ

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
Компанияның қысқаша бейіні
Еншілес компаниялардың бейіндері
Өндіру
Беру және бөлу
Өткізу
Компания дамуының қысқаша тарихы
Қызметінің географиясы
Міндет, топшылау, құндылықтар

СТРАТЕГИЯ
Стратегия
Корпоративтік даму
Бизнес-модель
Тік интеграция
Бәсекелес артықшылықтар

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП
Сыртқы ортаға шолу
Макроэкономикалық шолу
Саланы шолу
Қуат нарығының схемасы
Саланың болашағы
Бизнесті жүргізу шарттары
Операциялық қызметтің нәтижелері
Қуаттар
Өндіру
Беру және тарату
Инвестициялық жобалар
Қызметтің қаржылық нәтижелері
Кірістер мен шығындар талдауы
Баланс талдауы
Негізгі коэффициенттер талдауы
2019 жылға жоспарлар

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
Корпоративтік басқару қағидаттары
Менеджмент құрылымы
Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі
Бақылау кеңесі
Бақылау кеңесінің құрамы
Бақылау кеңесі жанындағы комитеттер
Атқарушы орган
Бас директор, оның орынбасарлары
Сыйақы туралы ақпарат
Ішкі аудит бөлімі
Корпоративтік әдеп

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ
Тәуекелдерді басқару жүйесі
Тәуекелдерді басқару жүйесін құру қағидаттары
Компанияда тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы
Ішкі бақылау жүйесі
Тәуекелдерді жіктеу
Бизнес-стратегияларды іске асыруға ықпал ететін негізгі тәуекелдер

АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГІЛІК ҚЫЗМЕТ
Ақпараттық саясат және маркетингілік қызмет
Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік
Қызметкерлерді басқару саясаты
Қызметкерлердің саны
Қызметкерлердің тұрақсыздығы
Қызметкерлерді оқыту және дамыту
Жас мамандарды тарту
Қызметкерлерді ынталандыру және марапаттау
Материалдық емес ынталандыру
Кәсіподақ ұйымдарымен өзара әрекеттестік
Корпоративтік шаралар
Денсаулық және еңбек қауіпсіздігі
Қайырымдылық және демеушілік

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ
«Қараганда Энергоцентр» ЖШС
«Өскемен ЖЭО» ЖШС
Энергия үнемдеу

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
Қысқартылған сөздер
Байланыс ақпараттары

# Негізгі көрсеткіштер

**ТҰСІМ**
**128,64**
млрд теңге

**EBITDA**
**35,10**
млрд теңге

**ТҰСІМ**
млрд теңге




**ЖАЛПЫ ПАЙДА**
млрд теңге




**ТАЗА ПАЙДА**
млрд теңге




**EBITDA**
млрд теңге




*2017 ж. үшін деректер 2018 ж. үшін есептілікте қайта есептелген (есептіліктің ҚЕХС-нан қараңыз)

**АКТИВТЕР**
млрд теңге




**ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ**
млн кВт·с




**ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ**
млн кВт·с



Мазмұны

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ
Бақылау кеңесі Төрағасының үндеуі
Бас директордың үндеуі

# Бақылау кеңесі Төрағасының үндеуі



## Құрметті ханымдар мен мырзалар!

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Бақылау кеңесінің атынан қошеметтеуге рұқсат етіңіздер!

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС-нің 2018 жыл үшін негізгі оқиғалары, қаржылық және өндірістік көрсеткіштері көрсетілген кезекті жылдық есепті назарларыңызға ұсынамыз.

Қазіргі уақытта республикамыздың энергетикалық саласын ауқымды реформалау жүруде, ол саланың барлық қатысушыларының тартылуын талап етеді. Реттеуші мен энергетикалық нарық өкілдерінің сындарлы өзара әрекеттесуі арқасында отандық электр станциялары өздерінің өндіруші қуаттарын белсенді түрде жаңғыртуда, ал энергия беруші кәсіпорындар электр желілік шаруашылықты кешенді түрде жаңартуда.

Өзекті заманауи шаралардың арқасында біз өндіруші кәсіпорындардың негізгі құралдарының тозуын айтарлықтай азайту және электр энергиясын беру мен тарату кезінде электрмен жабдықтау сапасын жақсарту түрінде нақты нәтижені көріп отырмыз.

Біз таяу болашақта салалық нарық қатысушыларының отандық энергетикалық жүйеге тұрақты инвестициялауы жалғасады деп сенімімен болжай аламыз.

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС электр қуаттарын жүйелі өсіруді, активтерді басқаруда инновациялық әдістерді пайдалануды, өз тұтынушыларын энергиямен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған жаңашыл тәсілді әрдайым өз басымдықтары ретінде қойып келеді. Топ жабдықтың үнемділігі мен сенімділік көрсеткіштерін маңызды жетілдіруге бағытталған, өндірістік қуаттарды жаңғырту бойынша бірқатар ірі ауқымды іс-шараларды жүзеге асырады. 2010–2018 жж. аралығындағы кезеңде күрделі салым 200 млрд теңгені құрады.

ҚКЖ тобы 2018 жылды құрамындағы барлық дивизиондардың – жылу және электр энергиясын өндіру, оны беру және түпкілікті тұтынушыларына өткізу – тұрақты өсуі мен кешенді дамуын әйгілейтін көрсеткіштермен аяқтағанын сеніммен айта аламын. Бұл ҚКЖ тобының корпоративтік стратегиясы мен экономикалық бағытының табыстылығы туралы мәлімдейді.

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС компанияны жүйелі, кешенді дамытуға бағытталған өз саясатын одан әрі жалғастырады. Ірі ауқымды инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру, жаңа электр желілерін салумен қатар өндіруші қуаттарды кеңейту, сондай-ақ өткізуші кәсіпорындардың клиентке бағдарлануы ҚКЖ тобы доктринасының негізін құрайды.

ҚКЖ тобының одан әрі тұрақты дамуына және оның зор болашағына түбегейлі сенімділік білдіремін. Қолда бар әлеуетті, орасан тәжірибе мен мүмкіндіктерді ескеріп, шын ниетпен «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС барлық ұжымына алға қойылған өршіл мақсаттардың сәтті іске асырылуын тілеймін және заңды нәтижеге сенемін.

*Құрметпен,*
*Динмухамет Идрисов*

ҚКЖ тобы 2018 жылды құрамындағы барлық дивизиондардың – жылу және электр энергиясын өндіру, оны беру және түпкілікті тұтынушыларына өткізу – тұрақты өсуі мен кешенді дамуын әйгілейтін көрсеткіштермен аяқтағанын сеніммен айта аламын. Бұл ҚКЖ тобының корпоративтік стратегиясы мен экономикалық бағытының табыстылығы туралы мәлімдейді.

Мазмұны
БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ
Бақылау кеңесі Төрағасының үндеуі
Бас директордың үндеуі

# Бас директордың үндеуі



## Қадірменді оқырмандар!

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС басшылығы атынан қошеметімді білдіруге рұқсат етіңіздер!

Компанияның ашықтық және жариялылық саясатына сәйкес 2018 жылдың қорытындысы бойынша ҚКЖ тобының өндірістік қызметінің экономикалық индикаторлары мен серпінін бейнелейтін жылдық есепті ұсынуға қуаныштымыз.

Осы жылдық есепте жарияланған ақпарат көпжылдық өзара тиімді ынтымақтастық байланыстыратын біздің серіктеріміз үшін де, «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС қызметінің осы есепте бейлененген барлық аспектілерімен егжей-тегжейлі таныса алатын әлеуетті әріптестер үшін де пайдалы болады деген сенімдемін. Бұл құжат перспективалы болашақта тиімді өзара әрекеттестік үшін бастапқы нүкте мен қосымша серпін болады.

Қазіргі уақытта «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС елдің энергетикалық нарығының ірі жүйе құраушы қатысушыларының бірі болып табылады. Қол жеткізген көрсеткіштермен тоқталмай, біз өз әлеуетімізді өрістетуге және саладағы позицияны нығайтуға бағытталған жаңа міндеттер қоямыз.

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС құрылымы келесі дивизиондардан тұрады: жылу және электр энергиясын өндіру, оны беру және бөлу, сондай-ақ электр және жылу энергиясын өткізу.

Біздің корпоративтік стратегия осы бағыттардың барлығын қамтиды және берілген дивизиондардың даму индикаторларына жету үшін ойластырылған тетікті көздейді.

Біз жүзеге асыратын корпоративтік стратегия өз табыстылығын көрсетуде: Таңдалған бағыттың тиімділігі нақты нәтижелермен дәлелденген. Біз Компания негізі қаланған сәттен бастап ұстанатын қарқын 2018 жылы жалғасын тапты.

Нақты цифрлар туралы сөз қозғасақ, соңғы 10 жылда ҚКЖ тобы ЖЭО электр энергиясын өндіруі 183%-ға, жылу өндірісі – 70%-ға артты. Біздің құрылымға кіретін электр беруші кәсіпорындар осы кезеңде 8 500 шақырым электр энергиясын беру желісін, сондай-ақ, 1 860 қосалқы станция мен тарату пункттерін тұрғызып, қалпына келтірді. Соңғы 10 жылда электр энергиясын электр желілері бойынша беру қызметтерінің көлемі 3,6 млрд кВт·с немесе 77%-ға артты. Топтың өткізу компаниялары абоненттерінің саны онжылдықта 185 000-ға көбейді.

Тек 2018 жылы ҚКЖ тобына кіретін электр станцияларының электр энергиясын өндіру өсімі 4,5%-ды құрады, абсолютті мәнде бұл – 274 млн кВт·с. 2018 жылы энергия беруші кәсіпорындардың электр энергиясын тасымалдауы көлемінің артуы 2,8%-ды немесе 228 млн кВт·с құрады. ҚКЖ тобының өткізу компанияларының электр энергиясын өткізу көлемі есепті жылы 5,8%-ға немесе 194 млн кВт·с артты.

Сөзсіз, өндірістік көрсеткіштердің өсуі, ең алдымен, ҚКЖ тобының сан мыңдық ұжымының адал еңбегінің, біз мақтан тұтатын команданың арқасында мүмкін болды. Компанияның жоғары құндылығы – адами капитал – нақты нәтижеге бағдарланған жоғары білікті мамандар болып табылады.

Біз жүзеге асыратын барлық жобалар – бұл қолда бар активтерді жаңғырту, жаңа электр желілерін салу, өндіруші және энергия беруші қуаттарды кеңейту, жаңа технологияларды енгізу және өткізу компанияларында қызметтерді автоматтандыру – Топ қатысатын өңірлерде біздің тұтынушыларымызды жылу және электр энергиясымен сапалы әрі тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған.

Стратегиялық маңызды салада жұмыс істей отырып, біз жүктелген жауапкершілікті толыққанды ұғынамыз. Айта кету қажет, Компания тұтынушылардың талаптарына сай болуға ғана емес, сонымен қатар Топ қатысатын өңірлердегі тұрғындардың сұраныстарынан басып озып жұмыс істеуге ұмтылады. Біздің корпоративтік даму стратегиямыздың, еншілес кәсіпорын жүзеге асыратын инвестициялық бағдарламалардың, біздің барлық кешенді жұмысымыздың қорытынды мақсаты – тұтынушыларды сапалы әрі үздіксіз энергиямен жабдықтау. ЖЭО энергетикалық қуаттарын ұлғайту, электр желілік шаруашылықты жаңғырту, жаңа энергия нысандарының құрылысы осыған бағытталған. Халықтың ұдайы өсуін, шағын және орта бизнес субъектілері санының артуын, тұрғын үй құрылысы және әлеуметтік нысандарды тұрғызу қарқынының және нәтижесі ретінде жаңа тұтынушыларды энергиямен қамтамасыз ету қажеттілігінің ұлғаюын ескерсек, бұл жұмыс жалғасын табады.

Корпоративтік даму стратегиясын жүзеге асыру тиімділігі ҚКЖ тобының ҚКЖ Бақылау кеңесінің жанжақты қолдауынсыз және сенімінсіз мүмкін болмас еді, сол үшін алғысымызды білдіреміз.

Топ ұжымының бірлескен жұмысы біз 2019 жылы алға қойған мақсаттарға жетуге мүмкіндік беріп қоймай, болашақта Компанияның қарқынды дамуы үшін қосымша серпін беретіндігіне сенімдімін.

*Құрметпен,*
*Наби Айтжанов*

Тек 2018 жылы ҚКЖ тобына кіретін электр станцияларының электр энергиясын өндіру өсімі 4,5%-ды құрады, абсолютті мәнде бұл – 274 млн кВт·с. 2018 жылы энергия беруші кәсіпорындардың электр энергиясын тасымалдауы көлемінің артуы 2,8%-ды немесе 228 млн кВт·с құрады.

# 2018 жылдың негізгі оқиғалары және басым міндеттердің іске асуы

## «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС

2018 жылғы қаңтарда «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС «Бірыңғай жинақ зейнетақы қоры» АҚ-нан «Маңғыстау өңірлік электротораптық компаниясы» АҚ («МӨЭК» АҚ) ЕҮ 6,77% жай акциясын сатып алды. Осылайша Топ «МӨЭК» АҚ-ның 50,19% орналастырылған акциясын иемденеді, дауыс беруші акцияларды иелену үлесі 52,63%-ды құрайды.

2018 жылғы ақпанда «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС «Соғра ЖЭО» ЖШС сату бойынша мәмілені жүзеге асырды.

2018 жылғы қазанда Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС-нің шетелдік және ұлттық валюталардағы эмитентінің «ВВ-» деңгейінде ұзақ мерзімді дефолт рейтингтерін растады. Рейтингтер бойынша болжам – «Тұрақты».

## «Караганда Энергоцентр» ЖШС

Қарағанды ЖЭО-3-те №2 күл үйіндінің 3-секциясының дамбасын өсіру бойынша жобаның 2-кезеңі орындалды.

## «Өскемен ЖЭО» ЖШС

Қолданыстағы күл үйіндісін қайта құру жобасы аяқталу сатысында, сондай-ақ күл-қож қалдықтарын қаттау үшін жаңа күл үйіндісін жобалау жұмысы басталды.

## «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС

Бәйдібек ауданын қоректендіретін, ұзақтығы 45,05 км ӘЖ 110 кВ Л-108 жаңғыртылды, ПФ-6 ажыратқыштары ПС-70, ПСД-70 ажыратқыштарына ауыстырылды, созылмалы аралықтарда қосымша тіреулер орнатылды.

Түркістан қ. ауданын қоректендіретін, ұзақтығы 32,716 км ӘЖ 110 кВ Л-174 жаңғыртылды, ПФ-6 ажыратқыштары ПС-70, ПСД-70 ажыратқыштарына ауыстырылды, қосымша тіреулер орнатылып, АС-95,120 сымдары АС-150 сымдарына ауыстырылды.

Ұзақтығы 10,456 км ӘЖ 110 кВ Л-141 жаңғыртылды, ПФ-6 маркалы ажыратқыштар ПС-70 ажыратқыштарына ауыстырылды.

Қоршаған ортаға әсерді азайту мақсатында ӘЖ 110 кВ (Л-149, Л-Жетісай, Л-Феруз, Л-6-А) жоғары кернеу желілерінде бірқатар құстан қорғайтын құрылғылар орнатылды.

Ұзақтығы 271,59 км ӨОС қолданып ӘЖ 0,4 кВ толық жаңғырту жобасы әзірленіп, орындалды.

## «Қарағанды Жарық» ЖШС

«Тихоновка» ҚС 110/10 кВ құрылысы басталды.

Қалпына келтірілді: күш трансформаторларын ауыстырумен ТҚС, КТҚС – 139 дана; ОБП 6 кВ – 3 дана; КӘЖ 0,4–6–10 кВ – 126 км.

АРНЭС радиорелейлі байланыспен жабдықтау бойынша жұмыстар орындалды.

«Қарағанды – Жаңа Қала» ӘЖ 110 кВ қалпына келтіру үшін инженерлік-геологиялық, ізденіс жұмыстары орындалып, жобалық-сметалық құжаттама әзірленді.

«Сарань – ГПП-1» ӘЖ 110 кВ бастап 1,2-тізбекті «Тихоновка» ҚС 110/10 кВ дейін аралық шықпалар құрылысына инженерлік-геологиялық, ізденіс жұмыстары орындалып, жобалық-сметалық құжаттама әзірленді.

ЖВЭЖ ОДҚ үшін диспетчерлік қалқанға жобалық-сметалық құжаттама әзірленді.

Шахтинск АЭС үшін жөндеу-өндірістік базаның ғимараты сатып алынды.

«Жарық» ҚС жанындағы өндірістік база аумағында төрт автомобиль ангарының және орталық қойма ғимаратының құрылысы басталды.

29 қосалқы станцияда 6(10)–35–110 кВ жабдықты техникалық жаңғырту орындалды, соның ішінде – «Шығыс» ҚС 110/10 кВ – күш трансформаторларын ауыстырусыз АБҚ 110 кВ жабдығын ауыстыру; «ЦЭС» ҚС 35/6 кВ – күш трансформаторларын ауыстырусыз АБҚ, 35 кВ жабдығын ауыстыру және ЖБҚ 6 кВ СКБҚ, 6 кВ-қа ауыстырылды; «Кировск» ҚС 110/35/6 кВ – ЖБҚ 6 кВ барлық жабдығы ауыстырылды.

Ұзақтығы 209 км ӘЖ 35–110 кВ күрделі жөндеу орындалды.

## Есепті күннен кейінгі негізгі оқиғалар

2019 жылғы қаңтарда Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС-нің деңгейінде ұзақ мерзімді дефолт рейтингтерін шетелдік және ұлттық валюталарда «В+» деңгейіне дейін төмендетті. Рейтингтер бойынша болжам – «Тұрақты».

## «Маңғыстау өңірлік электротораптық компаниясы» АҚ

2018 жылғы наурызда «МӨЭК» АҚ, Еуропалық қалпына келтіру және даму банкінен банктың қарапайым ресурстарынан 12,3 млрд теңге және арнайы Жасыл Климат Қорының қаражатынан 5,3 млн АҚШ доллар мөлшерінде инвестициялық бағдарламаны іске асыру мақсаттарына қаржыландыру тартты.

1х150МВА автотрансформаторының «Қаражанбас» УРПС 220/110/35/10 кВ орнатумен қоса Ақтау – Қаражанбас ЭБЖ 220 кВ құрылысы.

1х40МВА трансформаторын ауыстырумен қоса «Өзен» ҚС 220 кВ бастап «Плато» ҚС 110/35/6 кВ дейін (ұзақтығы 1х18,7 км) ЭБЖ 110 кВ құрылысы.

«Промзона» ҚС 110/6–6 кВ ЖБҚ 6 кВ жаңғырту (қайта құру).

«Өзен» ҚС 220/110/10 110 кВ АБҚ жаңғырту (қайта құру).

## Топтың өткізу компаниялары

«Оңтүстік Жарық» ЖШС клиенттерін қосу жолымен «Энергопоток» ЖШС клиенттік базасын кеңейту.

«ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС инновациялық IT-жүйелер сәтті енгізілді: электронды құжат айналымы, тұтынушылар үшін электронды кезек; қызметкерлердің биометриялық деректеріне негізделген қызметкерлер үшін өткізу жүйесі.

# Мазмұны

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
Компанияның қысқаша бейіні
Еншілес компаниялардың бейіндері
Өндіру
Беру және бөлу
Өткізу
Компания дамуының қысқаша тарихы
Қызметінің географиясы
Міндет, топшылау, құндылықтар

ККС Казахстанские Коммунальные Системы



# Компания туралы

# Мазмұны

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
Компанияның қысқаша бейіні
Еншілес компаниялардың бейіндері
Өндіру
Беру және бөлу
Өткізу
Компания дамуының қысқаша тарихы
Қызметінің географиясы
Міндет, топшылау, құндылықтар

## Компанияның қысқаша бейіні

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС («ҚКЖ» ЖШС, ҚКЖ, Компания, ҚКЖ тобы немесе Топ) – Қазақстан Республикасы аумағында электр және жылу энергетикасы секторында тиігнен сәтті интеграцияланған компания.

ҚКЖ тобының кәсіпорындарындағы электр және жылу энергиясын өндіруден бастап оны ақырғы тұтынушыға жеткізуге дейін өндірістік тізбекті қалыптастырады. 2018 жылы Компания елдің төрт өңірінде қызмет жүргізді – Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау және Түркістан облыстары, сондай-ақ Шымкент қаласы. ҚКЖ барлық кәсіпорындарында еншілес ұйымдардың бүкіл құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін бірыңғай басқару үдерістері енгізілді.

Топты Даму стратегиясы энергетикакалық секторды дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтарына сәйкес келеді. Негізгі стратегиялық бағыттар: қолда бар активтерді жаңғырту, өндіруші және энергия беруші қуаттарды кеңейту, сондай-ақ өткізу компанияларының клиетке бағдарлануын қолдау болып табылады. ҚКЖ орнықты қаржылық күйі бар тұрақты компания болып табылады, бұл Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігінің рейтингтерімен расталады.

Компания Қазақстандық электр энергетикалық қауымдастыққа (ҚЭЭҚ) кіреді, оның мүшелері саланың 48 қатысушысы болып табылады: энергия өндіретін және электр желілік компаниялар, ірі өнеркәсіптік энергия тұтынушылар, салалық ғылыми-зерттеу және жобалық институттар, энергетикалық жабдықты өндіретін кәсіпорындар және басқа да компаниялар. Бұған қоса, ҚКЖ «KAZENERGY» қауымдастығының мүшесі және «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының мүшесі болып табылады.

## Еншілес компаниялардың бейіндері

### Өндіру

**«Караганда Энергоцентр» ЖШС** – Топтың екі электр станциясын – Қарағанды ЖЭО-1 және ЖЭО-2 біріктірген компания.

«КЭЦ» ЖШС қызметкерлерінің жалпы саны – 1 297 адам.

***Қарағанды ЖЭО-1***
Электр қуаты: белгіленгені – 32 МВт, қолда бары – 24 МВт.
Жылулық қуаты: белгіленгені – 460 Гкал/с, қолда бары – 235,8 Гкал/с.

***Қарағанды ЖЭО –3***
Электр қуаты: белгіленгені – 670 МВт, қолда бары – 562,5 МВт.
Жылулық қуаты: белгіленгені – 1 429 Гкал/с, қолда бары – 1 077 Гкал/с.

**«Өскемен ЖЭО» ЖШС**
Электр қуаты: белгіленгені – 372,5 МВт, қолда бары – 277,8 МВт.
Жылулық қуаты: белгіленгені – 881,7 Гкал/с, қолда бары – 881,7 Гкал/с.
Қызметкерлерінің саны – 558 адам.

**«Ветропарк «Жүзімдік» ЖШС** – Түркістан облысында баламалы энергетиканы дамыту жобасы (ТО Бәйдібек ауданының Шаян елдімекені), жүзеге асырылу сатысында.
«Жүзімдік» ЖЭС-ның белгіленген қуаты – 40 МВт.




### Беру және бөлу

**«Қарағанды Жарық» ЖШС** – Қарағанды облысындағы электр желілік компания.
Қарағанды қ. және Қарағанды облысының қалалық, өнеркәсіптік және ауылшаруашылық тұтынушыларына арналған 0,4-220 кВ электр желілері:
- ӘЖ 0,4-220 кВ – 5 161 км;
- КЖ 0,4-35 кВ – 1 678 км;
- қосалқы станциялар 220/110/35 кВ – 104 дана;
- ЖКТ – 240 шт.;
- ТҚС, КТҚС, ТҚС 6-10/0,4 кВ – 1 811 дана.

Қызметкерлер саны – 1 624 адам.

**«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС** – Түркістан облысындағы электр желілік компания.
Шымкент қ. және Түркістан облысының қалалық, өнеркәсіптік және ауылшаруашылық тұтынушыларына арналған 0,4-110 кВ электр желілері:
- ӘЖ 0,4-110 кВ – 22 810 км;
- КЖ 0,4-110 кВ – 659 км;
- қосалқы станциялар 110–35 кВ – 249 дана;
- ЖКТ – 352 шт.;
- ТҚС, КТҚС, ТҚС 6-10/0,4 кВ – 5 717 дана.

Қызметкерлер саны – 3 391 адам.

**«Маңғыстау өңірлік электротораптық компаниясы» АҚ** – Маңғыстау облысындағы электр желілік компания.
Маңғыстау облысының қалалық, өнеркәсіптік және ауылшаруашылық тұтынушыларына арналған 0,4-220 кВ электр желілері:
- ӘЖ 0,4-220 кВ – 5 214 км;
- КЖ 0,4-35 кВ – 40 км;
- қосалқы станциялар 220/110/35 кВ – 65 дана;
- ЖКТ – 114 дана;
- КТҚС 6-10/0,4 кВ – 425 дана.

Қызметкерлер саны – 669 адам.

### Өткізу

**«ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС** – Қарағанды қ. және Қарағанды облысындағы энергия өткізуші компания.
2 аудандық және 2 қалалық өткізу учаскесі.
Жылумен жабдықтау бойынша абоненттер саны:
- 150 016 абонент – жеке тұлғалар;
- 3 089 абонент – заңды тұлғалар.

Электрмен жабдықтау бойынша абоненттер саны:
- 189 845 абонент – жеке тұлғалар;
- 5 037 абонент – заңды тұлғалар.

ЫСЖ бойынша абоненттер саны:
- 128 068 абонент – жеке тұлғалар;
- 2 349 абонент – заңды тұлғалар.

Қызметкерлер саны – 285 адам.

**«Расчетный сервисный центр» ЖШС** – Қарағанды облысындағы электр өткізуші компания.
2 аудандық және 1 қалалық өткізу учаскесі.
Электрмен жабдықтау бойынша абоненттер саны:
- 58 586 абонент – жеке тұлғалар;
- 1 665 абонент – заңды тұлғалар.

Қызметкерлер саны – 48 адам.

**«Энергопоток» ЖШС** – Түркістан облысындағы Шымкент қ. бойынша энергия өткізуші компания.
13 облысты және 3 қалалық өткізу учаскесі.
Электрмен жабдықтау бойынша абоненттер саны:
- 583 802 абонент – жеке тұлғалар;
- 25 777 абонент – заңды тұлғалар.

Қызметкерлер саны – 649 адам.

# Мазмұны

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
Компанияның қысқаша бейіні
Еншілес компаниялардың бейіндері
Өндіру
Беру және бөлу
Өткізу
Компания дамуының қысқаша тарихы
Қызметінің географиясы
Міндет, топшылау, құндылықтар

## Компания дамуының қысқаша тарихы

### 2008–2010 жылдар

- 2008 жылғы 3 қарашада «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС басқарушы компаниясы құрылды.
- Топ тігінен интеграцияланған энергетикалық компанияны құру мақсатында «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС және «Қарағанды Жарық» ЖШС 100% қатысу үлестерін бақылауға ие болды.
- 2010 жылы Топ жарғылық капиталға қосымша жарна салу және үлестерді қатысушылардың арасында қайта бөлу жолымен «Караганда Энергоцентр» ЖШС қатысушыларының құрамына кірді.

### 2011 жыл

- Тігінен интеграцияланған энергетикалық компанияны құру мақсатында «ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС, «Расчетный сервисный центр» ЖШС, «Энергопоток» ЖШС және «Оңтүстік Жарық» ЖШС-не 100% қатысу үлестерін бақылауға ие болды.
- Қарағанды ЖЭО-3-те 110 МВт және 185 Гкал/с болатын жаңа энергия блогын (қазандық+турбина) салу туралы шешім қабылданды.
- «Қарағанды Жарық» ЖШС жаңа екі қосалқы станцияны пайдалануға қосты.
- «Қарағанды Жарық» ЖШС автоматтандырылған бақылау және есепке алу жүйесін (ЭЭБЕАЖ) енгізді, 2-кезең.
- «Қарағанды Жарық» ЖЭО-2 – МАЭС-1 110 кВ ӘЖ құрылысы аяқталды.
- «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС қосылу нүктелерін барынша жылдам анықтау үшін техникалық шарттар беру мақсатында автоматты деректер және тұтынушылар жүйесін (АДЖТЖ) енгізді.
- Қарағанды ЖЭО-3 кеңейту, №6 энергоблокты орнату ЕРС-келісімшартына қол қою.
- Қуаты 120 МВт №5 жаңа турбинаны пайдалануға енгізу.
- «Караганда Энергоцентр» ЖШС №4 градирняны пайдалануға енгізу.
- «Қарағанды Жарық» ЖШС компаниясының ЭЭБЕАЖ енгізуі.

### 2012–2013 жылдар

- «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-мен «Караганда Энергоцентр» ЖШС үшін 30 млрд теңгеге ашық несие желісі шартына қол қою.
- «Караганда Энергоцентр» ЖШС ЖЭО-1 және ЖЭО-3 станцияларында қалдықтарды құрғақ қаттау үшін жаңа күл үйінділерін салу.
- «Қарағанды Жарық» ЖШС «Жарық» қосалқы станциясының (ҚС) құрылысы.
- «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС 110 кВ «Солтүстік» ҚС және «Нұрсат» ҚС құрылысын бастады.
- «Energy Center» ЖШС құру. Компанияның жарғылық қызметі жылу және электр энергиясын өндіру болып табылады. Серіктестікке 100% қатысу үлесі «ҚКЖ» ЖШС-не тиесілі.

### 2014 жыл

- 2013 жылдан бері «Караганда Энергоцентр» ЖШС ЖЭО-3 №6 турбинаны және №8 қазандықты орнату жолымен кеңейту процесі жүріп келеді.
- «Қарағанды Жарық» ЖШС «Жарық» 220/110/10 кВ ҚС және «Сантехникалық-2» 110/35/6 кВ ҚС пайдалануға енгізді.
- «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС «Солтүстік» қосалқы станциясын пайдалануға енгізді (2х40 000 кВА), 10/0,4 кВ желілерін, түрлі кернеу сыныбындағы ҚС құрылысы мен жаңғыртылуын жүргізді.
- «ОҚО-нда жел электр станциясының құрылысы» жобасының бастамасы көтерілді.
- Еншілес өткізу ұйымдарында клиенттік базаны кеңейту жүргізіліп, коммуналдық қызметтердің барлық түрлерін жеткізушілер бойынша «Бірыңғай биллингтік жүйе» енгізілді, байланыс-орталықтарын құру үшін ғимараттар сатып алынды.

### 2015 жыл

- Желтоқсан айында «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС 10/0,4 кВ ЭЭБЕАЖ енгізді, нәтижесінде 2015 жылы Түркістан қаласында 31 КТҚС және 3 740 тұтынушы байланыстырылды.
- «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС жабық типті, трансформаторларының белгіленген қуаты 2х40 МВА болатын «Нұрсат» 110/10–10 кВ ҚС жобалап, салып, пайдалануға енгізді.
- «Қарағанды Жарық» ЖШС «Жарық» 220/110/35 ҚС құрылысын аяқтап, пайдалануға енгізді.
- «Қарағанды Жарық» ЖШС «Сантехникалық-2» 110/35/10 кВ ҚС, сондай-ақ АС-300 кв. мм сым монтажымен L – 1,3 км «Сантехникалық-2 – ЖЭО-3» 110 кВ ӘЖ салып, пайдалануға берді.
- Баламалы энергетиканы дамыту арқылы Топ қызметін әртараптандыру мақсатында 2015 жылғы 15 шілдеде «Ветропарк «Жузімдік» ЖШС құрылды, оған 100% қатысу үлесі «ҚКЖ» ЖШС тиесілі.
- Қараша айында Қарағанды облысында тұтынушылардың қолайлылығы үшін «БЕО» ЖШС-мен бірлесе бірыңғай төлем құжатын (БТҚ) енгізу бойынша жоба іске асырылды, ол «бір терезе» қағидаты бойынша әзірленіп, кассалық тораптар саны арттырылды, электронды кезек жүйесі енгізілді.
- «Караганда Энергоцентр» ЖШС Қарағанды ЖЭО-3-те қуаты 110 МВт болатын жаңа энергоблокты пайдалануға енгізу бойынша монтаждық жұмыстар аяқталды. Жабдықты тораптық қабылдаумен қоса блокты толық қуатта сынамалы іске қосу іске асырылды, жаңа желдеткіш градирня жұмысқа қосылды.
- Түркістан облысының және Шымкент қаласының еншілес өткізу ұйымдарында жаңа байланыс орталықтары ашылды.

### 2016 жыл

- «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС «Маңғыстау өңірлік электротораптық компаниясы» АҚ-ның 6,54% жай акциясын сатып алды.
- «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-ның сауда жүйесінде (KASE) «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС облигацияларын орналастыру бойынша алғашқы мамандандырылған сауда-саттық өткізілді.
- Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС-нің шетелдік және ұлттық валюталардағы ұзақ мерзімді эмитент дефолты рейтингтерін «ВВ–» деңгейінде растады. Рейтингтер бойынша болжам – «Тұрақты».
- «Қазақстандағы №1 жыл таңдауы» халықаралық байқауының барысында «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС ресми түрде «Қазақстандағы 2016 жылы №1 энергетикалық компания» ретінде танылды.
- «Караганда Энергоцентр» ЖШС Қарағанды ЖЭО-3-те электр қуаты 110 МВт турбинаны және жылулық қуаты 400 Гкал/с бу қазандығын қамтитын жаңа энергоблок пайдалануға енгізілді. Осының арқасында Қарағанды ЖЭО-3 Қазақстан Республикасының ірі жылу-электр орталығына айналды
- Шымкент қаласында «Нұрсат» 110/10 кВ жабық типті электр қосалқы станциясы пайдалануға берілді.
- «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС жалпы ұзындығы ӘЖ 0,4 кВ – 220 км, ӘЖ 6–10 кВ – 7 км болатын ӨОС (өздігінен оқшаулағыш сым) қолдану арқылы ӘЖ 0,4–10 кВ әуе электр беріліс желілерін толық қайта жаңғырту жобасы әзірленіп, шығарды.
- «Қарағанды Жарық» ЖШС қайта құрылды: ТҚС, КТҚС күштік жабдығымен – 119 дана, КЖ – 52 км, КӘЖ (ӨОС) – 88 км; ЖЭЖ ОДҚ диспетчерлік пункттінің жаңа ғимараты тұрғызылды.
- «ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС 2016 жылы тұтынушылармен бірыңғай төлем құжаты (БТҚ) бойынша есептесуге өтті.

### 2017 жыл

- «ҚКЖ» ЖШС Қазақстандық қор биржасында облигацияларды сәтті орналастыру жолымен 882,4 млн теңге мөлшерінде қаржыландыру тартты.
- 2024 жылға наурызға дейін өтеу мерзімімен 7,2 млрд теңге жалпы сомаға AES Middelzee Holding B.V. 100% акциясын сатып алуға «Сбербанк» АҚ ЕБ-нде несие желісі ашылды. 6,6 млрд теңге пайдаланылды.
- Шығыс Қазақстан облысында өндіруші активтер сатып алынды: Өскемен ЖЭО және Соғра ЖЭО, жалпы орнатылған қуаты – 447,5 МВт.
- «Маңғыстау өңірлік электротораптық компаниясы» АҚ-ның (МӨЭК) орналастырылған акцияларының жалпы санынан 37,5% акция сатып алынды, ҚКЖ қоржынындағы МӨЭК акцияларының жалпы саны 43,73%-ға жетті.
- 2018 жылғы қазанда Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС-нің шетелдік және ұлттық валюталардағы эмитентінің «ВВ-» деңгейінде ұзақ мерзімді дефолт рейтингтерін растады. Рейтингтер бойынша болжам – «Тұрақты».
- Қарағанды ЖЭО-3-де №2 күл үйіндісінің 3-секциясының жалпы дамбасын өсіру жобасының 1-кезеңі орындалды.
- Өскемен ЖЭО-нда қолданыстағы күл үйіндісін қалпына келтіру жобасы орындалды, сондай-ақ күл-қож қалдықтарын қоймаға жинау үшін жаңа күл үйіндісін жобалау басталды.
- «МӨЭК» АҚ компаниясының 1х150МВА автотрансформаторының «Қаражанбас» УРПС 220/110/35/10 кВ орнатумен қоса Ақтау – Қаражанбас ЭБЖ 220 кВ құрылысы.
- Қызметті әртараптандыру шеңберінде үй инженерлік желілеріне қызмет көрсету бойынша жобасымен қызметтер нарығы кеңейтілді.
- Тұтынушылардың қызмет көрсетілетін дербес шоттарының саны 20 мыңға дерлік немесе 2016 жылмен салыстырғанда 1,8% ұлғайды.



# Мазмұны

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
Компанияның қысқаша бейіні
Еншілес компаниялардың бейіндері
Өндіру
Беру және бөлу
Өткізу
Компания дамуының қысқаша тарихы
Қызметінің географиясы
Міндет, топшылау, құндылықтар

## Қызметінің географиясы

2018 жылы Топ Қазақстанның 14 облысының 4-еуінде қызмет жүргізді – Қарағанды, Түркістан, Шығыс Қазақстан және Маңғыстау. Осы өңірлер халқының жалпы саны – 6,3 млн адам, бұл республика тұрғындарының 35%-ға жуығын құрайды.

ҚКЖ қызметтерін тұтынушылар 2018 жылдың қорытындысы бойынша 831 мыңнан астам жеке тұлға және 33 мыңнан астам заңды тұлға болды.

Қарағанды облысында Топ жылу, электр энергиясын және химиялық тазартылған суды өндіруге, сондай-ақ электр және жылу энергиясын беруге, таратуға және өткізуге шоғырланды. Түркістан облысында – тек электр энергиясын беруге, таратуға және өткізуге, Шығыс Қазақстан облысына – жылу және электр энергиясын өндіруге, Маңғыстау облысында – электр энергиясын беруге және бөлуге шоғырланды.




**ТҰТЫНУШЫЛАР**

>831 мыңнан астам жеке тұлға

>33 мыңнан астам заңды тұлға болды

Осы өңірлер халқының жалпы саны >6,3 млн адам

Орнатылған қуаты бойынша «ҚКЖ» ЖШС ірі энергетикалық компаниялардың ҮЗДІК 4-тігіне кіреді.

**2018 жылы Компания елдің 4 облысында ұсынылды.**

### Шығыс Қазақстан облысы

**15%** ШҚО барлық станцияларының шиналарынан электр энергиясын жиынтық жіберуден

**40%** жылумен жабдықтау нарығы (Өскемен ЖЭО)

### Маңғыстау облысы

**100%** электр энергиясын беру және бөлу нарығы (Ақтау қ. басқа)

### Түркістан облысы және Шымкент қ.

**66%** электр энергиясын беру нарығы

**68,4%** электр энергиясын беру нарығы

### Қарағанды облысы

**33%** электр энергиясын өндіру үлесі

**100%** жылумен қамту нарығы (Қарағанды қ.)

**38%** электр энергиясын беру бойынша қызметтер нарығы

**66%** электр энергиясын өткізу нарығы (Қарағанды қ. және серік-қалалар)

Мазмұны

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ
Компанияның қысқаша бейіні
Еншілес компаниялардың бейіндері
Өндіру
Беру және бөлу
Өткізу
Компания дамуының қысқаша тарихы
Қызметінің географиясы
Міндет, топшылау, құндылықтар

# Міндет, топшылау, құндылықтар

## Міндет

ҚКЖ тобының міндеті – өз тұтынушыларын сенімді әрі сапалы энергиямен қамтамасыз ету, қатысу өңірлерінде ұзақ мерзімді экономикалық өсуге және әлеуметтік тұрақтылыққа, олардың өркендеуіне және ілгерілеуіне жәрдемдесу. Топ сондай-ақ өз міндетін табиғи ресурстарды ақылға қонымды пайдалану кезінде қоршаған ортаны сақтау және қорғау деп те біледі. Сонымен бірге өзінің негізгі басымдығы ретінде Топ өз тұтынушыларымен бірлікті, адал әрі ашық диалогты және міндеттерді бірлесе жүзеге асыруды қояды.

## Топшылау

ҚКЖ тобы – Қазақстанның электр және жылу энергетикасының энергияны өндіру, оны беру және өткізу тәрізді негізгі секторларында көшбасшы болып, белсенді дамитын құрылым.

Топ өз құрамына түрлі энергетикалық сала кәсіпорындарын қоса, қалпына келетін энергия көздерін пайдалана және перспективалық инновациялық жобаларды қолдай отырып, активтерінің тізімі мен қатысу географиясын тұрақты кеңейтеді.

## Құндылықтар

**Сенімділік** – Компания ұсынатын қызметтердің сенімділігін және жоғары сапасын қамтамасыз ету.

**Кәсібилік, командалық рух** – Компанияның маңызды міндеттерінің бірі ретінде қызметкерлердің кәсіби деңгейлерін арттыру.

**Адами капитал** – ортақ істің табыстылығына сенім, әр қызметкердің өсуіне және дамуына жәрдемдесу, әрбір жұмыскердің қызығушылықтарын және қажеттіліктерін түсіну.

**Инновациялылық** – қолда бар тәсілдерді және технологияларды жақсарту мен оңтайландыруға үздіксіз ұмтылу, сондай-ақ жаңа өнімдер мен шешімдердің пайда болуын жан-жақты қолдау әрі ынталандыру.

«ҚКЖ» ЖШС-нің мақсаттары – Компанияның құнын арттыру, бизнестің пайдалылығын және тұрақтылығын қолдау, акционерлерді активтер құнын арттыру жолымен инвестицияланған капиталған табыспен қамтамасыз ету.

Аталған мақсаттарға жету үшін Компания шығындарды қысқартуды, операциялардың тиімділігін өсіруді, өндірілетін өнімдердің және ұсынылатын қызметтердің сапасын жақсартуды, жаңа прогрессивтік технологияларды қолдануды қоса алғанда, бизнес-үдерістерді дамыту және оңтайландыру бағытында тынымсыз жұмыс істейді.

### Компанияның мемлекет алдындағы жауапкершілігі мыналарды қамтамасыз етуден тұрады:

- Компанияның энергетикалық активтері желісінің жылу және электр энергиясына деген артып келе жатқан қажеттіліктерді қанағаттандыру қабілеті;
- ресурстық базаның жеткіліктілігі мен өнімділігі, шығындарды тиімді басқару;
- Компанияға инвестицияланған қаражатты тиімді әрі негізді пайдалану, сондай-ақ инвестициялық қызмет тәуекелдерін азайту;
- Компания жоспарларын және өңірлік даму жоспарларын өңірлердің энергиямен жабдықталуға деген перспективалық қажеттіліктерін қанағаттандыратындай етіп келісу.

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС сапалы менеджментті, еңбек қауіпсіздігін, өмірді, денсаулықты сақтауды, қоршаған ортаны қорғауды Қазақстан Республикасының жоғары технологиялы, тиімді әрі серпінді түрде дамитын компаниясының **негізгі міндетінің ажырамас бөлігі** ретінде қарастырады.

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС-нің барлық жобаларды сапалы әрі уақтылы жүзеге асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін негізгі **басымдықтары** мыналар болып табылады:

1) ҚКЖ тобының қызметкерлерін жүйелі түрде оқыту және олардың кәсіби біліктіліктерін тұрақты түрде арттыру, кадр әлеуетін жақсарту, «ҚКЖ» ЖШС адами капиталын сақтап, көбейту;
2) қойылған мақсаттарға жету үшін ҚКЖ тобының қолда бар өндірістік, қаржылық және адами ресурстарын барынша тиімді пайдалану;
3) өткізу компанияларының клиентке бағдарлануы, тұтынушылардың тұрақты кері байланысты қамтамасыз ету, сервистік қызметтерді жетілдіру;
4) Қазақстан Республикасының заңнамасын, энергетикалық саясатты регламенттейтін, ҚКЖ тобының басшылығы өз қызметінде басшылыққа алатын мемлекеттік құқықтық актілерді мүлтіксіз және қатаң сақтау;
5) жаңа электр желілерін салу, өндіруші және энергия беруші қуаттарды кеңейту, ҚКЖ тобы құрамына кіретін кәсіпорындардың өндірістік көрсеткіштерін тұрақты өсіру;
6) қолда бар энергетикалық активтерді жаңғырту, өз өндірістік объектілерінде инновациялық шешімдерді, жаңашылдық тәсілді пайдалану және энергия шығындарын оңтайландыру;
7) ҚКЖ тобына кіретін ұйымдардың операциялық қызметі барысында экологиялық теңгерімді сақтауға тұрақты бағдарланушылық, экология тұрғысынан да, еңбекті қорғау тұрғысынан да барынша ілгері, энергия тиімді әрі қауіпсіз техникалық шешімдерді жобаларды жүзеге асыру кезінде қолдану;
8) ҚКЖ тобының барлық қызметінің ашықтығы және жариялылығы, Топ өндіретін және өткізетін өнімнің жоғары әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, «ҚКЖ» ЖШС жұмысы туралы, соның ішінде БАҚ-нда баяндау арқылы тұтынушыларға, әріптестерге, қауымдастыққа қажетті ақпаратты ұсыну;
9) ҚКЖ тобының барлық жеткізушілерінің және мердігерлерінің қызметін тұрақты талдау, олармен ұзақ мерзімді, өзара тиімді қарым-қатынас орнату.

# Мазмұны

СТРАТЕГИЯ
Стратегия
Корпоративтік даму
Бизнес-модель
Тік интеграция
Бәсекелес артықшылықтар

ККС Казахстанские Коммунальные Системы



# Стратегия

# Мазмұны

СТРАТЕГИЯ
Стратегия
Корпоративтік даму
Бизнес-модель
Тік интеграция
Бәсекелес артықшылықтар

## «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС стратегиясы

ҚКЖ тобы елдің энергетикалық компанияларының тізімінде көшбасшы орындардың бірін алады. ҚКЖ стратегиялық мақсаты – **5 жылдық болашақта Қазақстанның ірі энергетикалық компанияларының үштігіне кіру.**

### «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС-нің 2019 жылға арналған KPI

| № | Негізгі тиімділік көрсеткіштері | Өлшем бірлігі | 2018 ж. үшін жоспар/іс жүзінде | 2019 ж. жоспар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | EBITDA | млн теңге | 39 452 / 35 099 | 37 908 |
| 2 | Капиталдандыру | млн теңге | 261 094 /233 060 | 251 709 |
| 3 | Электр энергиясын босатудың орташа жылдық қуаты | МВт | 611 / 737,2 | 730 |
| 4 | Электр энергиясын тасымалдау көлемі | млн кВт·с | 8 257 / 8 351 | 9 259 |
| 5 | Желілердегі шығын | % | 10,7 / 10,4 | 10 |

## Корпоративтік даму

- Топ басқарушылық инновацияларды, корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарын енгізеді.
- ҚКЖ және тұтас елдің энергетикасына халықаралық инвестициялар ағынын кеңейтуді ынталандыруға екпін жасау
- Топ қызметкерлерімен жауапты қарым-қатынас құра отырып, адами капиталды дамытуды қолдауға ұмтылады
- Компанияның оң беделін және күшті брендтін қалыптастыру
- Заңнамалық деңгейде компания мүдделерін белсенді ілгерілету



# Мазмұны

СТРАТЕГИЯ
Стратегия
Корпоративтік даму
Бизнес-модель
Тік интеграция
Бәсекелес артықшылықтар

## Бизнес-модель

### Біздің ресурстар
*(2019 жылғы 1 қаңтарға)*

**Өндірістік қуаттар**
Топтың электр және жылу өндіретін көздердің, сондай-ақ электр беріліс желілерінің, жылу орталықтары мен қосалқы станциялардың жиынтығынан тұратын мықты өндірістік базасы бар.

**Капитал**
Компания тиісті өтімділікті қамтамасыз етіп және өзіне жүктеген қаржылық міндеттемелерді тұрақты орындап, акционерлердің капиталын және тартылған қарыздық қаражаттандыруды тиімді пайдалануға ұмтылады, бұл несиелік рейтингтермен расталады (Fitch Ratings агенттігінен «BB-»).

**ӨНДІРУ**

КӨЗДЕРДІҢ БЕЛГІЛЕНГЕН ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ қуаты 1 074,5 МВт, қолда бары 864,3 МВт

КӨЗДЕРДІҢ БЕЛГІЛЕНГЕН ЖЫЛУЛЫҚ қуаты 2 770,7 Гкал/с, қолда бары 2 194,5 Гкал/с

ЖЕКЕ КАПИТАЛ 130 620 млн теңге

ШЫҒАРЫЛҒАН ОБЛИГАЦИЯЛАР 857 млн теңге

ҚАРЫЗДАР БОЙЫНША НЕГІЗГІ БОРЫШ 106 470 млн теңге

**БЕРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

ӘУЕ ЖЕЛІЛЕРІНІҢ ҰЗЫНДЫҒЫ 0,4-220 кВ 33 185 км

КАБЕЛЬ ЖЕЛІЛЕРІНІҢ ҰЗЫНДЫҒЫ 0,4-110 кВ 3 377 км

418 ҚОСАЛҚЫ СТАНЦИЯЛАР

**Кадр құрамы**
Компанияның негізгі қызметі – өз ісіне берілген және оның құндылықтарын бөлісетін кәсіби қызметкерлер.

ТОП ПЕРСОНАЛЫНЫҢ САНЫ 8 575 адам

### Біз немен айналысамыз?

ҚКЖ тобының кәсіпорындары электр және жылу энергиясын өндіруден бастап оны ақырғы тұтынушыға жеткізуге дейінгі өндірістік тізбекті қалыптастырады. 2018 жылы Компания елдің төрт өңірінде қызметін жүргізді. Еншілес ұйымдардың барлық құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара әрекеттесуі қамтамасыз етіледі.

**Жылу және электр энергиясын өндіру**
Топтың жылу және электр энергиясының негізін 3 жылу орталығы құрайды. ЖЭО-1 және ЖЭО-3 Қарағанды қаласында жылу энергиясын жалғыз орталықтандырылған жеткізуші, сондай-ақ электр энергиясын ірі жеткізуші болып табылатын «Караганда Энергоцентр» ЖШС еншілес ұйымына кіреді. Өскемен ЖЭО «Шығыс Energo» ЖШС еншілес компаниясы болып табылады. Өскемен ЖЭО өндірген электр және жылу энергиясы қаланың тұрғын үй-коммуналдық секторының 80% жүктемесін жабады. Топ қуаттары аталған қатысу өңірлерінің энергетикалық шаруашылығында маңызды рөл атқарады.

**Электр энергиясын беру және бөлу**
Топтың электр желілері қосалқы станциялардың, тарату құрылғыларының және 0,4 кВ–220 кВ кернеудегі электр беріліс желілерінің жиынтығын білдіреді. Үш еншілес электр топраптық компания Қарағанды, Түркістан және Маңғыстау облыстарының қалалық, өнеркәсіптік және ауылшаруашылық тұтынушыларын электрмен жабдықтауды қамтамасыз етеді.

**Өткізу**
Топтың электр өткізуші кәсіпорындары жеке тұлғалар, сондай-ақ ірі өнеркәсіптік компаниялар болып келетін тұтынушылармен өзара әрекеттесу бойынша тікелей жұмыс жүргізеді. Топтың электр өткізуші компаниялары Қарағанды және Түркістан облыстарында жұмыс істейді.

**Инвестициялық қызмет**
Топ өндірістік қуаттарды жаңғырту бойынша, жабдықтың үнемділік және сенімділік көрсеткіштерін айтарлықтай жақсартуға бағытталған бірқатар ірі ауқымды іс-шараларды жүзеге асырады. Инвестициялық бағдарламаны орындау нормативтік техникалық шығындарды азайтып, қамтылатын өңірлерді энергиямен жабдықтау сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

2010–2018 ЖЫЛДАРЫ КҮРДЕЛІ САЛЫМДАР >200 млрд астам теңгені құрады

БЕЛГІЛЕНГЕН ҚУАТТЫ ПАЙДАЛАНУ КОЭФФИЦИЕНТІ 0,48%-дан 0,76%-ға дейін өсті

### Құндылықтарды құру
*(2018 жылдың қорытындылары)*

**Тұтынушылар**
Топтың 4 қатысу өңірінде Топ қызметтерін тұтынушылар 831 мыңнан астам жеке тұлға және 33 мыңнан астам заңды тұлға болып табылады.
Электр энергиясын өндіру **6 377 млн кВт·с** құрады.
Жылу энергиясын өндіру **5 868 мың Гкал** құрады.

**Персонал**
Компания отандық жұмыс беруші мәртебесін қолдайды, оларды тиісті материалдық және материалдық емес сыйақымен қамтамасыз ете, оқыту мен құзыреттіліктерін дамыту жүргізе отырып, ең үздік еңбек жағдайын құруға ұмтылады.
**11 652 464 мың теңге** – еңбекке ақы төлеу шығындары.
**59 904 мың теңге** – қызметкерлерді әлеуметтік қолдау шығындары.
**5 369 адам** оқу бағдарламасынан өтті.

**Құрылтайшылар және кредиторлар**
Тиімді корпоративтік басқару жүйесі және тәуекел-менеджменті құрылтайшылар мен кредиторлардың мүдделерінің және Топ дамуының тепе-теңдігін сақтауға бағытталған.
**128 512 мың теңге** – шығарылған облигациялар бойынша төленген пайыздар.
**7 003 472 мың теңге** – қарыздар бойынша төленген пайыздар.

**Мемлекеттік органдар және қатысу өңірлері**
Компания қатысу өңірлерінде ірі жұмыс беруші және салық төлеуші болып келеді, сондай-ақ инфрақұрылымның дамуын қамтамасыз етіп, жергілікті қоғамдастықтарды қолдайды.

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША САЛЫҚТАРДЫ ТӨЛЕУ 10 708 690* мың теңгені құрады
*корпоративтік табыс салығын шегергенде

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ШЫҒЫНДАРЫ 28 486 мың теңгені құрады

ТОПТЫҢ БІР ЖЫЛ ІШІНДЕГІ КҮРДЕЛІ САЛЫМДАРЫ 20,4 млрд теңгені құрады

Мазмұны

СТРАТЕГИЯ
Стратегия
Корпоративтік даму
Бизнес-модель
Тік интеграция
Бәсекелес артықшылықтар

## Тік интеграция

Топ 2018 жылдың соңына құрамына 10 энергетикалық компания кіретін тігінен интеграцияланған компания түрінде келеді.

Топ ішінде келесі сегменттер ерекшеленеді:

**Өндіру:**
- «Караганда Энергоцентр» ЖШС
  – Қарағанды ЖЭО-1
  – Қарағанды ЖЭО-3
- «Шығыс Energo» ЖШС
  «Өскемен ЖЭО» ЖШС
- «Ветропарк «Жүзімдік» ЖШС

**Беру және бөлу:**
- «Қарағанды Жарық» ЖШС
- «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС
- «Маңғыстау өңірлік электроторaптық компаниясы» АҚ

**Өткізу:**
- «ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС
- «Расчетный сервисный центр» ЖШС
- «Оңтүстік Жарық» ЖШС
- «Энергопоток» ЖШС.

2018 жыл қорытындысы бойынша ҚКЖ Қазақстан халқының 35%-ы өмір сүретін қатысу өңірлерінде электрмен және жылумен қамтамасыз ету қызметтерін көрсетеді.

**Кірістер құрылымы, 2018 ж., %**




ТОП КОМПАНИЯЛАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САНЫ 2018 ЖЫЛЫ

**8,6**

мың адамды құрады





## Бәсекелес артықшылықтар

- Стратегиялық маңыздылығы – 2018 жылдың нәтижелері бойынша Топ және оның еншілес ұйымдары **6,3 млн адам тұратын өңірлерді электр және жылумен жасақтау қызметтерімен қамтыды.**
- **Тік интеграция, ауқымдылық және әртараптандыру** артықшылықтары Топтың 2018 жылдың соңында 831 мыңнан астам жеке және 33 мыңнан астам заңды тұлғаларды құраған өз клиенттеріне сапалы қызметтерді ұсынуда барынша тиімді қызметке жетуіне жәрдемдеседі. Қамту өңірлерінде ҚКЖ басым позицияға ие.
- Электр энергияны **сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарттарын** жасасу мүмкіндігі дамудың ұзақ мерзімді жоспарлары бар ірі өнеркәсіптік тұтынушыларды тартуға мүмкіндік береді.
- Топ бағалы қағаздардың қазақстандық нарығында берілген нақты сектор компанияларының арасында қарыз міндеттемелерінің **ең тартымды эмитенттерінің бірі** ретінде көрсетті.
- Шетелдік валютада қарыз жүктемесінің болмауы, сәйкесінше, **икемді баға саясатын** қамсыздандыру мүмкіндігінің болуы.
- Топ **қаржыландыру көздерін табысты әртараптандырады.**



# Мазмұны

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП
Сыртқы ортаға шолу
Макроэкономикалық шолу
Саланы шолу
Қуат нарығының схемасы
Саланың болашағы
Бизнесті жүргізу шарттары
Операциялық қызметтің нәтижелері
Қуаттар
Өндіру
Беру және тарату
Инвестициялық жобалар
Қызметтің қаржылық нәтижелері
Кірістер мен шығындар талдауы
Баланс талдауы
Негізгі коэффициенттер талдауы
2019 жылға жоспарлар

ККС Казахстанские Коммунальные Системы



# Стратегиялық есеп

# Мазмұны

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП
Сыртқы ортаға шолу
Макроэкономикалық шолу
Саланы шолу
Қуат нарығының схемасы
Саланың болашағы
Бизнесті жүргізу шарттары
Операциялық қызметтің нәтижелері
Қуаттар
Өндіру
Беру және тарату
Инвестициялық жобалар
Қызметтің қаржылық нәтижелері
Кірістер мен шығындар талдауы
Баланс талдауы
Негізгі коэффициенттер талдауы
2019 жылға жоспарлар

# Сыртқы ортаға шолу

## Макроэкономикалық шолу

Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің көлемі 2018 жылы 59 613,7 млрд теңгені құрап, 2017 жылға қарағанда 4,1%-ға өсті (ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің алдын ала деректері бойынша).

ҚР Ұлттық банкінде атап өткендей, 2018 жылы ЖІӨ өсімі экономиканың барлық секторларында оң қарқынмен қамтамасыз етілді. Экономиканың өсуіне кен өндіру өнеркәсібіне (өндіріс көлемінің өсуі 4,6%-ға), өңдеу өнеркәсібіне (4,0%-ға), көтерме және бөлшек саудаға (7,6%-ға), көлік және қоймалауға (4,6%-ға), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға (2,7%-ға) үлкен үлес қосылды.

ЖІӨ өсуі, бір жағынан, шикізаттың әлемдік нарықтарындағы баға конъюнктурасының жақсаруымен, екінші жағынан – экономиканы қолдау жөніндегі мемлекет қабылдайтын шаралармен қамтамасыз етілді.

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша, өнеркәсіптік өндіріс көлемінің артуы республиканың 14 өңірінде тіркелген, төмендеу Қызылорда, Батыс Қазақстан және Түркістан облыстарында байқалды. Қарағанды облысында тас көмір, мыс кендері мен концентраттарын өндіру артты, тазартылған алтын мен оқшауланған сым өндірісі өсті (өнеркәсіп индексі – 100,2%). Түркістан облысында уран кенін өндіруді азайту және табиғи уран өндірісін азайту есебінен өнеркәсіптік өндіріс индексі 97,3%-ды құрады. Шығыс Қазақстан облысында мыс кендері мен концентраттарын өндіру өсті, күнбағыс майы, тазартылған алтын, тазартылған мыс және жеңіл автомобильдер өндірісі ұлғайды (109,3%). Маңғыстау облысында шикі мұнай өндіру көлемінің ұлғаюы есебінен өнеркәсіп өндірісінің индексі 100,4%-ды құрады.

2018 жылдың қорытындысы бойынша жылдық инфляция 5,3%-ды құрады деп хабарлады ҚР Ұлттық банкінде. Жылдық инфляцияға негізгі үлес азық-түліктік емес тауарларға тиесілі, олар бір жыл ішінде 6,4%-ға қымбаттады. Азық-түлік тауарлары мен қызметтерге бағалар бір жылда тиісінше 5,1% және 4,5%-ға өсті.

Ұлттық банктің болжамдары бойынша, 2019 жылы жылдық инфляция 4-6% жаңа нысаналы дәліз ішінде сақталып, бірте-бірте бәсеңдейтін болады.

**ЖІӨ СЕРПІНІ**




Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

**ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША ӨНЕРКӘСІПТІК ИНДЕКСТЕРДІҢ ӨЗГЕРУІ,** 2017 жылға 2018 жылы %-бен




Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

## Саланы шолу

«KEGOC» АҚ жүйелік операторының деректеріне сәйкес, 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан электр станцияларының жалпы белгіленген қуаты 21 902 МВт-ты құрайды – бұл 2018 жылғы 1 қаңтарға қарағанда 220 МВт-ға артық, ол ірі энергетикалық компаниялардың жаңа қуаттарды пайдалануға беру салдары болып табылады. Қолда бар қуат 18 895 МВт-ты құрап, 103,5 МВт-қа өсті. Белгіленген қуаттың 70%-ы Қазақстан ЕЭО Солтүстік аймағының электр станцияларына, 15% – ЕЭО Батыс аймағының, 16%-ы ЕЭО Оңтүстік аймағының электр станцияларына тиесілі.

2018 жылы Қазақстанда электр энергиясын өндіру 106 797,8 млн кВт·с құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,3%-ға артық.

Қазақстандық энергетикалық сектордың өндірістік қуаттарының негізі болып табылатын жылу электр станциялары өндірісінің өсуі 2018 жылы 5,3%-ды құрады. ГТ-ЭС-те өндірістің айтарлықтай өсуі байқалады – 8,9%. Бұл ретте ГЭС өндірудің 7,3% төмендегенін көрсетті. Жаңартылатын энергия көздерін, атап айтқанда, жел және күн электр станцияларын пайдаланатын өндіріс объектілерінде электр энергиясы өндірісінің өсуі 2018 жылы 27%-ға өсті. Қазақстанда баламалы энергия көздерін дамытуға бағыт алынды, алайда олар генерацияның жалпы құрылымында әлі де болса, аз үлес алады.

«ҚКЖ» ЖШС 2018 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның электр энергиясын жалпы өндіруде шамамен 6%-ды алды.

«KEGOC» АҚ жүйелік операторының деректері бойынша, Қазақстанда электр энергиясын тұтыну өсімі 2018 жылы 5%-ды құрап, 103,2 млрд кВт·с жетті. Өсім ЕЭО барлық аймақтарында байқалды. ЕЭО Солтүстік аймағында тұтыну 5%-ға, Батыс аймақта – 8%-ға, ал Оңтүстік аймақта – 7%-ға өсті. Барлық ірі өнеркәсіптік тұтынушылар бойынша тұтынудың өсуі байқалды.

Бүгінгі күні Қазақстан ЕЭО электр энергиясының тапшылығын бастан кешірмейді және қолда бар қуат резерві орта мерзімді перспективада өсіп келе жатқан тұтынуды жабатын болады. Қазақстан 2018 жылы 3,6 млрд кВт·с деңгейінде ағын сальдосымен электр энергиясын таза экспорттаушы болып табылады.

**ТҰТЫНУШЫЛЫҚ БАҒАЛАР ИНДЕКСІ**
%




Дереккөз: ҚР Ұлттық банкі

**ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ ӨНДІРІСІНІҢ СЕРПІНІ**
млрд кВт·с




Дереккөз: KEGOC

**2018 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДА ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ**
**106 798**
млн кВт·с құрады

# Мазмұны

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП
Сыртқы ортаға шолу
Макроэкономикалық шолу
Саланы шолу
Қуат нарығының схемасы
Саланың болашағы
Бизнесті жүргізу шарттары
Операциялық қызметтің нәтижелері
Қуаттар
Өндіру
Беру және тарату
Инвестициялық жобалар
Қызметтің қаржылық нәтижелері
Кірістер мен шығындар талдауы
Баланс талдауы
Негізгі коэффициенттер талдауы
2019 жылға жоспарлар

## ҚУАТ НАРЫҒЫНЫҢ СХЕМАСЫ



# Мазмұны

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП
Сыртқы ортаға шолу
Макроэкономикалық шолу
Саланы шолу
Қуат нарығының схемасы
Саланың болашағы
Бизнесті жүргізу шарттары
Операциялық қызметтің нәтижелері
Қуаттар
Өндіру
Беру және тарату
Инвестициялық жобалар
Қызметтің қаржылық нәтижелері
Кірістер мен шығындар талдауы
Баланс талдауы
Негізгі коэффициенттер талдауы
2019 жылға жоспарлар

## Саланың болашағы

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қуат нарығын енгізу жалпы республиканың барлық саласына оң әсер етті. Бұл енді қуат нарығы шеңберінде энергия өндіруші ұйымдардың «қуат» бойынша ұзақ мерзімді офтейк-келісімшарттар жасасуға және тиісінше, тұтынушылар үшін электр энергиясының түпкілікті бағасын елеулі ұлғайтпай, сол немесе тіпті үлкен көлемде инвестициялар тартуға мүмкіндігі бар.

Қуат нарығы салаға ақша ағыны үшін жағдай жасап қана қоймай, сонымен қатар қуат нарығының барлық қатысушыларын «тәртіпке келтіреді»: қуат нарығында кіріс алғысы келетін станциялар жөндеу, жаңғырту немесе қайта жаңарту жұмыстарын уақытында жүргізе отырып, өз қуаттарын үнемі дайындықта ұстауға міндетті. Бұл қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада барлық энергожүйе жұмысының сенімділігіне оң әсер етеді.

Қуат нарығындағы көрсетілген мүмкіндіктер компанияның бизнесін инвестициялық тұрғыдан тартымды етеді. Бұл заңды, себебі «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 50 және 52-қадамы шеңберінде энергетика саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында 2015 жылы республиканың электр энергиясы нарығына реформалар жүргізілді.

ҚКЖ осы нарықта бірыңғай сатып алушымен 2023 жылға дейін бір офтейк-келісімшарт жасасты, бұл 2009–2015 жылдары инвестициялық бағдарламаны іске асыруға тартылған қарыздарды қайтару кепілдігін артыруға мүмкіндік берді, сондай-ақ, 2020 жылы өз активтерін жаңғыртуға тағы бірнеше осындай ұзақ мерзімді келісімшарттар жасауды жоспарлап отыр.

**ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНІҢ ТИПТЕРІ БОЙЫНША ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ҚҰРЫЛЫМЫ,** млрд кВт·м




Дереккөз: KEGOC

**Ірі энергия өндіруші ұйымдардың генерация көлемі,** млн кВт·с

| № | Атауы | 2018 ж. | ҚР үлесі, % |
|---|---|---|---|
| 1 | «Самұрық-Энерго» АҚ | 31 703,10 | 30 |
| 2 | ERG | 19 119,00 | 18 |
| 3 | ОАЭК | 7 025,70 | 7 |
| 4 | «Қазақмыс Энерджи» ЖШС | 6 437,00 | 6 |
| 5 | «ҚКЖ» ЖШС | 6 376,80 | 6 |
| 6 | Мұнай-газ кәсіпорындары | 5 285,80 | 5 |
| 7 | «Қазмырыш» ЖШС | 3 271,60 | 3 |
| 8 | «АрселлорМиттал» АҚ | 2 396,90 | 2 |
| 9 | «Жамбыл ГРЭС» АҚ | 1 792,40 | 2 |
| | **ҚР бойынша жиыны** | **106 797,80** | **100** |

Қуат нарығы салаға ақша ағыны үшін жағдай жасап қана қоймай, сонымен қатар қуат нарығының барлық қатысушыларын «тәртіпке келтіреді»: қуат нарығында кіріс алғысы келетін станциялар жөндеу, жаңғырту немесе қайта жаңарту жұмыстарын уақытында жүргізе отырып, өз қуаттарын үнемі дайындықта ұстауға міндетті. Бұл қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада барлық энергожүйе жұмысының сенімділігіне оң әсер етеді.

## Бизнесті жүргізу шарттары

Электр энергиясын беру және өткізу тарифтерін Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитет (ТМРБТҚҚК) реттейді. Сатылатын өнімге арналған тарифтердің деңгейі Компания үшін бизнесті жүргізудің маңызды сыртқы шарты болып табылады.

Тұтынушылар үшін электр энергиясына түпкілікті бағаның жыл сайынғы өсуіне қарамастан, Қазақстан Республикасының ТКШ саласындағы, оның ішінде электр энергиясы мен жылу энергиясына тарифтер ТМД, Еуропа және Америка елдерімен салыстырғанда ең төмен болып қалуда. Осылайша, Қазақстанда электр энергиясының құны 2018 жылы Өзбекстан мен Украинада тәрізді кВт·с үшін 0,03 АҚШ центін құрады, бұл ретте Беларусьте – 0,06 АҚШ центі, Ресейде – 0,07 АҚШ центі, Англияда – 0,17 АҚШ центі, Францияда – 0,19 АҚШ центі, Германияда – 0,35 АҚШ центі. Қазақстанда жылумен жабдықтау құны Гкал үшін 6,53 АҚШ центін құрайды, бұл ретте Беларусьте – 8,23 АҚШ центін, Өзбекстанда – 9,73 АҚШ центін, Қырғызстанда – 11,35 АҚШ центін, Ресейде – 22,56 АҚШ центін, Украинада – 39,69 АҚШ центін, Англияда – 71,25 АҚШ центін, Германияда – 83,3 АҚШ центін, Францияда – 90,6 АҚШ центін құрайды.

Мемлекеттің табиғи монополия субъектілерін экономикалық негізделген тарифпен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемесі заңды түрде бекітілді. 2018 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған «Табиғи монополиялар туралы» ҚР жаңа заңына сәйкес табиғи монополия субъектілері үшін тариф реттелетін қызметті ұсыну жөніндегі шығындарды өтеуді және табиғи монополия субъектісінің дамуына және тиімді жұмыс істеуіне бағытталатын пайда алуды қамтамасыз ететіндей етіп белгіленуі тиіс.

**ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ СЕРПІНІ**
млрд кВт·с




Дереккөз: KEGOC

**ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ ҚҰРЫЛЫМЫ**
млрд кВт·с




Дереккөз: KEGOC



# Мазмұны

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП
Сыртқы ортаға шолу
Макроэкономикалық шолу
Саланы шолу
Қуат нарығының схемасы
Саланың болашағы
Бизнесті жүргізу шарттары
Операциялық қызметтің нәтижелері
Қуаттар
Өндіру
Беру және тарату
Инвестициялық жобалар
Қызметтің қаржылық нәтижелері
Кірістер мен шығындар талдауы
Баланс талдауы
Негізгі коэффициенттер талдауы
2019 жылға жоспарлар

## Еншілес ұйымдардың тарифтері

«Караганда Энергоцентр» ЖШС (КЭЦ) электр және жылу энергиясына тарифтері 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ. Жылу энергиясына тариф 2019 жылға дейін бекітілген, ал электр энергиясына тариф 2019 жылы электр қуаты нарығын енгізуге байланысты өзгерді. 2019 жылға электр энергиясына шекті тариф 5,88 теңге/кВт·с деңгейінде бекітілді, ал қуаттылыққа – қуатты орталықтандырылған сауда-саттығы шеңберінде өткізілген электр энергиясының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің бағасы айына 419 мың теңге/МВт құрады, технологиялық минимум айына 590 мың теңге/МВт бірыңғай шекті баға бойынша іске асырылатын болады. Сондай-ақ КЭЦ уәкілетті органмен айына 5 223 мың теңге/МВт тариф бойынша 90,1 МВт-қа жеке келісім жасады.

«Өскемен ЖЭО» ЖШС (Өскемен ЖЭО) электр энергиясына тарифтері 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ. Электр энергиясының тарифтері компания үшін 2018 жылға дейін қоса алғанда белгіленген, алайда 2019 жылдан бастап электр қуаты нарығы жұмысының басталуына байланысты өз шамасын өзгертті. Электр энергиясына шекті тариф 5,69 теңге/кВт·с құрады. Қуаттың орталықтандырылған сауда-саттығы шеңберінде өткізілген электр энергиясының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің бағасы айына 515 мың теңге/МВт құрады, технологиялық минимум айына 590 мың теңге/МВт бірыңғай шекті баға бойынша іске асырылатын болады.

2017 жылмен салыстырғанда Өскемен ЖЭО жылу энергиясына тариф 2018 жылы 4,4%-ға өсті. Жылу энергиясына тарифтер компания үшін 2020 жылға белгіленген. Жылу энергиясына тарифтер компания үшін 2020 жылға белгіленген. 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысының бұйрығына сәйкес жылу энергиясын өндіру тарифі 2 648-ден 2 603 теңге/Гкал-ға дейін төмендетілді.

2018 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДА ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ

**103,2**

млрд кВт·с

### КЭЦ ЖЫЛУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНА ТАРИФТЕРІ




### ӨСКЕМЕН ЖЭО ЖЫЛУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНА ТАРИФТЕРІ




### КЖ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ ТАРИФІ,

кВт·с үшін теңге




### ОЖТ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ ТАРИФІ,

кВт·с үшін теңге




### МӨЭК ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ ТАРИФІ

кВт·с үшін теңге




### ҚЖС ЭЛЕКТР ЖӘНЕ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫНА ТАРИФІ




### РСЦ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНА ТАРИФІ

кВт·с үшін теңге




### ЭП ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНА ТАРИФІ

кВт·с үшін теңге




«Қарағанды Жарық» ЖШС (ҚЖ) электр энергиясын беру және тарату бойынша қызметтері үшін 5 жылға орташа тариф 5,35 теңге/кВт·с деңгейінде бекітілді, алайда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының бұйрығына сәйкес 2019 жылғы қаңтардан бастап тарифті 5,31 теңге/кВт·с дейін төмендету бекітілді.

«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС (ОЖТ) электр энергиясын беру тарифі 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 4,4%-ға өсті. Тарифтер 2022 жылға қарай компания үшін белгіленген, жеті жылдың қорытындысы бойынша өсім 122%-ды құрайды.

«Маңғыстау өңірлік электротораптық компаниясы» ЖШС (МӨЭК) электр энергиясын беру және тарату бойынша қызметтердің орташа босату тарифі 2018 жылы 4,63 теңге/кВт·с. Бұл ретте 2017 жылға қарағанда өсім 4,3%-ды құрады. Бес жылдың қорытындысы бойынша тарифтің өсуі 110%-ды құрайды.

«ҚарағандыЖылуСбыт» (ҚЖС) ЖШС босатылатын электр энергиясының тарифі 2018 жылы 2017 жылға қарағанда 0,6%-ға өсті. 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚЖС энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдар тарифтерінің шекті деңгейінің төмендеуіне байланысты электр энергиясын өткізуге тарифті 14,27-тен 13,56 теңге/кВт·с-қа дейін төмендетуге берді.

2018 жылы босатылатын жылу энергиясының тарифі 2017 жылмен салыстырғанда 4,8%-ға өсті. 2019 жылы тарифтің төмендеуі жылу энергиясын өндіру мен беруге арналған тарифтің төмендеуіне байланысты.

«Расчетный сервисный центр» ЖШС (РСЦ) босататын электр энергиясының тарифі 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 1,8%-ға өсті. 2019 жылы елеусіз төмендеу энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясына және электр желілік кәсіпорындардың беру қызметіне босату бағасының төмендеуіне байланысты.

Есеп беру кезеңінде «Оңтүстік Жарық» ЖШС және «Энергопоток» ЖШС бірлестігі орын алғандықтан, 2018 жылы «Энергопоток» ЖШС іс жүзінде әрекет етті, сондықтан осы ұйым тарифтерінің серпіні қарастырылуда.

«Энергопоток» ЖШС (ЭП) босатылатын электр энергиясының тарифі 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 7,3%-ға өсті. 2019 жылы тарифтің төмендеуі электр станцияларынан электр энергиясы құнының және желілер арқылы электр энергиясын беру құнының төмендеуіне байланысты.

# Мазмұны

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП
Сыртқы ортаға шолу
Макроэкономикалық шолу
Саланы шолу
Қуат нарығының схемасы
Саланың болашағы
Бизнесті жүргізу шарттары
Операциялық қызметтің нәтижелері
Қуаттар
Өндіру
Беру және тарату
Инвестициялық жобалар
Қызметтің қаржылық нәтижелері
Кірістер мен шығындар талдауы
Баланс талдауы
Негізгі коэффициенттер талдауы
2019 жылға жоспарлар

## Операциялық қызметтің нәтижелері

### Қуаттар

Топтың өндірістік қуаты 2018 жылы электр және жылу өндіретін көздердің, сондай-ақ энергия беруші желілердің және жылу орталықтары мен қосалқы станциялардың жиынтығын білдіреді.

**Өндіру:**
- көздердің белгіленген электр қуаты – 1074,5 МВт, қолда бары – 900 МВт;
- көздердің белгіленген жылу қуаты – 2770,7 Гкал/с, қолда бары – 2 360,4 Гкал/с.

**Беру және тарату:**
- 0,4–220 кВ әуе желілерінің ұзындығы – 33 185 км;
- 0,4–110 кВ кабель желілерінің ұзындығы – 2 377 км;
- қосалқы станциялар саны – 418 ед.

**ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРІ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ**
млн кВт·с




**ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ**
мың Гкал




### Өндіру

Электр энергиясын өндіру көлемі 2018 жылы 6 377 млн кВт·с құрады. 2017 жылмен салыстырғанда Қарағанды ЖЭО-3 және Өскемен ЖЭО өндіру көлемінің артуы орын алды. Топ станцияларының электр энергиясын өндіруінің жиынтық көлемі Соғра ЖЭО сату есебінен 2017 жылдың деңгейінен төмен. Станциялардың электр энергиясын өткізуі 5 533 млн кВт·с құрады, бұл да Соғра ЖЭО сату есебінен өткен жылғы көрсеткіштерден төмен.

Жылу энергиясын өндіру 2018 жылы 5 868 мың Гкал құрады. Жылу энергиясын өндірудің жиынтық көрсеткіші Соғра ЖЭО сату нәтижесінде төмендеді. Топ станцияларының жылу энергиясын өткізуі 5 734 мың Гкал құрады.

Жылу және электр энергиясын босатуға шартты отынның меншікті шығыны 2017 жыл деңгейінде қалды. Бұған қоса, 2018 жылы 1-дәрежелі істен шығу мен апат болған жоқ, ал 2-дәрежелі істен шығулар саны 2017 жыл деңгейінде болды.

«Караганда Энергоцентр» ЖШС бойынша электр энергиясын жеткізуге 40 шарт жасалды.




### 2018 жылғы ірі клиенттер

**«Караганда Энергоцентр» ЖШС**

| № | Тұтынушының атауы және орналасқан жері | Электр энергиясын өткізу көлемі | | Электр энергиясын өткізудің жалпы көлеміндегі үлесі, % |
|---|---|---|---|---|
| | | мың кВт•с | мың тг | |
| 1 | «ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС | 1 094 511 | 8 208 834 | 27,22 |
| 2 | «Қарағанды Энергосбыт» ЖШС | 888 180 | 6 661 353 | 22,09 |
| 3 | «Қарағанды Жарық» ЖШС | 309 495 | 2 321 214 | 7,7 |
| 4 | «Энергопоток» ЖШС | 288 255 | 2 161 910 | 7,17 |
| 5 | «Расчетный сервисный центр» ЖШС | 221 028 | 1 657 709 | 5,5 |
| 6 | «Қарағанды Су» ЖШС | 75 932 | 569 492 | 1,89 |
| 7 | «Теплотранзит Караганда» ЖШС | 65 301 | 489 755 | 1,62 |
| 8 | «Энергосна621» ЖШС | 64 912 | 486 837 | 1,61 |
| 9 | «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС | 63 039 | 472 795 | 1,57 |
| 10 | «Энергоуголь21» ЖШС | 58 693 | 440 192 | 1,46 |
| 11 | «Энергосистема КТ» ЖШС | 41 773 | 313 297 | 1,04 |
| 12 | «Югэнергоимпульс» ЖШС | 29 474 | 221 056 | 0,73 |
| 13 | «Компания Эрго» ЖШС | 28 189 | 211 415 | 0,7 |
| 14 | «Казсбытгрупп» ЖШС | 19 598 | 146 983 | 0,49 |
| 15 | «Гарант Энерго» ЖШС | 11 317 | 84 878 | 0,28 |
| 16 | «Горкомхоз» КМК | 9 898 | 74 238 | 0,25 |
| | Орталықтандырылған сауда-саттық | 374 846 | 2 730 593 | 9,32 |
| | Өзге | 376 242 | 2 821 818 | 9,36 |
| | **Барлығы** | **4 020 683** | **30 074 369** | **100** |

«Караганда Энергоцентр» ЖШС бойынша электр энергиясын жеткізуге 40 шарт жасалды.

Электр энергиясын өндіру көлемі 2018 жылы 6 377 млн кВт·с құрады. 2017 жылмен салыстырғанда Қарағанды ЖЭО-3 және Өскемен ЖЭО өндіру көлемінің артуы орын алды. Топ станцияларының электр энергиясын өндіруінің жиынтық көлемі Соғра ЖЭО сату есебінен 2017 жылдың деңгейінен төмен. Станциялардың электр энергиясын өткізуі 5 533 млн кВт·с құрады, бұл да Соғра ЖЭО сату есебінен өткен жылғы көрсеткіштерден төмен.

# Мазмұны

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП
Сыртқы ортаға шолу
Макроэкономикалық шолу
Саланы шолу
Қуат нарығының схемасы
Саланың болашағы
Бизнесті жүргізу шарттары
Операциялық қызметтің нәтижелері
Қуаттар
Өндіру
Беру және тарату
Инвестициялық жобалар
Қызметтің қаржылық нәтижелері
Кірістер мен шығындар талдауы
Баланс талдауы
Негізгі коэффициенттер талдауы
2019 жылға жоспарлар

### «Өскемен ЖЭО» ЖШС

| № | Тұтынушының атауы және орналасқан жері | Электр энергиясын өткізу көлемі | | Электр энергиясын өткізудің жалпы көлеміндегі үлесі, % |
|---|---|---|---|---|
| | | мың кВт•с | мың тг | |
| 1 | «AB Energo» (АБ Энерго) ЖШС | 247 815 | 1 858 613 | 16,39 |
| 2 | «Шығысэнерготрейд» ЖШС | 186 535 | 1 399 012 | 12,34 |
| 3 | «Энергопоток» ЖШС | 159 230 | 1 194 225 | 10,53 |
| 4 | «ВК РЭК» АҚ | 151 031 | 1 132 735 | 9,99 |
| 5 | «Семейэнерготрейд» ЖШС | 128 846 | 966 344 | 8,52 |
| 6 | «Караганда Энергосбыт» ЖШС | 121 706 | 912 796 | 8,05 |
| 7 | «Энергосервис» ЖШС | 86 989 | 652 421 | 5,75 |
| 8 | «Энергоснаб21» ЖШС | 52 421 | 393 155 | 3,47 |
| 9 | «Шиелі Жарығы» ЖШС | 47 955 | 359 661 | 3,17 |
| 10 | «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС | 37 778 | 283 337 | 2,5 |
| 11 | «Энергопромтехно» ЖШС | 34 427 | 258 205 | 2,28 |
| 12 | «Дәулетэнерго» ЖШС | 34 264 | 256 981 | 2,27 |
| 13 | «СТЭМ» ЖШС | 30 874 | 231 552 | 2,04 |
| 14 | «Югэнергоимпульс» ЖШС | 19 809 | 148 569 | 1,31 |
| 15 | «Востокэнерготрейд» ЖШС | 19 507 | 146 301 | 1,29 |
| 16 | «Алтынэнергосервис» ЖШС | 15 509 | 116 318 | 1,03 |
| 17 | «Казсбытгрупп» ЖШС | 15 008 | 112 557 | 0,99 |
| | Өзге | 122 404 | 918 030 | 8,09 |
| | **Барлығы** | **1 512 108** | **11 340 812** | **100** |

«Өскемен ЖЭО» ЖШС бойынша электр энергиясын жеткізуге барлығы 47 шарт жасалды.

## Беру және тарату

2018 жылдың қорытындысы бойынша «Маңғыстау өңірлік электротораптық компаниясы» АҚ технологиялық бұзулар санын 2017 жылмен салыстырғанда 7 бірлікке төмендетті, жалпы трансформаторлық қуат артып, 2018 жылдың соңында 2 231,5 МВА құрады. негізгі құралдардың жалпы тозуы 67,6%-ға дейін азайды, нормативтік шығындар 5%-ға төмендеді. Сонымен бірге бір жылда бірде-бір жазатайым оқиға тіркелген жоқ.

Жөндеу және инвестициялық бағдарламаларды уақтылы әрі сапалы іске асыру арасында 2018 жылы «Қарағанды Жарық» ЖШС бойынша трансформаторлық қуаттың өсімі 16 000 кВА құрады, негізгі құралдардың тозу пайызы 2017 жылғы 71,1%-дан 2018 жылы 70,5%-ға дейін азайды, ал нормативтік шығындар 2017 жылмен салыстырғанда 5,7%-ға қысқарды.

2018 жылдың қорытындысы бойынша «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-нде технологиялық бұзылулар санының 13 жағдайда азаюы орын алды, жиынтық трансформаторлық қуат 2018 жылғы 31 желтоқсанда 3 657 МВА құрады. Негізгі құралдардың тозу пайызы 1,8%-ға қысқарды.

### 2018 жылы электр энергиясын беру көлемі

| Атауы | 2018 | |
|---|---|---|
| | мың кВт•с | мың теңге |
| «Қарағанды Жарық» ЖШС | 3 121 416 | 16 699 576 |
| «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС | 2 627 136 | 17 327 851 |
| «Маңғыстау өңірлік электротораптық компаниясы» АҚ | 2 602 191 | 11 899 943 |

## 2018 жылғы ірі шығындар

### «Қарағанды Жарық» ЖШС

2018 жылы ірі клиенттер және электр энергиясын беру көлемі:

| Клиент атауы | Өткізу көлемі, мың кВт•с |
|---|---|
| «ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС | 3 121 416 |
| «АрселорМиттал Теміртау» АҚ | 2 627 136 |
| «AB Energo» ЖШС | 3 121 416 |
| «Расчетный сервисный центр» ЖШС | 2 627 136 |
| «Қарағанды ЭнергоСбыт» ЖШС | 3 121 416 |
| «ТЭМК» АҚ | 2 627 136 |
| «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС филиалы «Карагандацветмет» ӨБ | 3 121 416 |
| «Теплотранзит Караганда» ЖШС | 2 627 136 |
| «Энергоуголь XXI» ЖШС | 3 121 416 |
| «Қарағанды Су» ЖШС | 2 627 136 |
| «Сәтпаев ат. канал» филиалы | 3 121 416 |
| Өзге тұтынушылар | 234 752 |

### «Маңғыстау өңірлік электротораптық компаниясы» АҚ

2018 жылы ірі клиенттер және электр энергиясын беру көлемі:

| Клиент атауы | Өткізу көлемі, мың кВт•с |
|---|---|
| «Өзенмұнайгаз» АҚ | 774 667 |
| «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ | 279 129 |
| «Қаражанбасмұнай» АҚ | 254 910 |
| «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС | 235 989 |
| «Buzachi Operating Ltd» (Бузачи Оперейтинг Лтд) компаниясының филиалы | 140 795 |
| «Қаракұдықмұнай» ЖШС | 125 618 |
| «ҚазТрансОйл» АҚ БФ | 64 032 |
| «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» АҚ | 4 759 |
| Өзге тұтынушылар | 151 190 |
| «Маңғыстау Жарық» ЖШС, заңды тұлғалар | 182 168 |
| «Маңғыстау Жарық» ЖШС, тұрғындар | 60 312 |
| Электр энергиясын беру және бөлу бойынша қызметтер көрсететін МКК, «Электржүйелері» ЖШС | 328 621 |

### «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС

2018 жылы ірі клиенттер және электр энергиясын беру көлемі:

| Клиент атауы | Өткізу көлемі, мың кВт•с |
|---|---|
| «Энергопоток» ЖШС | 2 191 814 |
| «Югэнергоимпульс» ЖШС | 128 988 |
| «Гарант Энерго» ЖШС | 122 349 |
| «ЭнергоСнаб XXI» ЖШС | 94 637 |
| «Казсбытгрупп» ЖШС | 51 942 |
| «ҚуатЖылу Орталық-3» МКК | 31 751 |
| «3-Энергоорталық» АҚ | 4 167 |
| «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ | 957 |
| «KEGOC» ААҚ ФШМЭС | 412 |
| «Шар ГЭС» АҚ | 78 |
| «Южполиметалл» ӨК АҚ | 40 |

**3 657** МВА

2018 ЖЫЛЫ «ОҢТҮСТІК ЖАРЫҚ ТРАНЗИТ» ЖШС-НІҢ ЖИЫНТЫҚ ТРАНСФОРМАТОРЛЫҚ ҚУАТЫ

# Мазмұны

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП
Сыртқы ортаға шолу
Макроэкономикалық шолу
Саланы шолу
Қуат нарығының схемасы
Саланың болашағы
Бизнесті жүргізу шарттары
Операциялық қызметтің нәтижелері
Қуаттар
Өндіру
Беру және тарату
Инвестициялық жобалар
Қызметтің қаржылық нәтижелері
Кірістер мен шығындар талдауы
Баланс талдауы
Негізгі коэффициенттер талдауы
2019 жылға жоспарлар

## Инвестициялық жобалар

2010 жылдан бастап 2018 жылға дейін Топ 200 млрд теңгеден артық инвестициялады, бұл жабдықтың үнемділік және сенімділік көрсеткіштерінің айтарлықтай жақсаруына алып келді. Осы кезең ішінде белгіленген қуаттарды пайдалану коэффициенті 0,48%-дан 0,76%-ға дейін өсті (бұл республика бойынша орташа коэффициенттен айтарлықтай басым).

2018 жылы «Қараганда Энергоцентр» ЖШС-нің инвестициялық салымдар көлемі 3 млрд теңгені құрады. «Қараганда Энергоцентр» ЖШС өз қуаттарын жаңғыртуды және қайта құруды жалғастыруда. 2018 жылы ст. № 3, 5 құбыр агрегаттарында тозған тораптар мен механизмдерді ауыстырумен күрделі жөндеу жүргізілді. Бұған қоса, № 2 күл үйіндісінің 3-секциясының дамбасын көтеру бойынша жобаның екінші кезеңі іске асырылды.

«Өскемен ЖЭО» ЖШС инвестициялық салымдарының көлемі 2 млрд теңгені құрады. Өскемен ЖЭО-нда өнімділікті 32 000 м³/с-қа дейін арттырумен градирняны кеңейту жобасын жүзеге асыру жалғасуда. № 15 қазандық агрегатын қайта құру орындалды. Қолданыстағы күл үйіндісін қайта құру жобасы басталды, сондай-ақ күл-қож қалдықтарын қоймалауға арналған жаңа күл үйіндісін жобалау жұмысы орындалды.

«Маңғыстау өңірлік электртораптық компаниясы» АҚ инвестициялық салымдарының көлемі 2018 жылы 6,3 млрд теңгені құрады. Инвестициялық бағдарламаны іске асыру шеңберінде мына ірі іс-шаралар жүзеге асырылды:

- 1х150МВА автотрансформаторының «Қаражанбас» УРПС 220/110/35/10 кВ орнатумен қоса Ақтау-Қаражанбас ЭБЖ 220 кВ құрылысы;
- 1х40МВА трансформаторын ауыстырумен қоса «Өзен» ҚС 220 кВ бастап «Плато» ҚС 110/35/6 кВ дейін (ұзақтығы 1х18,7 км) ЭБЖ 110 кВ құрылысы.
- «Промзона» ҚС 110/6–6 кВ ЖБҚ 6 кВ жаңғырту (қайта құру).
- «Өзен» ҚС 220/110/10 110 к АБҚ жаңғырту (қайта құру).

«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС 2018 жылы инвестициялық салымдарының көлемі 6,3 млрд теңгені құрады. Инвестициялық бағдарламаны орындау шеңберінде келесі іс-шаралар жүзеге асырылды:

- Қызыл-Су, Артель, К. Маркс елдімекендерінде, Шымкент қаласында және Қазығұрт ауданының Ақбастау (Шарбұлақ) ауылында 0,4–10 кВ желілерінің құрылысы;
- 100 км жуық ӘЖ 110 кВ және 17 км ӘЖ 35 кВ қалпына келтіру. Сонымен бірге ақаулы әрі тозған ағаш тіреулерді темірбетон тіреулерге ауыстыру бойынша жұмыстар орындалды;
- бірқатар ҚС 35–110 кВ және КТҚС, ТҚС, БП 10/0,4 кВ (161 дана) қалпына келтіру;
- ЭБЖ 0,4–10 кВ (ӨОС) – 63,62 км, СКТҚС 10/0,4 кВ пайдалануға беру – 25 дана.

«Қарағанды Жарық» ЖШС инвестициялық салымдарының көлемі 2018 жылы 5,6 млрд теңгені құрады. Инвестициялық бағдарламаны орындау шеңберінде келесі іс-шаралар жүзеге асырылды:

- күш трансформаторларын ауыстырумен қоса ТҚС (КТҚС) қалпына келтіру – 138 дана. Бос жүріс шығынының 160 834 кВт·с азаюы;
- 29 қосалқы станцияда 6(10)–35–110 кВ жабдығын техникалық жаңғырту және 209 км ӘЖ 35–110 кВ күрделі жөндеу. Жалпы физикалық тозудың 0,6% төмендеуі.

Осы іс-шараларды жүзеге асыру нормативтік техникалық шығындарды азайтуға, сондай-ақ қамтылатын өңірлерді электрмен жабдықтау сенімділігін жоғарылатуға мүмкіндік берді.



## Қызметтің қаржылық нәтижелері

### Кірістер мен шығындар талдауы

| Кірістер туралы есептің негізгі деректері, млн теңге | 2018 | 2017* | 2016 |
|---|---|---|---|
| **Түсім** | **128 639,0** | **97 337,0** | **82 476,9** |
| Өзіндік құн | –91 928,6 | –66 087,7 | –51 452,4 |
| **Жалпы пайда** | **36 710,4** | **31 249,4** | **31 024,4** |
| Әкімшілік шығындар | –8 537,2 | –6 388,7 | –5 870,1 |
| Өткізу шығындары | –2 664,9 | –2 148,1 | –1 965,0 |
| Қаржылық шығындар | –8 631,7 | –4 812,5 | –2 102,5 |
| Қаржылық шығындар | 3 687,7 | 652,8 | 355,2 |
| Бағам айырмасынан шығын | –3 316,6 | –30,3 | –103,7 |
| Өзге кірістер | 676,7 | 18 941,4 | 146,1 |
| **Салық салғанға дейінгі пайда** | **17 924,4** | **37 463,9** | **21 484,5** |
| Табыс салығы бойынша шығындар | –4 324,8 | –3 973,1 | –4 402,3 |
| **Таза пайда** | **13 599,6** | **33 490,8** | **17 082,3** |

*қайта есептелген көрсеткіштер

2018 жылы Компания түсімі 2017 жылдың деңгейіне 32% өсіп, 128,6 млрд теңгені құрады. Компания кірістерінің 67%-дан астамы келетін электр энергиясын сатудан кірістердің өсімі 2018 жылы 23%-ды құрады – көрсеткіш 86,6 млрд теңгеден асып түсті. Сонымен бірге электр энергиясын беруден кіріс екі есе дерлік ұлғайып, жыл қорытындысы бойынша 24,4 млрд теңгеге жетті. Электр энергиясын беруден түсімнің артуы, негізінен, «МӨЭК» АҚ-ның еншілес кәсіпорын ретінде қосылуымен байланысты. Электр энергиясын беруден «МӨЭК» АҚ түсімі 2018 жылы 11,9 млрд теңгені құрады. Жылу энергиясын сатудан кіріс 2018 жылы 25%, 16,98 млрд теңгеге дейін өсті.

Өзіндік құн 2018 жылы операциялық қызметті өсіру нәтижесінде, сондай-ақ Топ құрылымындағы өзгерістердің салдарынан 39%-ға өсті. Атап айтқанда, материалдарға шығындар (өзіндік құн құрылымында 44%) 59%-ға, 40,6 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Электр энергиясын, жылу энергиясын және химиялық тазартылған суды беру бойынша қызметтерге шығындар (16,9%) 21%-ға, 15,6 млрд теңгеге дейін өсті.

Сонымен бірге жалпай пайда 2018 жылдың қорытындысы бойынша 36,7 млрд теңгені құрады, бұл 2017 жылдың көрсеткішінен 17% немесе 5,5 млрд теңгеге жоғары.

2017 жылы еншілес кәсіпорындарды сәтті сатып алудан кіріс есептеліп, 18,6 млрд теңгені құрады, бұл қаржылық нәтижеге айтарлықтай әсер етті. 2018 жылы осы кірістің болмауы салдарынан таза пайда төмендеуді көрсетіп, жыл қорытындысы бойынша 13,6 млрд теңгені құрап, қалыпты мәнге қайта оралды.

КІРІС, ӨЗІНДІК ҚҰН ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ПАЙДА СЕРПІНІ
млрд теңге



# Мазмұны

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП
Сыртқы ортаға шолу
Макроэкономикалық шолу
Саланы шолу
Қуат нарығының схемасы
Саланың болашағы
Бизнесті жүргізу шарттары
Операциялық қызметтің нәтижелері
Қуаттар
Өндіру
Беру және тарату
Инвестициялық жобалар
Қызметтің қаржылық нәтижелері
Кірістер мен шығындар талдауы
Баланс талдауы
Негізгі коэффициенттер талдауы
2019 жылға жоспарлар

**Кірістер құрылымы, 2017 ж.**




Электр энергиясын сату
Электр энергиясын беру
Жылу энергиясын сату
Өзге

**Кірістер құрылымы, 2018 ж.**




Электр энергиясын сату
Электр энергиясын беру
Жылу энергиясын сату
Өзге

**Өзіндік құн құрылымы, 2017 ж.**




Материалдар
Электр энергиясын, жылу энергиясын, химиялық тазартылған суды беру бойынша қызметтер
Тозу
Жалақы және байланысқан салықтар
Технологиялық шығындар
Жөндеу
Өзге

**Өзіндік құн құрылымы, 2018 ж.**




Материалдар
Электр энергиясын, жылу энергиясын, химиялық тазартылған суды беру бойынша қызметтер
Тозу
Жалақы және байланысқан салықтар
Технологиялық шығындар
Жөндеу
Өзге

**АКТИВТЕР МЕН ПАССИВТЕР СЕРПІНІ**
млрд теңге




## Баланс талдауы

| Баланстың негізгі деректері, млн теңге | 2018 | 2017* | 2016 |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | **299 815,2** | **235 307,8** | **155 396,2** |
| *Ұзақ мерзімді активтер* | 276 553,2 | 207 853,3 | 133 467,6 |
| Негізгі қаражаттар | 215 004,1 | 203 751,9 | 131 353,2 |
| Байланысқан тараптарға берілген қарыздар | 58 511,3 | – | – |
| Берілген ұзақ мерзімді аванстар | 1 905,7 | 3 152,1 | 1 187,0 |
| Өзге | 1 132,0 | 949,3 | 927,4 |
| *Ағымдағы активтер* | 23 262,0 | 27 454,6 | 21 928,6 |
| Тауар-материалдық қорлар | 4 194,2 | 3 786,1 | 2 437,9 |
| Сауда-дебиторлық берешек | 10 082,6 | 9 958,2 | 7 690,4 |
| Ақша қаражаттары және олардың баламалары | 5 458,6 | 6 444,5 | 2 358,9 |
| Өзге | 3 526,5 | 7 265,7 | 9 441,4 |
| **Міндеттемелер** | **158 247,7** | **106 203,1** | **66 646,0** |
| *Ұзақ мерзімді міндеттемелер* | 125 833,0 | 74 162,3 | 43 604,5 |
| Банк қарыздары | 92 414,6 | 41 918,8 | 25 107,9 |
| Шегерілген салық міндеттемелері | 30 361,3 | 28 913,8 | 18 384,5 |
| Өзге | 3 057,2 | 3 329,7 | 112,0 |
| *Ағымдағы міндеттемелер* | 32 414,7 | 32 040,8 | 23 041,6 |
| Сауда кредиторлық берешек | 8 492,9 | 4 911,8 | 4 817,4 |
| Қарыздар және облигациялар | 14 055,7 | 15 854,0 | 11 949,6 |
| Өзге | 9 866,0 | 11 275,0 | 6 274,6 |
| **Капитал** | **141 567,5** | **129 104,8** | **88 750,2** |
| Жарғылық капитал | 11 636,4 | 11 636,4 | 11 636,4 |
| Қосымша төленген капитал | 9 239,1 | 9 239,1 | 9 239,1 |
| Бағамдық айырма резерві | 265,2 | – | – |
| Бөлінбеген пайда | 109 479,6 | 96 714,4 | 67 874,6 |
| Бақыланбайтын үлес | 10 947,2 | 11 514,8 | – |

*қайта есептелген көрсеткіштер

Активтер Міндеттемелер Капитал

Топ активтері 2018 жылы 27%-ға немесе 64,5 млрд теңгеге өсті. Өсім, ең алдымен, ұзақ мерзімді активтер көлемінің 33%-ға, 276,6 млрд, теңгеге дейін ұлғаюмен қамтамасыз етілді (баланс құрылымында 92%), сонымен бірге ағымдағы активтер 15%-ға, 23,3 млрд теңгеге дейін қысқарды (8%). Ұзақ мерзімді активтердің өсімі негізгі қаражаттың 6%-ға немесе 11,3 млрд теңгеге ұлғаюымен, сондай-ақ байланысқан тараптарға берілген қарыздармен байланысты, соңғысының сомасы жыл соңында 58,8 млрд теңгені құрады. 2018 жылы негізгі қажараттың түсімі, негізінен, электр энергиясын өндіру, беру және бөлу бойынша жабдықты жаңғыртумен және қалпына келтірумен көрсетілген.

Топтың міндеттемелері 2018 жылы 49%-ға немесе 52 млрд теңгеге өсті. Ең алдымен, өсім ұзақ мерзімді банк қарыздарының 50,5 млрд теңгеге ұлғаюымен байланысты – жыл соңында олардың көлемі 92,4 млрд теңгеге жетті. Міндеттемелер баланс құрылымында 53%-ды құрайды. Сонымен бірге міндеттемелердің құрылымында 80%-ды ұзақ мерзімді міндеттемелер құрайды.

Капитал 2018 жылдың қорытындысы бойынша 10%-ға немесе 12,5 млрд теңгеге өсті. Өсім бөлінбеген пайданың 13%-ға немесе 12,8 млрд теңгеге ұлғаюымен шартталды.

# Мазмұны

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП
Сыртқы ортаға шолу
Макроэкономикалық шолу
Саланы шолу
Қуат нарығының схемасы
Саланың болашағы
Бизнесті жүргізу шарттары
Операциялық қызметтің нәтижелері
Қуаттар
Өндіру
Беру және тарату
Инвестициялық жобалар
Қызметтің қаржылық нәтижелері
Кірістер мен шығындар талдауы
Баланс талдауы
Негізгі коэффициенттер талдауы
2019 жылға жоспарлар

## Негізгі коэффициенттер талдауы

| Қызметтің негізгі көрсеткіштері * | 2018 | 2017 | 2016 |
|---|---|---|---|
| **Өтімділік коэффициенттері** | | | |
| Ағымдағы өтімділік коэффициенті (current ratio) | 0,64 | 0,65 | 0,57 |
| Жылдам өтімділік коэффициенті (quick ratio) | 0,51 | 0,54 | 0,47 |
| **Пайдалылық коэффициенттері** | | | |
| Таза пайда нормасы, % | 10,6 | 34,4 | 20,7 |
| Жалпы пайда нормасы, % | 28,5 | 32,1 | 37,6 |
| Активтердің негізгі пайдалылық коэффициенті (Basic earning power) | 7,6% | 17,7% | 15,0% |
| Активтердің табыстылығы (ROA) | 4,5% | 14,2% | 11,0% |
| Жеке капиталдың табыстылығы (ROE) | 9,6% | 25,9% | 19,2% |
| EBITDA, млрд теңгемен | 35,10 | 52,09 | 30,38 |
| EBITDA маржасы | 27,3% | 53,5% | 36,8% |
| **Капитал құрылымының коэффициенттері** | | | |
| Жеке капиталдың жеткіліктілік коэффициенті | 47,2% | 54,9% | 57,1% |
| Қаржылық левеaccording коэффициенті | 65,3% | 32,5% | 28,3% |
| **Тиімділік коэффициенттері** | | | |
| Қорлар айналымының коэффициенті (inventory turnover ratio) | 23,04 | 21,24 | 20,11 |
| Дебиторлық берешек айналымының мерзімі (күндермен) | 28,43 | 33,09 | 32,48 |
| Негізгі қаражат айналымының коэффициенті | 0,60 | 0,48 | 0,63 |
| Активтер айналымының коэффициенті | 0,43 | 0,41 | 0,53 |
| Пайызды жабу коэффициенті | 2,65 | 8,65 | 11,05 |
| Тартылған капиталдың табыстылығы (ROCE) | 8,55% | 20,53% | 17,55% |

*Негізгі көрсеткіштерді есептеу:

- Ағымдағы өтімділік коэффициенті айналым активтерінің (корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлемді және өзге ағымдағы активтерді ескермей) қысқа мерзімді міндеттемелерге қатынасы ретінде есептеледі.
- Жылдам өтімділік коэффициенті өтімді активтерді (корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлемді және өзге ағымдағы активтерді ескермей) қысқа мерзімді міндеттемелерге бөлу арқылы есептеледі.
- Активтердің негізгі пайдалылық коэффициенті = EBIT / активтер.
- Активтердің табыстылығы = таза пайда / активтер.
- Жеке капиталдың табыстылығы = таза пайда / жеке капитал.
- Жеке капиталдың жеткіліктілік коэффициенті = капитал / активтер.
- Қаржылық левередж коэффициенті = ұзақ мерзімді міндеттемелер / жеке капитал.
- Пайыздарды өтеу коэффициенті = EBIT / төленуі тиіс пайыздар.
- Тартылған капиталдың табыстылығы = EBIT / (жеке капитал + ұзақ мерзімді міндеттемелер).

Компания өтімділіктің жоғары деңгейін қолдауды жалғастыруда. Ағымдағы өтімділік коэффициенті 2018 жылы өзгеріссіз қалып, 0,64 құрады, жылдам өтімділік коэффициенті – 0,51.

Компания сондай-ақ жалпы пайданың жоғары серпінін қолдайды. Жалпы пайда нормасы 2018 жылы 28,5%-ды құрады. EBITDA көрсеткіші жеткілікті жоғары деңгейде сақталды – 2018 жылдың қорытындысы бойынша 35,1 млрд теңге. Сонымен бірге EBITDA маржасы 27,3%-ды құрады.

Сонымен бірге 2017 жылдың бірреттік жоғары мәндерімен салыстырғанда таза пайданың төмендеуі таза пайда нормасы көрсеткішінің азаюына алып келді – 2018 жылдың қорытындысы бойынша 10,6%. Бұған қоса, баланстың негізгі көрсеткіштерінің басып озушы өсімі табыстылық көрсеткіштерінің төмендеуіне алып келді, дегенмен ол қолайлы деңгейде сақталуда.

Компания баланстың тұрақты құрылымын сақтайды. Баланс құрылымындағы капитал үлесі 2018 жылдың қорытындысы бойынша 47,2%-ды құрайды. Қаржылық левередж коэффициенті 2018 жылы банк қарыздарының өсуі нәтижесінде 65,3%-ға дейін өсті.

Операциялық тиімділіктің жеткілікті жоғары деңгейіне қолдау көрсетіледі. Негізгі қаражат айналымының коэффициенті 2018 жылы 0,6 құрады, активтер айналымы – 0,43.

## 2019 жылға жоспарлар

1. Эмитенттің шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді дефолт рейтингісін қолдау және жаңарту бойынша шараларды өткізу.
2. Компанияның ұзақ мерзімді даму стратегиясын жүзеге асыру үшін халықаралық стратегиялық серіктестерді тарту жөніндегі жұмыс.
3. Компанияның мүдделерін заңнамалық деңгейде белсенді жылжыту. Компания үшін қажетті заңнамаға барлық түзетулерді бейінді қауымдастықтардың (Атамекен, ҚЭҚ, KAZENERGY) және жобалардың уәкілетті органдарының қарастыруына ұсыну.
4. Қарағанды ЖЭО-1 станциясында 2 қазан агрегатына және № 5 ст. турбоагрегаттарына күрделі жөндеу жүргізілетін болады. Қалған жабдықтарға ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалады.
5. Қарағанды ЖЭО-3 станциясында жоспарланған істер:
   - № 3, 5 ст. қазан агрегаттарына қызып кететін беттерді алмастыру арқылы күрделі жөндеу жасау;
   - Конденсатордың құбырлық түйінін ауыстырумен № 4 ст. турбоагрегаттарына күрделі жөндеу жасау;
   - барлық қазан және турбоагрегаттарын ағымдағы жөндеуден өткізу;
   - № 2 кұл үйіндісінің 3-секциясын ұлғайтудың 3-кезеңін орындау.
6. Өскемен ЖЭО станциясында жоспарланған істер:
   - № 15 ст. қазан агрегатының бүйірлік панельдік экрандарын ауыстыру;
   - № 13 ст. қазан агрегатына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу;
   - № 6, 9 ст. турбоагрегаттарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу;
   - барлық қазан және турбоагрегаттарын ағымдағы жөндеуден өткізу;
   - желдеткішті суытқыш мұнараның өнімділігін арттыру;
   - № 3 кул үйіндісін қайту құрудың 2-кезеңін орындау;
   - № 5 кул үйіндісі құрылысының 1-кезеңін орындау.
7. «Қарағанды Жарық» ЖШС-де келесі шаралар жоспарланған:
   - «Сарань» ҚС 220/110/35/10 кВ АБҚ 220кВ қалпына келтіру;
   - «ТЭО-3 – Қарағанды» ӘЖ 110 кВ жобалау және қалпына келтіру;
   - «Қарағанды – Жаңа Қала» ӘЖ 110 кВ жобалау және қалпына келтіру;
   - «Тихоновка» ҚС 110/10 кВ салу;
   - ӘЖ 220, 110 кВ күрделі жөндеу;
   - бірқатар қосалқы құрылыстарды салу.
8. «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-де келесі шаралар жоспарланған:
   - Яссы 10–0,4 кВ, ҚС 110 кВ желілерін салу;
   - ӘЖ 110 кВ, ӘЖ 35 кВ ӘЖ 0,4–6–10 кВ, соның ішінде ӨОС қоданып ӘЖ 0,4 кВ қалпына келтіру;
   - 6–10–0,4 кВ кабельді желілерін қалпына келтіру;
   - ҚС 110 кВ қалпына келтіру;
   - БП, ТҚС, КТҚС 10–6/0,4 кВ қалпына келтіру.
9. «Маңғыстау өңірлік электротораптық компаниясы» АҚ келесі шараларды жоспарлауда:
   - ЭБЖ 220, 110, 10 кВ салу;
   - 220/110/10 кВ ҚС-нда 110 кВ АБҚ жабдығын жаңғырту;
   - 10 кВ, 6 кВ ЖБҚ жаңғырту;
   - 35/6 кВ, 35/10 кВ ҚС жаңғырту;
   - жоғары деңгейлі АСКУЭ жүйесін енгізу;
   - 110/6 кВ, 110/10/6 кВ, 110/35/6 кВ, 35/10 кВ ҚС-нда SCADA жүйесін енгізу.

# Мазмұны

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
Корпоративтік басқару қағидаттары
Менеджмент құрылымы
Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі
Бақылау кеңесі
Бақылау кеңесінің құрамы
Бақылау кеңесі жанындағы комитеттер
Атқарушы орган
Бас директор, оның орынбасарлары
Сыйақы туралы ақпарат
Ішкі аудит бөлімі
Корпоративтік әдеп

ККС Казахстанские Коммунальные Системы



# Корпоративтік басқару

# Мазмұны

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
Корпоративтік басқару қағидаттары
Менеджмент құрылымы
Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі
Бақылау кеңесі
Бақылау кеңесінің құрамы
Бақылау кеңесі жанындағы комитеттер
Атқарушы орган
Бас директор, оның орынбасарлары
Сыйақы туралы ақпарат
Ішкі аудит бөлімі
Корпоративтік әдеп

## Корпоративтік басқару қағидалары

Топ корпоративтік басқаруды дамытуды бәсекеге қабілеттілікті арттырудың және Топтың экономикалық тиімділігіне қол жеткізудің маңызды факторы ретінде қарастырады.

Топ үшін корпоративтік басқарудың маңызды қағидалары:

- басқару шешімдерін қабылдауға, қабылданған шешімдер үшін жауапкершілікке және корпоративтік қатынастар қатысушыларының мүдделеріне әсер ету арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету;
- зерделі және білікті басқарудың және тиісті бақылаудың стандарттарын орнату;
- Топтың өндірістік құрылымын оңтайландыру және капиталды барынша тиімді қолдану;
- Топтың қаржы-шаруашылық қызметінің айқындығын және есептілік көрсеткіштерінің дұрыстығын қамтамасыз ету;
- инвесторлардың сенімін арттыру, инвестициялық климатты жақсарту және инвестициялардың көлемдерін арттыру, құрылымын және сапасын жақсарту.




## Менеджмент құрылымы

Топтың корпоративтік басқармасының құрылымы қамтамасыз етуі тиіс:

- қатысушылардың құқықтарын қорғау;
- мүдделі тұлғалардың заңмен қарастырылған құқықтарын мойындау;
- Компанияға қатысты барлық елеулі мәселелер бойынша ақпаратты уақтылы және нақты ашу;
- Бақылау кеңесінің тарапынан атқарушы органды, сонымен қатар оның қатысушыларының ҚКЖ-не есеп беруге міндеттілігін тиімді бақылау.

Компания құрылымы үш блокқа бөлінеді: Қатысушылардың жалпы жиналысы, Бақылау кеңесі, атқарушы орган.

Қатысушылардың жалпы жиналысы – ҚКЖ жоғарғы органы, Компания қызметінің маңызды мәселелері бойынша шешімдерді шығарады: жарғыны, жарғы капиталын, фирмалық атауды өзгерту, атқарушы органды құру, оның уәкілеттілігінің мерзімінен бұрын тоқтату, Бақылау кеңесін сайлау немесе оның қызметін тоқтату, қаржылық есептілігін, Компанияның/Топтың мүлкін кепілге беру және тағы басқа.

## Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі



# Мазмұны

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
Корпоративтік басқару қағидаттары
Менеджмент құрылымы
Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі
Бақылау кеңесі
Бақылау кеңесінің құрамы
Бақылау кеңесі жанындағы комитеттер
Атқарушы орган
Бас директор, оның орынбасарлары
Сыйақы туралы ақпарат
Ішкі аудит бөлімі
Корпоративтік әдеп

## Бақылау кеңесі

Компанияның Бақылау кеңесі Компания қызметіне жалпы басшылықты, Компанияның атқарушы органының қызметіне бақылау, қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асырады. Бақылау кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- қызметтің басым бағыттарын анықтау және даму стратегиясын, Компанияның орташа мерзімдік даму жоспарын бекіту, сонымен қатар Компанияның стратегияларын, жоспарларын және бюджеттерін жүзеге асыруға мониторинг жүргізу;
- Жалпы құны Топқа тиесілі барлық негізгі қаражаттың теңгерімдік құнының қосындысынан 25 және одан көп пайызды құрайтын Компанияның мүлкіті алу және/немесе одан айыру бойынша жасалатын бір немесе бірнеше дәйекті мәмілелер туралы шешім қабылдау;
- Компанияның белгілі бір қаржы және өндірістік құжаттарын, қаржы және өндірістік/техникалық нормалар мен нормативтерді бекіту формасында Компанияның өндірістік және қаржы саясатын анықтау;
- сыртқы аудитордың сапасына және тәуелсіздігіне бақылау жүргізу;
- сыртқы аудитордың қызметтері төлемінің мөлшерін анықтау;
- Компанияның ішкі ережелерімен қарастырылған басқа мәселелер.

Бақылау кеңесінің мақсаты: Компанияның атқарушы органының қызметіне бақылау жасау, соның ішінде Компанияның мүдделерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету және қатысушылардың құқықтарын қорғау, Компания қызметінің қағидалары мен ережелерін орнату, сонымен қатар Компанияның қатысушылар және басқа тұлғалар алдындағы міндеттемелерін сақтауды және түсінуді қамтамасыз ету. 2018 жылы Бақылау кеңесі 2 рет шақыртылды. Бақылау кеңесі басты назарға алған негізгі мәселелер:

- 2017 жыл үшін Компанияның аудиттелген қаржылық есептілігін және ҚКЖ Тобы бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- «ҚКЖ» ЖШС қаржы-шаруашылық қызметінің 2018 жылдың бірінші тоқсаны үшін нақты нәтижелер бойынша есебін қарастыру және бекіту.

## Бақылау кеңесінің құрамы



**Идрисов Динмухамет Аппазович**
Бақылау кеңесінің Төрағасы.

*1964 жылы 29 желтоқсанда туған.*

- 2014 жылғы 6 ақпаннан бастап бүгінгі күнге дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Бақылау кеңесінің Төрағасы.
- 2010 жылғы 1 сәуірден бастап бүгінгі күнге дейін – «Ordabasy Group» ЖШС Бақылау кеңесінің Төрағасы.



**Канафин Аскар Ахилбекович**
Бақылау кеңесінің мүшесі, Стратегиялық комитет мүшесі.

*1972 жылы 27 қарашада туған.*

- 2014 жылғы 6 ақпаннан бастап бүгінгі күнге дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі.
- 2013 жылғы 1 қарашадан бастап бүгінгі күнге дейін – «Ordabasy Group» ЖШС Басқармасының Төрағасы.
- 2006 жылғы қыркүйектен бастап 2012 жылғы қаңтарға дейін – «Resmi» компаниялар тобы» АҚ Бас директоры.
- 2005 жылғы 1 тамыздан бастап 2012 жылғы 31 тамызға дейін – «Innova Investment» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі.
- 2004 жылғы 3 мамырдан бастап 2012 жылғы 31 тамызға дейін – «Resmi» Инвестициялық Қаржы Үйі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.



**Салимова Асия Молдабаевна**
Бақылау кеңесінің мүшесі, Аудит бойынша комитеттің төрағасы.

*1970 жылы 13 қазанда туған.*

- 2014 жылғы 6 ақпаннан бастап бүгінгі күнге дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі.
- 2013 жылғы 20 қарашадан бастап бүгінгі күнге дейін – Басқарма төрағасының орынбасары – «Ordabasy Group» ЖШС комплаенс-директоры.
- 2006 жылғы 1 қарашадан бастап 2013 жылғы 1 ақпанға дейін – «Қазфарм» ЖШС қаржы директоры.



**Аханов Султан Айтпекович**
Бақылау кеңесінің мүшесі.

*1984 жылы 31 қаңтарда туған.*

- 2017 жылғы желтоқсаннан бастап бүгінгі күнге дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС қаржы мәселелері бойынша Бас директордың орынбасары.
- 2015 жылғы қыркүйектен бастап 2017 жылғы желтоқсанға дейін – «Ordabasy Group» ЖШС басқарушы директоры.
- 2011 жылғы маусымнан бастап 2015 жылғы қыркүйекке дейін – «Kazsphere» компаниялар тобының негізін салушы, Бас директоры.
- 2010 жылғы қыркүйектен бастап 2011 жылғы маусымға дейін – Қазақстан-Малайзия сауда палатасының Бас директоры.

# Мазмұны

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
Корпоративтік басқару қағидаттары
Менеджмент құрылымы
Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі
Бақылау кеңесі
Бақылау кеңесінің құрамы
Бақылау кеңесі жанындағы комитеттер
Атқарушы орган
Бас директор, оның орынбасарлары
Сыйақы туралы ақпарат
Ішкі аудит бөлімі
Корпоративтік әдеп

## Бақылау кеңесі жанындағы комитеттер

2018 жылғы 31 желтоқсан бойынша «ҚКЖ» ЖШС Бақылау кеңесі жанында үш комитет қызмет жасайды (2014 жылғы 6 ақпанда құрылған):

1) Аудит комитеті;
2) Қаржы және инвестициялар комитеті;
3) Стратегия комитеті;
4) Тағайындау және сыйақылар комитеті (құрылмаған).

2018 жылы «ҚКЖ» ЖШС Бақылау кеңесінің комитеттері 5 рет жиналды. Бақылау кеңесі басты назар аударған негізгі мәселелер:

- «ҚКЖ» ЖШС тексерілген қаржылық есептілігі және 2017 жылғы «ҚКЖ» ЖШС компанияларының тобы бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілігін қарастыру;
- 2018 жылдың баламалы кезеңі үшін жоспармен және 2017 жылдың тиісінше кезеңіндегі нақты деректермен салыстыра отырып, 2018 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша Компанияның қаржы-шаруашылық қызметінің нақты нәтижелерін қарастыру;
- Компанияның 2018 жыл үшін негізгі тиімділік көрсеткіштерін қарастыру.

**Аудит комитеті** Топтың қаржылық есептілігін дайындау процесіне талдау, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігіне талдау, сонымен қатар сыртқы және ішкі аудиторлың тиімділігі мен тәуелсіздігіне талдау жасайды. Сонымен қатар оның жауапкершілігіне – Топтың ҚР заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жатады.

**Комитет құрамы:**

- Салимова Асия Молдабаевна – комитет төрағасы;
- Назханова Гульнара Майэровна – комитет мүшесі;
- Аханов Султан Айтпекович – комитет мүшесі;
- Усенко Владимир Иванович – комитет мүшесі.

**Қаржы және инвестициялар комитеті** қаржыландыруды тарту, тартылатын қаржыны тиімді бағалауды орнату, инвестициялық жобаларды бағалау үшін жауапты, Топтың қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізеді. Тоқсан бойынша кемінде 1 рет жиналады.

**Комитет құрамы:**

- Аханов Султан Айтпекович – комитет төрағасы;
- Джунусов Олжас Адильевич – комитет мүшесі;
- Усенко Владимир Иванович – комитет мүшесі.

**Стратегия комитеті** Топтың дамуының стратегиялық және басым бағыттарын анықтау мәселелері бойынша ұсыныстарды шығарады, сонымен қатар инвестициялық жобалардың келешегін және олардың Топтың құнының артуына әсерін бағалайды. Жарты жылда кемінде 1 рет жиналады.

**Комитет құрамы:**

- Идрисов Динмухамет Аппазович – комитет төрағасы;
- Канафин Аскар Ахилбекович – комитет мүшесі;
- Айтжанов Наби Еркинович – комитет мүшесі;
- Аханов Султан Айтпекович – комитет мүшесі.

**Тағайындау және сыйақылар комитеті.** Ағымдағы уақытта Тағайындау және сыйақылар комитеті құрылмаған. Компания оны орта мерзімді келешекте құруды жоспарлауда.

## Атқарушы орган

Компанияның атқарушы органы Бас директор болып табылады, ол қатысушыларға есеп беруге міндетті, Компания атынан және оның мүддесі үшін әрекет етеді және қатысушылардың Жалпы жиналысының құзыретіне жататындардан басқа Компанияның қызметі бойынша ағымдағы барлық мәселелерді шешеді.

Бас директор Компания мүдделерін білдіреді, Компанияның мүлкін және қаржы қаражатын басқарады, шарттар (келісімшарттар) жасайды, соның ішінде еңбек шарттары жасап, сенімхаттар береді, банктерде ағымдағы және басқа есепшоттарды ашады, штатттық кұн тәртібін бекітеді, бұйрықтар мен жарлықтар шығарады, Компанияның барлық қызметкерлері үшін міндетті тапсырмаларды береді.

## Бас директор, оның орынбасарлары



### Бас директор

**Айтжанов Наби Еркинович**

*1980 жылы 11 қыркүйекте туған.*

- 2010 жылғы 12 сәуірден бастап бүгінгі күнге дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Бас директоры.
- 2008 жылдан бастап 2010 жылғы сәуірге дейін – «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС Бас директоры.
- 2006 жылдан бастап 2008 жылға дейін – «Энергосбыт» ЖШС директоры.
- 2005 жылдан бастап 2006 жылға дейін – директордың орынбасары, «Энергопоток» ЖШС директоры.



### Бас директордың орынбасарлары

**Усенко Владимир Иванович**

*1960 жылы 7 маусымда туған.*

- 2010 жылғы қаңтардан бастап бүгінгі күнге дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС техникалық мәселелер бойынша Бас директордың орынбасары.
- 2009 жылғы қаңтардан бастап 2010 жылғы қаңтарға дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Корпоративтік басқару бөлімінің бастығы.
- 2008 жылғы маусымнан бастап қыркүйекке дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» АҚ Электр станциялары бөлімінің бастығы.
- 2003 жылғы қыркүйектен бастап 2008 жылғы наурызға дейін – «KEGOC» АҚ – Алматы аймақаралық электр желілерінің өңірлік диспетчерлік орталығының аға диспетчері.



**Аханов Султан Айтпекович**

*1984 жылы 31 қаңтарда туған.*

- 2017 жылғы желтоқсаннан бастап бүгінгі күнге дейін – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Қаржы мәселелері бойынша Бас директордың орынбасары.
- 2015 жылғы қыркүйектен бастап 2017 жылғы желтоқсанға дейін – «Ordabasy Group» ЖШС басқарушы директоры.
- 2011 жылғы маусымнан бастап 2015 жылғы қыркүйекке дейін – «Kazsphere» компаниялар тобының негізін салушы, Бас директоры.
- 2010 жылғы қыркүйектен бастап 2011 жылғы маусымға дейін – Қазақстан-Малайзия сауда палатасының Бас директоры.

Мазмұны

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
Корпоративтік басқару қағидаттары
Менеджмент құрылымы
Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі
Бақылау кеңесі
Бақылау кеңесінің құрамы
Бақылау кеңесі жанындағы комитеттер
Атқарушы орган
Бас директор, оның орынбасарлары
Сыйақы туралы ақпарат
Ішкі аудит бөлімі
Корпоративтік әдеп

## Сыйақылар туралы ақпарат

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлемейді, алайда Бақылау кеңесінің мүшелеріне Бақылау кеңесі мүшелері мен Компанияның Бақылау кеңесінің комитеттері мүшелерінің қызметтерін орындауға байланысты олардың өз міндеттемелерін атқару кезеңіндегі іссапар шығындарын, ҚР заңнамасымен қарастырылған тәртіпте, растайтын құжаттар негізінде («ҚКЖ» ЖШС қатысушыларының Жалпы жиналысының 2015 жылғы 6 ақпанындағы хаттамасымен бекітілген) өтеп береді.

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС атқарушы органының мүшелеріне 2017 жыл бойынша сыйақы мөлшері 55 956 мың теңгені құрады (штаттық кесте бойынша еңбекақы түрінде).

## Ішкі аудит бөлімі

Компанияда Ішкі аудит бөлімі (ІАБ) қызмет етеді, ол Компанияда және еншілес ұйымдарда ішкі аудитті жүргізеді.

Өз қызметінде ІАБ жұмысқа деген тәуелсіздік пен объективтілік, құзыреттілік пен кәсібилік қағидаттарын, сондай-ақ ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары мен Компанияның Іскери әдеп кодексін басшылыққа алады.

ІАБ тәуелсіздігі мен объективтілігіне тиісінше ұйымдастырушылық мәртебемен қол жеткізіледі, ол ІАБ-нің Бақылау кеңесіне тікелей функционалдық бағыныстылығы мен есептілігін және Компанияның Бас директорына әкімшілік есептілігін көздейді. ІАБ қызметін тікелей басқаруды «ҚКЖ» ЖШС Бақылау кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті іске асырады.

2018 жылы ІАБ келесі жұмыстарды жүргізді:

- дебиторлық берешекті талдау, барлық еншілес ұйымдардың (ЕҰ) контрагенттерін іріктеме тексеру;
- өзара есептесулерді талдау және салыстыру;
- билингтік жүйе қызметін талдау (ТО және Шымкент қ.);
- ЕҰ қызметін іріктеме тексеру;
- Қарағанды қ. ЕҰ контрагенттерін талдау;
- ТО және Шымкент қ. контрагенттерін талдау;
- Бақылау кеңесінің және «ҚКЖ» ЖШС Бақылау кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің тапсырмасы бойынша жекелеген мәселелерді тексеру.

Қызметкерлер қауіпсіз, әдепсіз немесе мүдделер қайшылығын туғызатын мәселелер мен жағдайларды қоса алғанда, кез келген бұзушылықтар туралы хабарлауға міндетті. Топ басшылығы келіп түскен өтініштерді мұқият, объективті және құзыретті қарауға кепілдік береді.

Қызметкерлер, басқалардың ішінде этикалық қызу желіні пайдаланып, мәселелер/бұзушылықтар туралы компанияның Бақылау кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне хабарлай алады:

**Телефоны:** +7 (717) 257 17 15, + 7 (701) 883 04 27

**Электрондық поштасы:** marina.li@kus.kz

Ішкі аудит бөлімінің аудиторы қызу желіге келіп түскен ақпаратты өңдеуге және оны Бақылау кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне ұсынуға жауапты болып табылады.

Бақылау кеңесі Кодекстің ережелерін үш жылда бір рет қайта қарайды, олардың практикада қандай шамада іске асырылатынын талдайды, сондай-ақ қажет болған жағдайда атқарушы органға оған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар береді.

## Корпоративтік әдеп

Компания Қазақстанның энергетикалық нарығында көшбасшы позицияны иемденуге мүмкіндік беретін тиімді бизнес-практика стандарттарын енгізу қажет деп есептейді. Біз адалдық, парасаттылық және өз әлеуетін барынша іске асыру – Компанияның тұрақты ұзақ мерзімі дамуына қол жеткізу үшін қажетті негізгі факторлар екендігін ұғынамыз.

Топтың Іскери әдеп кодексі (Кодекс) адал ниеттілік қағидаттарына сүйеніп құрылған және жұмысшылардан күтілетін мінез-құлық стандарттарын сипаттайды. Кодекстің ережелері Топтың барлық қызметкерлерінің сақтауы үшін міндетті, Топ ішінде де, сондай-ақ сыртқы мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуге таралады.

Топтың этикалық құндылықтары:

- адалдық және объективтілік,
- адал ниеттілік,
- дамуға ұмтылу,
- құрмет пен сенім,
- жауапкершілік,
- қамқорлық,
- құзыреттілік және кәсібилік,
- отансүйгіштік.

Этикалық құндылықтарды іске асыру үшін Топ мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- ҚР заңнамасының талаптарын сақтау,
- қатысушылар мен инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау және құрметтеу,
- қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін құрметтеу,
- ұзақ мерзімді және өзара тиімді ынтымақтастық негізінде іскери серіктестермен өзара іс-қимыл,
- мүдделер қайшылығына жол бермеу,
- ақпараттың құпиялылығын сақтау,
- Топ меншігін қорғау және пайдалану,
- қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау үшін жауапкершілік,
- жұмысты тиімді ұйымдастыру, Топ қызметін басқару және бақылау,
- қолда бар ресурстарды оңтайлы пайдалану, сондай-ақ тәуекелдерді талдау және басқару,
- ашықтық қағидатын қолдана отырып, жоспарлаудың, бақылаудың және есептіліктің жоғары стандарттарын қолдану және іскерлік ақпаратты қоса алғанда, активтердің сақталуын қамтамасыз етуге ұмтылу.



# Мазмұны

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ
Тәуекелдерді басқару жүйесі
Тәуекелдерді басқару жүйесін құру қағидаттары
Компанияда тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы
Ішкі бақылау жүйесі
Тәуекелдерді жіктеу
Бизнес-стратегияларды іске асыруға ықпал ететін негізгі тәуекелдер

Казахстанские Коммунальные Системы



# Тәуекелдерді басқару

# Мазмұны

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ
Тәуекелдерді басқару жүйесі
Тәуекелдерді басқару жүйесін құру қағидаттары
Компанияда тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы
Ішкі бақылау жүйесі
Тәуекелдерді жіктеу
Бизнес-стратегияларды іске асыруға ықпал ететін негізгі тәуекелдер

## Тәуекелдерді басқару жүйесі

ҚКЖ Тобының тәуекелдерді басқару жүйесі COSO ERM халықаралық тұжырымдамасына сәйкес негізделген және Компаниялар тобының құнын құруа әрі сақтауға едәуір әсер ететін тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқаруға бағытталған. Компаниялар тобында тәуекелдерді басқарудың негізгі мақсаты тәуекелдердің басқарылатын деңгейін қабылдау кезінде барынша көп табыс көрсеткіштеріне қол жеткізу болып табылады. Тәуекелдерді басқару Топқа мақсатқа жетуде жағымсыз әсер беруі мүмкін оқиғаларды анықтауға, олардың алдын алуға және азайтуға бағытталған.

Тәуекелдерді басқару жүйесінде маңызды элементтердің бірі – әр қызметкер тұлғасында еншілес ұйымдардың құрылымдық бөлімшелері болып табылады. ЕҰ қызметкерлері күнделікті негізде тәуекелдермен жұмыс істеп, оларды басқарады және өздерінің қызметтік міндеттемелері саласында олардың әлеуетті әсеріне мониторинг жүргізеді. Құрылымдық бөлімшелер тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуы үшін, өз қызметтері саласында едәуір тәуекелдерді уақтылы анықтау және ол туралы ақпараттандыру үшін және іс-шаралар жоспарына қосу үшін тәуекелдерді басқару бойынша ұсыныстарды беру үшін жауапты.

## Тәуекелдерді басқару жүйесін құрудың қағидалары

**Жүйелік әдіс.** Тәуекелдерді басқару үздіксіз, динамикалық процесс болып табылады, ол Топта және оның компанияларында – басқарудың әр деңгейінде және ҚКЖ және оның ЕҰ әр бөлімшелерінде қолданылады.

**Бақылау кеңесінің қадағалау қызметі.** Бақылау кеңесі Компанияның белсенді басқару органы болып табылады және оның тәуекелдерін басқару үшін қадағалауды қамтамасыз етеді.

**Тәуекелдерді басқару үшін жауапкершілік.** Топтың және оның компанияларының әрбір қызметкері тәуекелдерді басқару саласындағы мақсаттар мен тапсырмалар туралы хабардар және өз уәкілеттігі, құзыреті, тәуекелдерді басқару бойынша Басшылықтың талаптары аясында оның тәуекелдерін басқару тұрғысында өзінің жеке жауапкершілігін түсінеді.

**Шешімдерді қабылдау деңгейлерін бөлу.** Тәуекелдерді азайту туралы шешімдер тәуекелдердің маңыздылығына байланысты басқарудың әр түрлі деңгейлерінде қабылданады.

**Мақсаттармен байланыстыру.** Тәуекелдерді басқару Топтың стратегиясын дайындау және құру кезінде қолданылады және стратегиялық мақсаттар мен нақты бір процестердің мақсаттары мен қызметтеріне байланысты жүзеге асырылады.

**Уақтылы ақпараттандыру.** Шешімдерді қабылдау үшін тәуекелдер туралы ақпараттардың қозғалысы басқарудың ең төменгі деңгейлерінен жоғарысына қарай жүргізіледі. Ақпаратты жедел түрде беру тұрақты түрде іске асырылады.

**Корпоративтік тәуекелге бағытталған мәдениетті құру.** Топтың басшылығы, Ішкі бақылау және ЕҰ тәуекелдерді басқару бөлімі және тәуекелдер бойынша кураторлар Топта тәуекелдерді басқару саласындағы білім мен қабілеттерді таратуды қамтамасыз етеді. ҚКЖ тобында ақпаратпен тиімді алмасу және тәуекелдерді корпоративтік басқару аясында коммуникативтік ережелерді енгізу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

**Мақсаттардың категориялары арасындағы өзара байланыс.** Тәуекелдерді басқару бір немесе бірнеше жеке, алайда қиылысатын категориялар бойынша мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.




## Компаниядағы тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы




## Ішкі бақылау жүйесі

Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) корпоративтік басқару жүйесінің бөлігі болып табылады, Топтың барлық басқару деңгейлерін, барлық процестерді және операцияларды қамтиды. ІБЖ Топтың процестері мен күнделікті операцияларыні кіріктіріледі, кез-келген маңызды ақаулар мен бақылаудың әлсіз тұстары туралы сәйкес басқару деңгейін бірден ақпараттандыруға қажетті рәсімдерді, алдын ала қабылданған немесе қабылдануы тиіс түзетуші іс-шараларымен бірге қамтиды. ІБЖ-н Топта қолданысқа кеңінен енгізу аясында келесі бизнес-процестерде бақылау рәсімдерінің дизайнын бағалау және операциялық тиімділігін тестілеу жүргізілген:

| 2018 жылы | 2019 жылы орындалатын |
|---|---|
| Ақпараттық технологиялар және қауіпсіздік | Перспективалық дамуды жоспарлау |
| Тұтынушылармен шарттар жасасу және оларды орындау (сатулар процесі) | Инвестициялық жоспарды орындау |
| Персоналды басқару | |

# Мазмұны

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ
Тәуекелдерді басқару жүйесі
Тәуекелдерді басқару жүйесін құру қағидаттары
Компанияда тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы
Ішкі бақылау жүйесі
Тәуекелдерді жіктеу
Бизнес-стратегияларды іске асыруға ықпал ететін негізгі тәуекелдер

## Тәуекелдерді жіктеу

Тәуекелдердің көздерін анықтағаннан кейін олардың әрқайсысы бойынша 4 негізгі категорияға жіктелетін тәуекелдер анықталады:

1) **стратегиялық тәуекелдер** – стратегияларды іске асыру процесіне дұрыс емес мониторинг жасау және сыртқы жағдайлардың өзгерісін жеткілікті мөлшерде елемеудің салдарынан Топтың ұзақ мерзімді корпоративтік мақсаттарына қол жеткізбеу қаупі;
2) **операциялық тәуекелдер** – Топ компанияларының ішкі бизнес-процестеріндегі олқылықтар немесе қателіктер, қызметкерлер мен басқа тұлғалардың әрекеттері, ақпараттық жүйелер жұмысы, не болмаса сыртқы әсерлер нәтижесінде залалдардың туындау қаупі;
3) **құқықтық тәуекелдер** – Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу, ережелер, зандарды, жазылған процедураларды, ішкі саясатты, тәртіпті және әдеп ережелерін бұзудың салдарынан туындайтын қауіптер. Құқықтық тәуекелдер талаптарға сәйкестік саласындағы мақсаттарға да, есептілікті дайындау саласындағы мақсаттарға да (дұрыстығы және мерзімі) қатысты;
4) **қаржы тәуекелдері** – Топтың қарды қорларын, мысалы, ақша қаражаты, инвестициялар, қарыз құралдары және туынды қаржы құралдарын басқару нәтижесінде туындайтын қауіптер. Оған капитал құрылымымен, табыстың азаюы, валюта бағамының құбылуы, пайыздық мөлшерлемелер, несие тәуекелі, өтімділік тәуекелімен байланысты қауіптер жатады.



Сәйкестендірілген тәуекелдер маңыздылығына байланысты тәуекелдер картасында көрсетіледі:

**Қызыл аймақ** – тәуекелдер Топ үшін сыни болып табылады
**Сары аймақ** – тәуекелдердің орташа орын алу мүмкіндігін көрсетеді

## Бизнес-стратегияларды іске асыруға әсер ететін негізгі тәуекелдер

| Тәуекелдің атауы | Тәуекелдің сипаттамасы | Негізгі тәуекелдерді басқару шаралары |
|---|---|---|
| Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін бұзу | Қауіпсіз және дұрыс еңбек шарттарын қамтамасыз ете алмау | 1. OHSAS 18001 стандартына сәйкес еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесінің жұмыс істеуі.<br>2. Білікті тексеру.<br>3. Наряд жүйесі.<br>4. Жұмыс орындарын тексеру.<br>5. Тұлғаларды мерзімдік және міндетті медициналық тексеру.<br>6. Қауіпті өндірістік аймақтарда өндірістік қауіпсіздік туралы заңнама талаптарын сақтау.<br>7. Еңбек, қызметтік міндеттемелерді орындау барысында қайғылы жағдайлардан міндетті сақтандыру бойынша шарттарды жасауды қадағалау; жұмыс берушінің АҚЖ міндетті сақтандыру – жыл сайын.<br>8. Өндірістік қызметкерлерді сүтпен қамтамасыз ету, ішетін су режимін, арнайы киіммен, арнайы аяқ-киіммен, ЖҚҚ, жуатын және дезинфекциялаушы құралдармен, дәрі-дәрмек қобдишасымен, НТҚ қамтамасыз ету. |
| Технологиялық бұзушылықтар | Жабдықтардың жұмыс істемеуінің салдарынан жылу және электр энергиясын жеткізудегі ақаулар | 1. Жабдықтарға тексеру жүргізу нәтижесінде ақауларды уақтылы анықтау (жоспарлы, жоспардан тыс).<br>2. Жабдықты сынау.<br>3. Ағымдағы, күрделі және апатты қалпына келтіру жөндеу жұмыстарын жүргізу.<br>4. Жабдықтарды жетілдіру және қайта құру бойынша инвестициялық бағдарламаларды іске асыру (жабдықтың тозуын азайту).<br>5. Қосалқы бөлшектер мен материалдардың апатты қорының болуы.<br>6. Күзгі-қысқы кезеңге дайындық шаралары (ҚҚК). |



# Мазмұны

АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГІЛІК ҚЫЗМЕТ
Ақпараттық саясат және маркетингілік қызмет
Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік



# Ақпараттық саясат және маркетингілік қызмет

Мазмұны

АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГІЛІК ҚЫЗМЕТ
Ақпараттық саясат және маркетингілік қызмет
Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік

# Ақпараттық саясат және маркетингілік қызмет

Саланың негізгі ойыншыларының бірі болып табылатын «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС республиканың энергетикалық нарығында да, тұтынушылар арасында да өзінің оң беделін қалыптастыруға және қолдауға аса көңіл бөледі. Электр және жылу энергиясы қоғам мен БАҚ назарын аударатын әлеуметтік маңызды өнім болып табылатынын ескере отырып, ҚКЖ тобының негізгі қағидаттары барлық қызметтің ашықтығы мен жариялылығы болып табылады.

Медиажоспарға сәйкес, «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС қызметі туралы ақпарат республикалық БАҚ-пен жұртшылыққа жеткізіледі, компанияның оқиғалары туралы жарияланымдар салалық баспа басылымдарында және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылады.

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС-нің ақпараттық саясатының басым бағыты облыстық БАҚ-пен ынтымақтастық болып табылады, себебі Топтың еншілес ұйымдарының оң беделін сақтау, ең алдымен, ҚКЖ қатысатын өңірлер тұрғындары арасында маңызды.

Медиажоспарға сәйкес өңірлік БАҚ-та ҚКЖ тобының еншілес ұйымдарының өндірістік қызметі (инвестициялық бағдарламаларды іске асыру, өндірісті жаңғырту, ЖЭО жөндеу науқаны, жаңа электр желілерін салу, қосалқы станцияларды қалпына келтіру, өткізу компанияларының қызметі және өзге де ақпараттық себептер) көрсетіледі: Телеарналардың ТВ-сюжеттері, газеттердегі және ақпараттық интернет-порталдардағы мақалалар. Сонымен қатар, Компанияның жұмысы туралы ақпарат «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС ресми сайтында және Facebook ресми парақшасында, сондай-ақ еншілес ұйымдардың корпоративтік медиаресурстарында жарияланады.

Топтың тиімді ақпараттық саясатының нәтижелері:

- қатысатын өңірлердегі тұтынушылардың Топқа және оның еншілес ұйымдарына ниеттестігінің қолайлы деңгейі;
- Топ брендінің танымалдылығын серпінді түрде арттыру;
- тұтынушылардың және басқа да аудиторияның ҚКЖ тобының оқиғалары туралы уақтылы білу мүмкіндігі;
- жұмыс беруші ретінде Топтың тартымдылығын арттыру және білікті кадрларды тарту мүмкіндігі;
- корпоративтік бірлікті нығайту, Топ қызметкерлерінде жауапкершілік сезімін және ҚКЖ тобының іргелі құндылықтары мен идеологиясын ұстануды құру және қолдау.

Топ өз тұтынушыларын электр және жылу энергиясымен қамтамасыз ету сапасын арттыру бойынша жүйелі, ауқымды жұмыстар жүргізеді, ол жұртшылық тарапынан жоғары қызығушылық тудырады. 2018 жылы БАҚ-та жарияланған маңызды оқиғалар мен фактілер арасында:

- ҚКЖ тобының еншілес ұйымдарының инвестициялық бағдарламаларын жыл бойы табысты іске асыруы;
- алдағы 2018–2019 жылдардағы жылыту маусымына дайындық аясында ЖЭО жөндеу науқаны;
- электр желілік шаруашылықты жаңғырту және энергия беруші компаниялардың жаңа энергетикалық объектілерін салу;
- өткізу компанияларының тұтынушылар санының өсуі;
- ҚКЖ тобының өндірістік объектілерінде жаңа технологияларды пайдалану;
- Топ қызметкерлеріне мемлекеттік және салалық марапаттарды тапсыру;
- ҚКЖ тобы қызметкерлерінің халықаралық және республикалық салалық іс-шараларға қатысуы;
- Топ кәсіпорындарының Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын қатаң сақтауы.

Топтың қызметі қазіргі қоғамның өзекті құндылықтарына негізделеді. Осы іргелі құндылықтарды есепке алу барлық сыртқы және ішкі контрагенттермен өзара іс-қимылдың регламенттелген саясатын қалыптастыруға мүмкіндік береді: тұтынушылар, серіктестер, өз қызметкерлері, қоғам.

ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУҒА ҰМТЫЛА ОТЫРЫП, КОМПАНИЯ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДАН КЕЛІП ТҮСКЕН АҚПАРАТТЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ БАРЫСЫНДА ОЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІН ЕСКЕРЕДІ.

# Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік

Компанияның ұзақ мерзімді дамуы оның өз күш-жігерімен ғана емес, басқа субъектілермен өзара іс-қимылға байланысты.

Компания барлық мүдделі тараптармен тиімді ашық диалог құру және қызметтің жариялылығын қамтамасыз ету бойынша жұмыс істейді.

Мүдделі тараптармен ынтымақтастық Компанияның қызметі барысында тұрақты түрде жүргізіледі. Мысалы, пікірлер мен ұсыныстар алу үшін клиенттермен және контрагенттермен тұрақты байланыста болады, саладағы мемлекеттік саясатты қолдау және оны тиімді дамыту мақсатында реттеуші органдармен және нарық қатысушыларымен бірлескен жұмыс қамтамасыз етіледі, кадр саясатын құру кезінде кәсіподақтармен жұмыс жүргізіледі және т.б.

Мүдделі тараптар компанияның топтың тұрақты дамуына және қатысу өңірлеріндегі өмірге әсер ететін экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелерге әсері туралы пайдалы кері байланыс ұсынады.

## Негізгі мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

| Мүдделі тараптар | Өзара әрекеттесу | Үміттер және қызығушылықтар |
|---|---|---|
| Меншік иелері | • Бақылау кеңесінің жұмысы;<br>• есептілікті ұсыну. | • Экономикалық нәтижелілік;<br>• ұзақ мерзімді тұрақты даму. |
| Мемлекеттік органдар | • Жұмыс топтары;<br>• келіссөздер;<br>• қадағалау органдары тарапынан өтініштер, тексерулер;<br>• кездесулер өткізу. | • Энергетиканы дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қолдау;<br>• заңнаманы сақтау;<br>• бюджетке төлемдердің өсуі. |
| Бизнес-серіктестер (әлеуетті инвесторлар, несие беруші банктер, халықаралық ұйымдар, қаржы мекемелері) | • Кездесулер, келіссөздер өткізу;<br>• стратегиялық ынтымақтастық туралы меморандумдарға, келісімдерге қол қою. | • Ұзақ мерзімді әріптестік қатынастарды сақтау;<br>• экономикалық нәтижелілік;<br>• тұрақты даму. |
| Тұтынушылар (ҚКЖ тобының барлық өнімдері мен қызметтерін тұтынушылар) | • Тұтынушылармен кері байланыс жүйесі. | • Энергияны үздіксіз жеткізу;<br>• сараланған баға саясаты. |
| Контрагенттер (материалдарды, жабдықтарды, шикізатты, отынды жеткізушілер) | • Кездесулер, келіссөздер өткізу;<br>• шарттар жасасу. | • Экономикалық нәтижелілік;<br>• ұзақ мерзімді ынтымақтастық;<br>• іскери әдеп нормаларын сақтау;<br>• сатып алудың ашық практикасы. |
| Салалық қауымдастықтар (ҚЭК, KAZENERGY, ҮКП) | • Кездесулер, келіссөздер өткізу. | • Өндіріс қауіпсіздігі мәдениетін қолдау;<br>• саланы дамыту бастамаларын қолдау. |
| ҚКЖ тобының қызметкерлері және кәсіподақтар | • Корпоративішілік коммуникация арналары;<br>• кәсіподақ өкілдерімен кездесулер мен келіссөздер. | • Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;<br>• сыйақының ашықтығы және тиімді жүйесі;<br>• оқыту және дамыту;<br>• кемсітушілікке жол бермеу. |
| Қоғамдық бірлестіктер мен қайырымдылық ұйымдары (жергілікті сипаттағы) | • Компанияның қызметі туралы ақпарат;<br>• кездесулер өткізу;<br>• кері байланыс арналары. | • Әлеуметтік саясат және жергілікті қоғамдастықтарды қолдау;<br>• табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану. |
| БАҚ (ұлттық және өңірлік) | • БАҚ сауалдарына жауаптар;<br>• баспасөз парақтары;<br>• ақпараттық жарияланымдарды орналастыру;<br>• баспасөз конференцияларын өткізу. | • Экономикалық нәтижелілік,<br>• өндірісті дамыту,<br>• әлеуметтік саясат және жергілікті қоғамдастықтарды қолдау;<br>• қоршаған ортаны қорғау. |

# Мазмұны

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік
Қызметкерлерді басқару саясаты
Қызметкерлердің саны
Қызметкерлердің тұрақсыздығы
Қызметкерлерді оқыту және дамыту
Жас мамандарды тарту
Қызметкерлерді ынталандыру және марапаттау
Материалдық емес ынталандыру
Кәсіподақ ұйымдарымен өзара әрекеттестік
Корпоративтік шаралар
Денсаулық және еңбек қауіпсіздігі
Қайырымдылық және демеушілік



# Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік

# Мазмұны

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік
Қызметкерлерді басқару саясаты
Қызметкерлердің саны
Қызметкерлердің тұрақсыздығы
Қызметкерлерді оқыту және дамыту
Жас мамандарды тарту
Қызметкерлерді ынталандыру және марапаттау
Материалдық емес ынталандыру
Кәсіподақ ұйымдарымен өзара әрекеттестік
Корпоративтік шаралар
Денсаулық және еңбек қауіпсіздігі
Қайырымдылық және демеушілік

# Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік

**Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) – Топ жұмысының ажырамас және өте маңызды құрамдасы. Бұл ең алдымен, ҚКЖ қызметі, соның ішінде көрсетілетін қызметтер мен өндірілетін өнімнің сапасы қатысу өңірлеріндегі өмір сапасына едәуір әсер ететіндігіне байланысты.**

### Топтың КӘЖ қағидаттары:

- Соңғы нәтижесінде өңірлердің белсенді әлеуметтік-экономикалық дамуының кепілдемесі болып табылатын сапалы қызметтерді көрсету;
- Кәсіпорын қызметкерлерінің әділетті және уақтылы еңбекақысын төлеу, сонымен қатар еңбектің қауіпсіз шарттарын қамтамасыз ету және қызметтік өсу, әр қызметкердің жеке және кәсіби дамуы үшін қажетті барлық жағдайларды жасау;
- Қоршаған ортаны сақтау бойынша мемлекет және жалпы қоғам алдындағы жауапкершілік.

КӘЖ қағидаттары Топтың барлық бизнес-процестерінде сақталады, бизнес-жоспарлаудың ажырамас бөлігі және штаттан тыс және даулы мәселелерді болдырмаудың таптырмас құралы болып табылады.

Топ бизнесті ашық әрі таза жүргізуге, ҚР заңнамасын бұлжытпай орындауға және КӘЖ халықаралық стандарттарына сәйкес болуға ұмтылады.

# Қызметкерлерді басқару саясаты

Топ жұмысшылары оның стратегиялық капиталы болып табылады. Тиімді кадрлық технологиялардың қызмет етуі арқылы Компания стратегиялық даму мақсаттарына сәйкес келетін кадрлар құрылымын қалыптастыруға, сондай-ақ адами әлеуетті нығайтуға әрі дамытуға ұмтылады. Персоналды дамыту және ынталандыру жүйесін енгізу Топтың қосымша бәсекелестік артықшылықтарын құруға әрі дамытуға, инновациялар және тиімділіктер мәдениетін құруға мүмкіндік береді.

## Кадр саясатының негізгі қағидаттары:

### 1 Проактивтілік.

Топта қызметкерлердің ортақ істі сәтті атқаруға ықыластары болуы үшін жағдайлар жасалады, бастамаларға қолдау білдіріліп, әлеуетті іске асыру үшін, әр түрлі салада қызметтік және кәсіби өсу үшін мүмкіндіктер беріледі;

### 2 Таза және ашық іс жүргізу.

Топ адами ресурстарды басқару процесінің барлық кезеңдерінде жариялықты қамтамасыз етеді. Топта қызметкерлерді таңдау және жоғарылату жүйесі қызметкерлердің айтарлықтай жоғары кәсіби деңгейін және қызметкерлерді таңдау бойынша рәсімдердің тазалығын қамтамасыз етеді.

Қызметкерлердің кәсіби өсуі олардың жұмыстарының нәтижелерін, қызметтік қабілеттерін, сонымен қатар кәсіби құзыреттілігін әділ бағалау негізінде жүзеге асырылады;

### 3 Бірігу.

Топта адам ресурстарын басқару процесінің барлық бизнес-процестерге біріктірілуі қамтамасыз етіледі;

### 4 Мираскерлік.

Топта ең алдымен жас мамандардың кәсіби біліктілігін арттырудың тиімді шарасы ретінде тәлімгерлікке қолдау көрсетіледі. Мамандар өздері үйреніп, әріптестерімен алынған білімдері және біліктіліктерімен бөліседі.

Қызметкерлердің кәсіби дамуы қызметтік өсуді жоспарлау процесі, кадр резервін басқару арқылы жүзеге асырылады.

### 5 Қызметкерлерді ынталандыру.

Еңбекке ақы төлеу қызметкерлерді тиімді қызметке ынталандыратындай және жоғары білікті мамандарды тарту үшін бәсекелес болатындай етіп белгіленеді. Еңбекке ақы төлеу жүйесі ашық әрі ұғынықты. Сыйақы деңгейі жалпы және оның жекелеген қызметкерлерінің Топтың келісілген мақсаттар мен міндеттеріне жетуіне байланысты.

### 6 Топтың және оның қызметкерлерінің мүдделері мен мақсаттарының өзара байланысы.

Топ өз қызметкерлерін сыйлайды және бағалайды, оларға қолдау көрсетіп, олардың қажеттіліктері мен талаптарын назарға алады, қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін қолайлы еңбек жағдайларын жасауға ықпал етеді.

## Қызметкерлердің саны

Топтың қызметкерлерінің саны 2018 жылғы 31 желтоқсан бойынша 8 575 адамды құрады. Топ қызметкерлерінің құрылымы ерлердің жоғары үлесімен сипатталады (75,7%), бұл қызметтің ерекшелігіне байланысты.

Топта 40 жасқа дейінгі қызметкерлердің үлесі жалпы саннан 7,12%-ды құрайды. 60 жастан жоғары жас санатындағы қызметкерлердің үлесі 0,51%-ды құрайды.

**ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНАТ ЖӘНЕ ЖЫНЫС БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ**

| Қызметкер санаты | Барлығы | | ерлер | | әйелдер | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | адам | % | адам | % | адам | % |
| Тізімдік саны | 8 575 | 100 | 6 493 | 76 | 2 082 | 24 |
| басшылар | 649 | 7,6 | 556 | 86 | 93 | 14 |
| мамандар | 1 924 | 22,4 | 1 186 | 62 | 738 | 38 |
| жұмысшылар | 6 002 | 70,0 | 4 751 | 80 | 1 251 | 20 |

**ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ, 2018 ЖЫЛ**




**ҚКЖ ТОБЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖАС ҚҰРАМЫ,**
адам




## Қызметкерлердің тұрақсыздығы

Компаниялар тобында 2018 жыл үшін қызметкерлердің тұрақсыздығы 13,88%-ды құрады. Қызметкерлердің тұрақсыздығы көрсеткішін азайту және ұжым тұрақтылығын қолдау мақсатында бірқатар іс-шаралар атқарылады, атап айтқанда:

- білікті жұмыскерлерді материалдық және материалдық емес ынталандыру;
- ұжымдық шартқа сәйкес әлеуметтік кепілдіктерді жақсарту;
- Топтағы тұрақты экономикалық ахуал;
- сау психологиялық атмосфера;
- мансаптық өсу мүмкіндігі.

Топ бойынша жұмысқа қабылданған қызметкерлердің жалпы саны 1 547 адамды құрады, олардың ішінде 1 290 – жұмысшылар, 229 – мамандар, 28 – басшылар.

**2018 ЖЫЛЫ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАНҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНЫ - 1 547 АДАМ**



# Мазмұны

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік
Қызметкерлерді басқару саясаты
Қызметкерлердің саны
Қызметкерлердің тұрақсыздығы
Қызметкерлерді оқыту және дамыту
Жас мамандарды тарту
Қызметкерлерді ынталандыру және марапаттау
Материалдық емес ынталандыру
Кәсіподақ ұйымдарымен өзара әрекеттестік
Корпоративтік шаралар
Денсаулық және еңбек қауіпсіздігі
Қайырымдылық және демеушілік

## Қызметкерлерді оқыту және дамыту

Қызметкерлерді оқыту жүйесі – бұл Топтың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін жұмысшылардың теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларға үйретуге бағытталған іс-шаралардың жиынтығы.

Қызметкерлерді оқыту және дамытудың құрылымдық әдісі мақсатында күнтізбелік жылға Жылдық оқыту жоспары бекітіледі. Жоспарға біліктілікті арттыруға, мамандыққа даярлау, қайта аттестаттау, жаңа кадрларды уақтылы дайындау және жұмыстарды орындауды қамтамасыз ету үшін сабақтас мамандықты алуға байланысты білім беру кіреді.

2018 жылы 5 369 адам білім алды, ол жұмысшылардың жалпы санынан 62,6% құрайды, соның ішінде міндетті білім алудан – өндірістік қызметкерлерден 4 846 адам өтті, ол білім алған жұмысшылардың жалпы санының 56,5% құрады. 2018 жылы білім беруге кеткен шығындардың жалпы сомасы 44,3 млн теңгені құрады.

**МІНДЕТТІ БІЛІМ АЛУ**




## Жас мамандарды тарту

Топ жас бастамашы және тәжірибелі жоғары кәсіби қызметкерлерді оңтайлы үйлестіруге қол жеткізу үшін жас мамандарды тартуға бағытталған іс-шараларды өткізеді.

Кадр саясатын іске асыру шеңберінде Топта тәжірибелі жоғары кәсіби жас бастамашыл қызметкерлерге кәсіби білім мен дағдыларды беру мен сабақтастықты қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар өткізіледі. Осы мақсаттар үшін әрбір студентке, жаңа қызметкерге дуалды оқыту туралы шарттарға, Топ ішіндегі қызметкерлерді бейімдеу бағдарламасына сәйкес тәлімгер бекітіледі.

2018 жылы Топтың еншілес ұйымдарында 393 студент өндірістік және диплом алды тәжірибеден өтті, оның 123-і қабылданды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша «Маңғыстау өңірлік электротораптық компаниясы» АҚ, «Өскемен ЖЭО» ЖШС, «Караганда Энергоцентр» ЖШС, «Қарағанды Жарық» ЖШС өндірістік объектілеріне 21 таныстыру экскурсиясы өткізілді.

«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС мына жоғары оқу орындарымен тығыз жұмыс жүргізуде: Шымкент политехникалық колледжі, Алматы энергетика институты, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік институты. Аталған жоғары оқу орындарының студенттері тәжірибелі шеберлердің қызметтерінде технологиялық және өндірістік тәжірибелерден өтеді.

«Өскемен ЖЭО» ЖШС бірқатар қызметкерлері оқу орындарының қызметіне қатысады: болашақ энергетиктерден, Өскемен политехникалық колледжінің түлектерінен оқу жылы бойы бітіру емтихандарын қабылдау бойынша мемлекеттік емтихан комиссияларына қатысады; практикалық сабақтар өткізеді, студенттердің техникалық жұмыстарына пікір жазады.

Топ қызметкерлері жинақталған білім мен дағдыларды әріптестеріне беруді көтермелей отырып, тәлімгерліктің әлеуетті ресурсын қамтамасыз етеді. Жоспарда – барлық санаттағы қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру үшін «Өскемен ЖЭО» ЖШС Корпоративтік оқыту орталығы базасында оқу орталығын құру.

2018 жылы «МӨЭК» АҚ Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Стратегиялық құжатқа «МӨЭК» АҚ Басқарма төрағасы Салтанат Игисинова және Ш. Есенов атындағы КМТИУ ректоры Берік Ахметов қол қойды. Тараптар жас мамандар үшін мүмкіндіктерді кеңейту және энергетика саласындағы кадрлық әлеуетті арттыру мақсатында өзара іс-қимыл туралы келісті. «МӨЭК» АҚ базасында 5В071800 «Электр энергетикасы» мамандығының студенттерін дайындау және кәсіпорынның өндірістік базасында зертханалық және практикалық сабақтарды өткізу үшін «Ақпараттық жүйелер және энергетика» кафедрасының филиалы құрылды.

## Қызметкерлерді ынталандыру және марапаттау

2018 жылы Топта жалақыны көтеру орта есеппен 6,2% құрады. Топта еңбекақыны төлеудің икемді жүйесі бар, ол ай сайынғы негізде әр жұмысшының басты жұмыс көрсеткіштерін орындауға бағытталған. Аталған төлем жүйесі жұмысшыларды тиімді жұмыс жасауға, еңбек өнімділігін арттыру үшін күнделікті қызметке жаңашылдықтарды енгізуге ынталандыруға мүмкіндік береді.

## Материалды емес ынталандыру

Қызметкерлердің бейілділігін арттыру және еңбек міндеттемелерін күнделікті орындау барысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында келесі іс-шаралар ұйымдастырылды:

- – Қарағанды ЖЭО-1 және Қарағанды ЖЭО-3 жұмысшылары үшін жеңілдік бағалар бойынша кешенді тамақтандыруды қамтамасыз ету және ұйымдастыру;
- – Қарағанды ЖЭО-1 және Қарағанды ЖЭО-3 жұмысшыларын негізгі аудандарды қамтумен қатар (Майқұдық, Пришахтинск, Сортировка, Оңтүстік-Шығыс) қалада жүрудің бекітілген бағдары бойынша жеңілдікпен жол жүруін қамтамасыз ету;
- – «Расчетный сервисный центр» ЖШС-де спорттық-сауықтыру шараларына жыл сайын ақшалай қаражат бөлу: спорттық залды (баскетбол, волейбол, мини-футбол ойнау үшін) және жүзу бассейнін жалға алу.

Жыл сайын тиімді жұмыс жасауға ынталандыруды арттыру, Топтың еншілес ұйымдарында жұмысшылардың жоғары өндірістік нәтижелерге қол жеткізуіне ынталандыру мақсатында сыйлықтармен, құрмет мақтау қағаздарымен, лауазымдарды беру арқылы марапаттау шаралары өткізіледі.

2018 жылдың қорытындылары бойынша тиімді еңбек қызметі үшін 465 жұмысшы марапатталған. Олардың ішінде корпоративтік марапаттарға 149 жұмысшы, мемлекеттік марапаттарға – 13 жұмысшы, ТМД Электр энергиясы Кеңесінің марапттарына – 13 жұмысшы, ҚЭЭК марапаттарына – 51 жұмысшы (олардың ішінде «Еңбегі сіңген энергетик» дәрежесіне 9 жұмысшы, «Құрметті энергетик» дәрежесіне – 13 жұмысшы ие), Энергетика министрлігінің марапаттарына 21 жұмысшы ие болды.

## Кәсіподақ ұйымдарымен өзара әрекеттестік

2018 жылы кәсіподақта тұратын жұмысшылардың жалпы саны 5 943 адамды құрады, бұл жұмысшылардың жалпы санынан 66,13%-ға тең.

Ұжымдық шарттар бойынша кәсіподақ ұйымының мүшесі болып табылатын жұмысшылар үшін, олардың отбасы мүшелері, сонымен қатар Топ кәсіпорындарының зейнеткерлері мен ардагерлері үшін әлеуметтік кепілдемелер және жеңілдіктер қарастырылған:

- шипажай-курорттық емдеу құнының 50% төлеу;
- балалардың сауықтыру лагерьлеріне жолдамалардың құнының 50% төлеу;
- жұмысшылардың балаларына мектеп құралдарын сатып алуға көмек;
- жаңажылдық сыйлықтар, 8-наурызға, Наурыз мейрамына сыйлықтар;
- 9-мамырға материалды көмек;
- Қарт адамдар күніне қайырымдылық көмек;
- зейнетке шығуға байланысты материалды көмек;
- жақын туысының қайтыс болуына, бірінші баласының туылуына, емделуге, мерейтойлық жасқа толуға байланысты материалды көмек.

Қызметкерлердің құқықтарын қорғау және оларға еңбекті және жалақыны ұйымдастыру, жұмыс уақыты режимі, еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау мәселелерінде кепілдіктер беру мақсатында, сондай-ақ қызметкерлерді әлеуметтік қолдау үшін 2018 жылы **«Маңғыстау өңірлік электротораптық компаниясы» АҚ** мен оның еңбек ұжымы арасында 2018–2022 жылдарға ұжымдық шарт жасалды. Есепті кезеңде тараптар ұжымдық шарттың барлық тармақтарын сақтап, әлеуметтік әріптестіктің негізгі қағидаттарын орындады.

**«Энергопоток» ЖШС** әлеуметтік саясаты қызметкерлермен және олардың өкілдері – кәсіподақ ұйымдарымен бірге анықталады. «Энергопоток» ЖШС және «ОҚО электр энергетикасы қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі арасында ұжымдық шарт жасалды.

**«Караганда Энергоцентр» ЖШС-нде** «Қарағанды энергетикалық компаниялар тобы қызметкерлерінің кәсіподағы» КБ-мен жасалған ұжымдық шарт әрекет етеді. Шарт 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Ұжымдық шарт шеңберінде «Караганда Энергоцентр» ЖШС ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстарда істейтін қызметкерлер үшін ең төменгі еңбекақы төлемінің 2,0 коэффициенті мөлшерінде еңбекақы төлеудің ең төменгі стандартын есептеуге арналған салалық арттырушы коэффициент белгіледі.

**«Қарағанды Жарық» ЖШС-нде** ұжымдық шарт тұрақты қолданылады, онда тыс әлеуметтік кепілдіктер үстінен жүргізушілерге біліктілігі үшін үстеме белгіленген.

«Қарағанды Жарық» ЖШС-нде одан әрі жұмыс істеу үшін жұмысшы мамандықтарына оқитын оқушыларға оқу шартына сәйкес оқушы штатқа қабылданған сәттен бастап біліктілік емтиханына дейін ақы төленеді. Емтихандарға дайындалу және оларды тапсыру, зертханалық жұмыстарды орындау, дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау және қорғау үшін ақылы оқу демалыстары беріледі.

Әлеуметтік бағдарламалар саласында өз некесін тіркеуге, жақын туыстарын жерлеуге, балалардың туууна байланысты қосымша демалыс беріледі.

Қызметкерлерге осы қаражатты олардың есеп айырысу шоттарына аудара отырып, коммуналдық қызмет төлемі ішінара өтеледі.

Жыл сайын тақырыптық граффити байқауын өткізу дәстүріне айналды, онда өзінің шығармашылық мүмкіндіктерін бейнелеумен айналысатын Қазақстанның және жақын шетелдік кез келген азаматы көрсете алады.

Мазмұны

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік
Қызметкерлерді басқару саясаты
Қызметкерлердің саны
Қызметкерлердің тұрақсыздығы
Қызметкерлерді оқыту және дамыту
Жас мамандарды тарту
Қызметкерлерді ынталандыру және марапаттау
Материалдық емес ынталандыру
Кәсіподақ ұйымдарымен өзара әрекеттестік
Корпоративтік шаралар
Денсаулық және еңбек қауіпсіздігі
Қайырымдылық және демеушілік

## Корпоративтік шаралар

Топ қызметкерлері жыл сайын Компания деңгейінде жеке, сондай-ақ облыстық және өңірлік деңгейде өткізілетін кәсіби, сондай-ақ спорттық және сауықтыру іс-шараларына белсенді қатысады.

2018 жылы мамыр айында еншілес компаниялар арасында футбол жарысы өткізілді.

2001 жылдан бастап «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС қызметкерлері электр тарату желілерін пайдалану бойынша жедел жөндеу персоналының республикалық кәсіби жарыстарына қатысады.

«Өскемен ЖЭО» ЖШС энергетик-кәсіпорындар арасындағы спартакиадаға және «Денсаулық үшін қозғалыс» жарысына, «Зауыттық жастар» кәсіпорындар арасындағы жалпы қалалық жарыстарға, сондай-ақ Өскемен қаласы әкімдігінің Жастар орталығы ұйымдастырған жарыстарға қатысушы болып табылады.

Жыл сайын «Энергетик» дене шынықтыру-сауықтыру клубы (ДШСК) энергетик-кәсіпорындар арасында спартакиада өткізеді. 2018 жылы 44-спартакиада өтті, оның бағдарламасына волейбол, баскетбол, үстел теннисі, футбол, шахмат және жүзу кірді.

Өскемен ЖЭО спорт командасы жағажай волейболынан өткен турнирде «V жұлдыз Фортунасы Кубогының2 иегері атанды.

2018 жылдың қыркүйегінде «МЭӨК» АҚ қызметкерлері кезекті рет тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз ете отырып, тиімді жұмыс істеп қана қоймай, бос уақытында спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын белсенді насихаттайтынын көрсетті. Электр тораптық компаниянның энергетиктері кәсіпорын аумағында «IV спорттық тимбилдинг – 2018» өткізді. Корпоративтік бірлікті нығайтуға бағытталған іс-шараға аумақтық АЭС қоса алғанда, «МЭӨК» АҚ барлық құрылымдық бөлімшелерінің атынан 200-ден астам қызметкер қатысты. Тимбилдинг бағдарламасы әр түрлі спорттық байқаулардан тұрды.

«Қарағанды Жарық» ЖШС-нде кәсіподақ ұйымының қатысуымен балық аулауға (қысқы және көктемгі балық аулау) шығу ұйымдастырылады. Жаз айларында «демалыс күнінің жолдамасы» қағидаты бойынша жазғы демалыс ұйымдастырылады, онда қызметкерлер отбасыларымен Қарқаралы, Балқаш, Баянауылға жазғы демалысқа шығады.

2018 жылдың 13 шілдесінде «ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС саябақ аймағын қоқыстан тазарту бойынша экологиялық тимбилдинг өткізді. Қарағанды қаласының саябақтар басқармасы осы іс-шара үшін аумақ бөліп, қоқыс үшін қаптар берді. Бұл экологиялық науқанмен қызметкерлер қаланы абаттандыруға өз үлестерін қосып, Қарағанды қаласының тұрғындары мен кәсіпорындарына үлгі көрсетті.

2018 жылы 15 тамызда «ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС орталық кеңсесінің ғимаратында қызметкерлер арасында жұмыс орындарында қауіпсіздік техникасын сақтау бойынша ауқымды оқу-жаттығу өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – бейнебақылау жүйесінің жұмысын, автоматты өрт сөндіру сигнализациясының жұмысын, күзет ұйымы қызметкерлерінің, ғимарат бойынша жауапты қызметкерлердің іс-әрекеттерін, серіктестік қызметкерлерінің төтенше жағдайларда дәрігерге дейінгі көмек көрсету және эвакуацияларды ұйымдастыру іскерліктерін тексеру. Оқу-жаттығу Қарағанды облысы ТЖД Өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметінің № 1 өрт сөндіру бөлімінің бөлімшелерімен бірлесіп өткізілді.

«ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС 128 қызметкердің қатысуымен кәсіби құтқарушы – кинолог пен медиктерді тарта отырып, қауіпсіз жүріс-тұрыс және дәрігерге дейінгі көмек көрсету ережелері бойынша практикалық сабақтар өткізді.

Топта Кәсіби мереке – **Энергетик күні** 22 желтоқсанда атап өтіледі. Дәстүрлі түрде ол ерекше көзге түскен қызметкерлерге грамоталарды, алғыс хаттарды, медальдарды салтанатты түрде табыстаумен өтеді.

Жыл сайын «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС салтанатты жиналысты ұйымдастырады, онда лотерея, ұтыс лоттарында – тұрмыстық техника өткізіледі.

«Қарағанды Жарық» ЖШС-нде Энергетик күніне орай жыл сайын әр түрлі спорт түрлері бойынша ішкі спартакиадалар өткізіледі, олардың арасында волейбол, үстел теннисі, үшсайыс, ату, мини-футбол, жүзу, шахмат, балық аулау танымал.

Энергетик күніне орай Өскемен қаласында энергетикалық кәсіпорындар арасындағы спартакиаданың соңғы кезеңі (қорытынды шығару) өткізіледі. 2018 жылдың қорытындылары бойынша «Өскемен ЖЭО» ЖШС бірінші орынға ие болды.

«МЭӨК» АҚ жұмысының маңызды бағыттарының бірі балалар мен жасөспірімдер арасында электр жарақатының алдын алу және ескерту болып табылады. Энергетик күні қарсаңында алғаш рет «МЭӨК» АҚ-нда Маңғыстау облысының Білім басқармасымен бірлесіп оқушылар арасында электр қауіпсіздігі бойынша «Электрмен ойнауға болмайды» атты суреттер сайысы өткізілді. Жарысқа облыстың барлық мектептерінің 2–4 және 5–7-сыныптарының оқушылары қатысты. Өткізілген конкурстың басты мақсаты – балалардың, педагогтардың, ата-аналардың назарын электр қауіпсіздігі, электр қуатымен дұрыс және абайлап пайдалану тақырыбына аудару.

Жыл сайын «МЭӨК» АҚ мамандары электр қауіпсіздігі мәселелеріндегі сауаттылық деңгейін арттыра отырып, мектептерде балалармен және жасөспірімдермен жұмыс жүргізеді.

Топ компанияларында **8 Наурыз** – Халықаралық әйелдер күніне орай салтанатты жиналыстар өткізіліп, онда ұжымның әйелдер қауымын Компания басшылығы құттықтайды.

Топта қазақ салт-дәстүрін көрсету және дәстүрлі жарыстарды өткізу – асық ату, арқан тарту, күш сайыстары, жеңімпаздарға сыйлықтар тапсыру тәрізді **Наурыз мейрамын** тойлау ерекше дәстүрге айналды.

«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-нде алғашқы үш орынды жеңіп алған командалар ақшалай сыйлықтармен марапатталады. Үздік ұлттық киімге конкурс өткізіледі.

Жарыс пен байқаулардан кейін концерт өткізіледі, ұлттық тағамдармен бай дастархан жайылады.

«ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС ұлттық конкурстарды өткізу және белгіленген дәстүрлерді сақтай отырып, Наурыз мерекесіне арналған костюмдік корпоративтік іс-шара ұйымдастырды.

«Өскемен ЖЭО» ЖШС жыл сайын Наурыз мейрамын жалпы қалалық мерекелеу қатысушысы болып табылады. 2018 жылы ол киіз үйлер байқауының жүлдегері болып, «Үздік рәсім» номинациясы бойынша 3-орынға ие болды.

2018 жылы «Энергопоток» ЖШС құрылымдық бөлімшелері арасында әлемнің әр түрлі халықтарының ұлттық тағамдарына конкурс өткізді.

Аталған іс-шаралардан басқа Топ қызметкерлері қалалық сенбіліктерге белсене қатысады.

1 мамыр күні «МЭӨК» АҚ энергетиктері Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған жаппай іс-шараларға қатысты. «МЭӨК» АҚ 100-ден астам энергетигі плакаттармен және транспаранттармен аталған шеруге қатысты. «МЭӨК» АҚ қызметкерлері колоннасының алдында энергия беруші компанияның логотипі бар кәсіпорынның арнайы автомобилі жүрді.

Қазан айында «МЭӨК» АҚ энергетиктері облыстық «Еңбек Жолы» байқауында үздік үштікке енді. Амановтар отбасы «Үздік еңбек әулеті» номинациясында құрметті 3-орынға ие болды.

## Денсаулық және еңбек қауіпсіздігі

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС үшін қызметті жүргізудің негізгі әрі басты қағидаларының бірі – жұмысшылардың өмірі мен денсаулығы. Компанияның және мердігер ұйымдардың қызметкерлерімен қайғылы оқиғалардың болмауы негізгі тапсырма болып табылады.

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС басшылығы денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында келесі қағидаларды ұстанады:

- Біз станцияның және мердігер ұйымдар қызметкерлерінің қауіпсіздігін бірінші орынға қоямыз.
- Біз Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтаймыз және қызметкерлердің қауіпсіздік мәдениетін арттыра отырып, олардың үнемі білім алуын қолдаймыз.
- Біз әр қызметкердің денсаулығын сақтауға ұмтыламыз.
- Біз денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында кәсіпорын қызметі туралы ашық айтамыз.

Еншілес ұйымдардың ҚТ қызметтерінің барлық қызметкерлері – бұл құзыретті білікті мамандар, олардың едәуір бөлігі МБЖ жүйесі бойынша сертификаттаудан өткен: OHSAS 18001, ISO 14001, ISO 9001, IOSH және Nebosh халықаралық стандарттары. Сондай-ақ, біздің мамандар үнемі ҚТ және ҚОҚ саласындағы әр түрлі арнайы курстар мен тренингтерде біліктілікті арттырудан өтеді. Мамандар әр түрлі деңгейдегі ЕҚ және ҚОҚ бойынша шараларға қатысады.

2018 жылы Топ кәсіпорындарында жазатайым оқиғалар тіркелмеген.

### Еңбек қауіпсіздігі жүйесі

- «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласында түбегейлі (негізгі) ережелер мен қағидаларды бұзуға нөлдік төзімділік саясатын ұстанады. Нөлдік төзімділік саясаты – шартты бұзуға дейінгі (еңбек шарты немесе мердігер ұйыммен жасалған шарт) ҚТ негізгі ережелерін бұзғаны үшін жауапкершіліктің белгілі бір деңгейі. Түбегейлі ережелерді бұзу, алкогольді ішімдіктерді ішу фактісін анықтау (қандағы алкогольдің мөлшері нөл промилледен жоғары болса) еңбек шартын бұзу туралы шешімге негіз болып табылады. Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау ережелерін бұзғаны үшін мердігер ұйымдардың қызметкерлеріне жазалау шаралары Тапсырыс берушінің аумағындағы жұмыстар/қызметтер үшін ҚТ және ҚОҚ бойынша стандартты Қосымшада берілген. Әрбір қызметкер кәсіпорында әрекет ететін барлық заңнамалық ережелер мен еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша ережелерді сақтап, басқалардан да олларды сақтауды талап етуі тиіс.
- **Жұмысты уақытша тоқтату құқығы** – бұл еншілес және мердігер ұйымның әр қызметкеріне оның ойынша қауіпсіз деп танылған қандай да бір оқиға байқалғанда жұмысты тоқтату уәкілеттігін беретін процесс. Сондай-ақ жұмысты тоқтату құқығы қызметкер немесе мердігер жұмысты тоқтату қолдана отырып, оны тоқтатуды өтінгеннен кейін бірден барлық қызметкерлер мен мердігерлердің жұмысты тоқтату міндеткерлігін қамтиды. Жұмысты тоқтату оқиғалардың, яғни қауіпті жарақаттар мен өлімге әкелетін салдардың алдын алудың соңғы мүмкіндігі болып табылады. Жұмысты тоқтату құқығы қолданылғаннан кейін, жұмыстар бірден тоқтатылып, жұмысты тоқтату себебі түсіндірілуі тиіс, қажет болса тәуекелдерді азайту бойынша қосымша бақылау шараларын анықтау және табу мақсатында жұмыстардың қауіпсіздігіне талдау жасалуы тиіс. Жұмысшыларды анықталған қатерлер мен қауіпсіздікке байланысты жұмысты тоқтатқандығы үшін мадақтап, алғыс айтады.
- **Алдын ала қауіпсіздік** – жұмыстардың әр кезеңін сапалы зерттеу үшін, жұмыстардың әр кезеңіндегі кездесетін және әлеуетті қауіптер мен тәуекелдерді анықтау және қауіп пен тәуекелді азайту және жою үшін қауіпті бақылау бойынша шараларды анықтау үшін тәуекелдерді бағалау мақсатында қауіпсіздік талдауының бланкісін қолдану.
- **Чек-парақшалар** отпен жұмыс істеуге, биіктіктегі жұмыстарға, ЖКМ, тұйық кеңістіктегі жұмыстар және т.с.с. үшін беріледі.

# Мазмұны

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК
Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік
Қызметкерлерді басқару саясаты
Қызметкерлердің саны
Қызметкерлердің тұрақсыздығы
Қызметкерлерді оқыту және дамыту
Жас мамандарды тарту
Қызметкерлерді ынталандыру және марапаттау
Материалдық емес ынталандыру
Кәсіподақ ұйымдарымен өзара әрекеттестік
Корпоративтік шаралар
Денсаулық және еңбек қауіпсіздігі
Қайырымдылық және демеушілік

- **1C:Safety Walk** («Өскемен ЖЭО» ЖШС) – ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы тексеруді тіркеу бағдарламасы. Кәсіпорын жұмысшыларының тексерісті жүргізу процесі, сонымен қатар қол жеткізілген нәтижелер бригадалардың жұмыс орындарындағы қауіпті әрекеттер мен шарттарды анықтау үшін, сонымен қатар анықталған бұзушылықтарды есепке алу үшін Safety Walk тіркеу бағдарламасына жазылады.
- **LOTO жүйесін қолдану.** Жыл сайын әлемде өнеркәсіптік жабдықты жөндеу немесе оған техникалық қызмет көрсету кезінде, энергияның бақыланбайтын ағынымен байланысты қайғылы жағдайларда өндірістің әр түрлі саласындағы мыңдаған жұмысшылар мерт болады немесе жарақаттар алады. LOTO жүйесі – адамдардың қауіпсіздігін, жабдықтарды қорғауды, оның кедергісіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатындағы энергияның қауіпті көздерін бақылау жүйесі. LOTO жүйесі энергмяның қауіпті көздерін тиісінше ажыратуды қамтамасыз ету мақсатында құзыретті және уәкілетті тұлғалармен жүзеге асырылатын қауіпті энергия көздерін бақылаудың әрбір маңызды кезеңін көп рет тексеру процестеріне негізделген. LOTO жүйесі жабдықты және қауіпті энергияны беруді бұғаттауды қамтамасыз ету кезінде, адам факторына байланысты қауіптерді толықтай жоюға мүмкіндік беретін жөндеу және қызмет көрсету жұмыстары барысында өндірістік қауіпсіздіктің барынша тиімді жүйесі ретінде Халықаралық еңбек ұйымымен (ХЕҰ) қолдануға ұсынылған.
- **Электр доғасынан қорғау үшін костюмдер жинағын жыл сайынғы сатып алу.** Жинақ қауіптің сипатына және пайдалану жағдайларына сәйкес таңдалынады. Жинаққа кіреді: отқа төзімді материалдан жасалған күрте, отқа төзімді материалдан жасалған костюм немесе комбинезон, жылуға берік қолғаптар, бетке арналған қорғаныс экраны бар жылуға берік каска, балаклава.

Электр доғасының әсерінен қорғауға арналған жинақтар оперативті қызметкерлердің қате әрекеттері барысында, сонымен қатар апатты жағдайларда өмірді сақтап қалуға және денсаулықты сақтауға мүмкіндік береді және қауіпті аймақтан көшіру уақытын үзартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қорғаныс жинақтары электр энергиясы өнеркәсібінде апатты жағдайлардың орын алуын, соның ішінде өлімге әкелетін жағдайларды азайтуға мүмкіндік береді.

- **Жыл сайынға ҚТ және экология күндерін өткізу** – бұл қызметкерлерге білім беру, тәжірибелік біліктілікті іс жүзінде тексеру үшін, сонымен қатар қызметкерлерге олардың күнделікті жұмыс барысында еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мәселелердің маңыздылығы туралы ақпаратты жеткізудегі мүмкіндіктердің бірі болып табылады.

Қауіпсіздік техникасы күндері – бұл қауіпсіздік техникасы мен экология мәдениетін арттыруға бағытталған шаралардың өткізудің тиімділігі туралы кері байланысты алу мүмкіндігі. Күнтізбелік жылдың басында ҚТ Күндерін өткізудің кестесі құрылады, оны станция басшылығы бекітеді және онда энергетика және өндірісқе сәйкес бағыттар саласындағы еңбекті және экологияны қорғаудың зөзекті тақырыптары қамтылады. Кесте ай сайын шараларды өткізуге кәсіпорынның барлық құрылымдық бөлімшелерінің жұмысшылары мен кәсіпорында жұмыстарды атқаратын мердігер ұйымдардың қызметкерлері қатысатындай етіп құрылады.

- **КОО-да оқыту (Өскемен ЖЭО).** Қызметкерлер мен мердігерлерді оқытуда Корпоративті оқыту орталығы (КОО) саңызды рөлге ие. Мердігер ұйымдардың қызметкерлерін оқытуды ерекше атап өту керек. Операциялық және құрылыстық мердігерлік ұйымдар Компания ұжымының көп бөлігін құрайды және олардың Топтың қауіпсіздік мәдениетін бөлісуі аса маңызды. КОО-да білім алу – бұл өзіндік іретас болып табылады, мердігер ұйымдардың қызметкерлерімен әрі қарайғы жұмыстың барлығы осыдан басталады.
- **ҚТ және ҚОО бойынша ақпараттық бюллетеньдердің апта сайынғы шығарылымы.**
- **Бағдарламада біліктілік емтихандарын тапсыру кезінде тестілеуді өткізу.**

Жұмысшыларды жарақаттардан және кәсіби аурулардан қорғау тәуекелдерді басқарудың ажырамас бөлігі болып табылады және жоғарғы басшылықпен басқарылады.

Кәсіпорынның көзқарасы тұрғысынан ЕҚ және ҚТ көрсеткіштерін жоғары деңгейде қамтамасыз етуге негізгі себептер бар:

- Адамдардың өмірін сақтау,
- Жарақаттар мен материалды залалдардан болатын шығындарды азайту,
- Аурухана парақшалары бойынша сағаттар санын қысқарту,
- Сақтандыру төлемдерін қысқарту,
- Қызметкерлердің моральдық рухын күшейту және ынталандыруды жақсарту,
- Компанияның нарықтағы беделін жақсарту,
- Заңды шығындарды, айыппұлдар мен өтемпұлдарды өтеуге кететін шығындарды азайту,
- Еңбек тәртібін жақсарту.

### ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы марапттаулар

Кәсіпорын қызметкерлері үшін ҚТ бойынша тоқсан сайынғы бонустар кәсіпорынның және мердігер ұйымдардың қызметкерлерімен қайғылы жағдайлар болмағанда ғана беріледі. Мердігер ұйымдардың қызметкерлерін жұмыстарды қауіпсіз орындауға ынталандыру мақсатында, Кәсіпорын белгілі бір уақыт аралығында үздік мердігер ұйымды немесе мердігер ұйымның үздік қызметкерін анықтауға және оны марапаттауға құқылы.

### Сертификаттау

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС компаниялар тобы ISO 9001 менеджмент сапасы жүйесіне, ISO 14001 экологиялық менеджмент және OHSAS 18001 еңбек қауіпсіздігі жүйесіне сәйкестікке сертификатталған.

## Қайырымдылық және демеушілік

Топ қатысу өңірлеріндегі халықты қолдауға бағытталған әлеуметтік жобалардың белсенді қатысушысы болып табылады.

Жыл сайын 9 мамыр қарсаңында **«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС** Ұлы Отан соғысына, Ауғанстандағы соғысқа қатысушыларға, еңбек майданының қатысушыларына және оларға теңестірілген адамдарға құрмет көрсету үшін материалдық көтермелеумен салтанатты іс-шара өткізеді.

Сондай-ақ, жыл сайын Қазақстан Республикасының Қарттар күнін мерекелеу құрметіне «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС өзінің жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне біржолғы көтермелеу үшін ақшалай қаражат бөледі.

Жыл сайын «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС Созақ ауданындағы аз қамтылған он отбасына және Түркістан облысы Сайрам ауданындағы балалар үйіне материалдық көмек көрсетеді.

**«ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС** оқу жылына «Мектепке жол» бағдарламасы аясында аз қамтылған отбасы балаларын портфельмен және қажетті кеңсе құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етті.

«ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС Қарағанды қаласының қалалық мешіті мен мұсылмандардың рухани басқармасына демеушілік және Қарттар күніне орай Энергетик-ардагерлер кеңесіне материалдық көмек көрсетті.

2018 жылы **«Расчетный сервисный центр» ЖШС** өз қызметкерлеріне мүгедек балаларды емдеуге 804,8 мың теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсетті.

Сондай-ақ, қайырымдылық көмек көрсетуге жергілікті атқарушы органмен жасалған меморандум бойынша ҰОС ардагерлеріне электр энергиясын тұтынуға 120 кВт·с мөлшерде жеңілдіктер беріледі.

ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне – 38 адамға материалдық көмек көрсетілді. Барлығы 447 350 теңге жұмсалды. Азық-түлік себеті сатып алынып, әрқайсысына 5 000 теңгеден төленді.

**«Өскемен ЖЭО» ЖШС** Ардагерлер үйіне 14 тонна көмір бөлді.

Сондай-ақ «Өскемен ЖЭО» ЖШС материалдық көмек көрсетті:

1. «Менің қалам» ҚҚ – 2,5 млн теңге;
2. «Бильярд спорты» РҚБ филиалына – 1,5 млн теңге;
3. «Әуесқойлық волейбол лигасы» ҚБ – 100 мың теңге;
4. «ШҚО энергетик-ардагерлері» ҚБ – 200 мың теңге.

2018 жылы **«Караганда Энергоцентр» ЖШС** «Қалалық бастапқы медициналық-санитарлық көмек орталығы» ЖШС емдеу мекемесімен жасалған келісімшарт аясында 2,4 млн теңгеге жұмысшыларына тегін амбулаториялық ем көрсетті.

Жыл сайын «Караганда Энергоцентр» ЖШС спортты қаржыландыру, дамыту және қызметкерлердің салауатты өмір салтын насихаттау үшін бюджеттен ақшалай қаражат бөледі.

«Караганда Энергоцентр» ЖШС Қарт адамдар күнін мерекелеу аясында ардагерлерге көмек көрсетті, компания зейнеткерлерге дербес шоттарға ақшалай қаражатты аудару жолымен электр энергиясының төлемін ішінара өтеді. 2018 жылы сома 988 мың теңгені құрады.

9 мамырға қарай Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне, ауған-жауынгерлеріне (жұмыскерлерге, соның ішінде бұрынғы қызметкерлерге) 1,2 млн теңге көлемінде көмек көрсетілді.

Ай сайын **«Энергопоток» ЖШС** ҰОС ардагерлеріне тегін 30 кВт электр энергиясын ұсынады.

Жыл сайын Наурыз мерекесіне және Құрбан айт мерекесіне орай «Энергопоток» ЖШС аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетеді. Атап айтқанда, осы санаттағы отбасылар үшін бірінші қажеттіліктегі азық-түлік өнімдерін (ұн, өсімдік майы, қант, ет, тұз) сатып алу және жеткізу жүргізіледі.

Жыл басында **«МЭЭК» АҚ** қызметкерлері «Мүгедек балаларды қолдау қоры» корпоративтік қорына қайырымдылық көмек көрсетті. Электр тораптық компания ұжымы жинаған ақша қаражаты 10 жастағы мүгедек Фатима Салмановаға «Бомбино» жабдығын сатып алуға бағытталған, оның диагнозы: ауыр дәрежедегі БЦС, ауыр дәрежедегі спастикалық тетрапарез.

Сондай-ақ, биыл «МЭЭК» АҚ қызметкерлері «Школьник» орталығының үш тәрбиеленушісіне материалдық көмек көрсетті. «МЭЭК» АҚ қызметкерлерінің жеке қаражатынан жинаған материалдық көмегінің арқасында балалар тобының Нұр-Сұлтан қаласына «Бақытты жұлдыз астында: біз жаңа әлемде өмір сүреміз» балалар мен жастардың қоғамдық ақпарат құралдарының XVI халықаралық медиафестиваліне қатысу үшін сапары төленді.

«МЭЭК» АҚ энергетиктері жыл сайын аз қамтылған отбасыларға, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, ауған-жауынгерлеріне, сондай-ақ еңбек ардагерлері мен бұрын энергетика саласында жұмыс істеген зейнеткерлерге көмек көрсетеді.

«МЭЭК» АҚ қызметкерлері Ресей Федерациясында, Санкт-Петербург қаласында балаға емделу үшін компания қызметкерлерінің біріне материалдық көмек көрсетті.

«МЭЭК» АҚ бұрынғы қызметкерлеріне, атап айтқанда, жұмыс істемейтін 71 зейнеткерге, 2018–2019 жылдары 20 АЕК мөлшерінде материалдық көмек көрсетілді, сондай-ақ жаңа жылға жаңа жылдық сыйлықтар берілді.

4 және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар отбасының ауыр қаржылық жағдайдағы «МЭЭК» АҚ-ның 21 қызметкеріне 20 АЕК көлемінде материалдық көмек көрсетілді.

1 маусым – Балаларды қорғау күні халықаралық мерекесі қарсаңында «МЭЭК» АҚ мүгедек балаларға әр балаға 20 000 теңге көлемінде материалдық көмек көрсетті.

Жаңа жыл қарсаңында «МЭЭК» АҚ тұрмысы төмен отбасылардан шыққан 42 бала үшін облыс әкімдігіне жаңа жылдық сыйлықтар табыстады.

# Мазмұны

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ
«Қараганда Энергоцентр» ЖШС
«Өскемен ЖЭО» ЖШС
Энергия үнемдеу

ККС Казахстанские Коммунальные Системы



# Қоршаған ортаны қорғау

# Қоршаған ортаны қорғау

**Қоршаған ортаға барынша елеулі әсерді энергияны көмірден өндіру көрсетеді. Ақпаратты ашудағы маңыздылық қағидатына сәйкес Компания осы жылдық есепте еншілес энергия өндіруші активтер бойынша қоршаған ортаны қорғау мәселесін жариялайды.**

## «Караганда Энергоцентр»

«Караганда Энергоцентр» ЖШС қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметтерді өзінің күнделікті жұмысының ажырамас бір бөлігі ретінде қарастырады, экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз ету, қоғамның экологиялық тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету қажеттілігін толық түсінеді. 2017 жылы кәсіпорын қолданыстағы экологиялық менеджмент жүйесінің ISO 14001 стандартының талаптарына сәйкестігінен сәтті өтті.

Қоршаған ортаға жауапты қарым-қатынас – «Караганда Энергоцентр» ЖШС Экологиялық саясатының басты қағидасы болып табылады. Аталған саясаттың мақсаттары қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайту, экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету үшін жауапкершілік, энергияны үнемдеу және табиғи және энергия ресурстарын кәсіпорын қызметінде тиімді пайдалану болып табылады. «Караганда Энергоцентр» ЖШС басшылығы ластанудың алдын алу және оны тұрақты жақсарту бойынша Экологиялық саясат қабылдаған міндеттемелерді іске асыру үшін, сонымен қатар қолданылатын заңнамаға және «Караганда Энергоцентр» ЖШС өзінің экологиялық аспектілері тұрғысында қатысы бар басқа да талаптарға сәйкестік үшін жауапкершілікті өз мойнына алады. Компанияның әр қызметкері, сонымен қатар Компанияның мүдесі үшін жұмыс істейтін мердігер ұйымдардың жұмысшылары «Караганда Энергоцентр» ЖШС Экологиялық саясатымен таныс.

«Караганда Энергоцентр» ЖШС-де жыл сайын Экологиялы саясат қалыптастырылады, онда қажетті табиғатты қорғау шаралары, сондай-ақ оларды іске асырудың шығындары анықталған.

2018 жылы қоршаған ортаны қорғау бойынша кәсіпорынның өз күшімен және бөгде ұйымдардың қатысуымен келесі шаралар жасалған:

### Қарағанды ЖЭО-1

- Күл-қоқыс қалдықтарының, мазут және көмірдің радиациялық сапасына сынақтар жүргізу.
- Қалдықтарды қайта өңдеу, жою және орналастыру үшін мүдделі жеке және заңды тұлғаларға беру.
- Топырақ бетіне мониторинг жүргізу.
- Күл үйінділеріне жақын орналасқан жер телімдерін күл-қоқыс қалдықтарының ластауынан қорғау, жаз айларында күл үйінділерінің ашық жатқан жағажайларын саздақ топырақпен жабу (шаңды басу).
- Желілік судың сапасын анықтау.
- Сорғылық тұнған суды жөндеу және тексеру.
- КВЦ бекіту арматурасын жөндеуден өткізу және жартылай алмастыру.
- Санитарлық-қорғаныс және қоныстану аймағының шекарасында атмосфералық ауаға әсеріне мониторинг жүргізу.
- Тозығы жеткен тораптарды тексеру және жөндеу, ПТВП-100 №1–3 қазан агрегаттарының КТҚ сормаларын жөю.
- Тозығы жеткен тораптарды тексеру және жөндеу, БКЗ-50 №1–5 қазан агрегаттарының КТҚ сормаларын жөю.
- БКЗ-50 №1–5 және ПТВП-100 №1–3 қазандықтарының ЗУУ режимдік-реттеу сынақтары.

### Қарағанды ЖЭО-3

- Санитарлық-қорғаныс шекарасында атмосфералық ауаға әсеріне мониторинг жүргізу.
- Желілік судың сапасын анықтау.
- Топырақ бетіне мониторинг жүргізу.
- Қалдықтарды қайта өңдеу, жою және орналастыру үшін мүдделі жеке және заңды тұлғаларға беру.
- Күл-қоқыс қалдықтарының, мазут және көмірдің радиациялық сапасына сынақтар жүргізу.
- Экология саласындағы нормативтік құжаттаманы дайындау.
- Жану құрылғыларын жөндеу және жартылай алмастыру.
- №1–7 қазан агрегаттарының күл тұтқыш құрылғыларын режимдік-реттеу сынақтары.
- Тозығы жеткен тораптарды тексеру, ауыстыру, №1–8 қазан агрегаттарының күл тұтқыш құрылғыларындағы сормаларын жою;
- СГК-509 стационарлық газ-талдау кешеніне техникалық қызмет көрсету және тексеру жүргізу;
- Таспалы конвейерлерде бумен шаңсыздандыру құрылғысын ревизиялау және жөндеу;
- Экология саласында біліктілікті арттыру.

ҚОҚ шараларын іске асыру үшін «Караганда Энергоцентр» ЖШС барлығы 91,5 млн теңге жұмсады.

Тәуекелдерді басқару жүйесі сәтті жұмыс істейді, ол «Караганда Энергоцентр» ЖШС қызметіне ішкі және сыртқы жағымсыз факторлардың әсер ету деңгейін шектеу арқылы қызметтің үздіксіздігін және тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Қоршаған ортаға жағымсыз әсерді ескерту мақсатында жыл сайын экологиялық тәуекелдерді бағалап, оларды азайту бойынша іс-шараларды анықтайды, олар 2018 жылдың қорытындысы бойынша толықтай іске асырылған.

Құрылыс, қайта құрылымдау, жабдықтарды және құрылымдарды жаңарту жобаларын қарастыру барысында «Караганда Энергоцентр» ЖШС қоршаған ортаға әсер етудің барлық түрлерінің толық болуын бағалап, оларды азайту бойынша шараларды дайындайды.

«Караганда Энергоцентр» ЖШС барлық экологиялық тәуекелдері 2018 жылы басқарылатын жағдайларда болған, тәуекелдердің толық талдауы кәсіпорынның экологиялық аспектілер тізілімдемесінде анықталған.

ЖЭО-1 және ЖЭО-3 санитарлық-қорғаныс аймақтарының өлшемдері ҚР ҰЭМ 2015 жылғы 20 наурыздағы №237 бұйрығымен бекітілген өндірістік нысандардың санитарлық-қорғаныс аймақтарын орнату бойынша Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес анықталады. Берілген ережелердің негізінде ЖЭО-1 500 метр өлшемді санитарлық-қорғаныс аймағымен (СҚА) 2-санатты қауіпті кәсіпорындар қатарына жатады. ЖЭО-3 1 000 метр өлшемді санитарлық-қорғаныс аймағымен (СҚА) 1-санатты қауіпті кәсіпорындар қатарына жатады

ҚР Экологиялық кодексінің 40-бабының негізінде және өндірістік нысандарды санитарлық жіктеуге сәйкес ЖЭО-1 және ЖЭО-3 өндірістік алаңдары 1-категорияға жатады.

### Атмосфералық ауаны қорғау

«Караганда Энергоцентр» ЖШС табиғаттың ірі пайдаланушысы болып табылады және Қарағанды қаласының атмосфералық ауасын ластауға едәуір үлесін қосады.

ҚР экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес ЖЭО-1 және ЖЭО-3 үшін нормативтік құжаттар (ААРЕШ, ҚОӘБ) дайындалды және шектік рұқсат етілген концентрациялар орнатылған (ШРЕК).

Қоршаған ортаға техногенді әсерді азайту үшін ЖЭО барлық қазан агрегаттары күл тұтқыш жүйесімен жабдықталған.

Күл тұтқыш қондырғыларды қайта құрылымдау бойынша шараларды іске асыру күлді төгуді айтарлықтай азайтты.

Техникалық реттеменің талаптарын сәйкес, ЖЭО-3 қазандықтарында стационарлы газ талдаушы кешен орнатылған, ол әрбір қазан агрегаттардағы түтінді газдардың құрамындағы зиянды заттардың концентрацияларына үздіксіз мониторинг жасауға мүмкіндік береді.

ҚР экологиялық заңнамасының талаптарын сақтау және ЖЭО-1 және ЖЭО-3 станцияларында ластаушы заттарды шығаруды азайту жобаларын қолдау мақсатында операциялық мониторинг орындалады, ол мына деректерді қамтиды: стационарлық көздерден қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларды есептеу, өндірілген өнімді есепке алу, шикізат пен материалдардың шығыны, әрбір жабдық бірлігінің жұмыс істеген сағаттарының саны, жағылған жанармайдың сапасы мен құрамы.

Стационарлық көздерден болған жалпы шығарындылардың көлемі 2018 жылы жылына 36 058 тонна бекітілген норматив кезінде 46 394 тоннаны құрады.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексіне сәйкес, жылжымалы көздерден болатын шығарындылар есепке алынбайды, жылжымалы көздерден болатын шығарындылар үшін төлемдерді есептуге негіз ретінде пайдаланылатын жанармайдың мөлшері қолданылады. Компания қызметі үшін және жұмыстарды орындау үшін қолданылатын жұмысшылар, шикізаттар, материалдар қысқа қашықтықтарға тасымалданады және қоршаған орта үшін айтарлықтай әсер етпейді.

2018 жылы стационарлы көздерден болатын ластаушы заттарды шығару үшін салық төлемдері 290 656 мың теңгені, ал жылжымалы көздерден (көлік) – 827 мың теңгені құрады

| Шығарындылардың түрлері (тонна/жылына) | 2016 ж. | 2017 ж. | 2018 ж. |
|---|---|---|---|
| **Қарағанды ЖЭО-1** | | | |
| **Барлығы, соның ішінде:** | **2 451,883** | **2 700,496** | **3 220,002** |
| Күл (бейорганикалық шаң $SiO_2$ – 70–20%) | 520,195 | 528,749 | 609,290 |
| Азот тотықтары ($NO_x$) | 289,698 | 366,261 | 381,310 |
| Күкірт диоксиді ($SO_2$) | 1 347,914 | 1 579,958 | 1972,691 |
| Көміртегі оксиді (CO) | 108,137 | 72,963 | 105,691 |
| Басқалар | 185,939 | 152,565 | 151,020 |
| **Қарағанды ЖЭО-3** | | | |
| **Барлығы, соның ішінде:** | **34 946,119** | **30 267,124** | **32 838,118** |
| Күл (бейорганикалық шаң $SiO_2$ – 70–20 %) | 7 210,676 | 5 188,492 | 5 346,376 |
| Азот тотықтары ($NO_x$) | 10 358,444 | 8 785,880 | 8 801,135 |
| Күкірт диоксиді ($SO_2$) | 16 704,490 | 15 638,848 | 17 927,338 |
| Көміртегі оксиді (CO) | 548,783 | 515,198 | 463,489 |
| Басқалар | 123,726 | 138,706 | 299,780 |
| **«Караганда Энергоцентр» ЖШС бойынша барлығы** | **37 394,002** | **32 967,620** | **36 058,120** |

# Мазмұны

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ
«Қараганда Энергоцентр» ЖШС
«Өскемен ЖЭО» ЖШС
Энергия үнемдеу

ҚР экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес 2017 жылы ЖЭО-1 және ЖЭО-3 станциясында жағылған жанармайдан (көмір, мазут) болған парниктік газдарды шығаруға инвентаризация жүргізілген.

Анықталған есептемелер бекітілген мерзімдерде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдарға жолданған.

2018 жыл бойынша «Караганда Энергоцентр» ЖШС атмосфераға 6 070 392 тонна ($CO_2$) парниктік газдар шығарған, соның ішінде:

**Қарағанды ЖЭО-1**

- Көміртігінің қостотығы ($CO_2$) – 410 008 тонна;
- Метан ($CH_4$) – 3 тонна ($CO_2$ – 57);
- Азоттың шала тотығы ($N_2O$) – 5 тонна ($CO_2$ – 11 605);

**Қарағанды ЖЭО-3**

- Көміртігінің қостотығы ($CO_2$) – 5 633 202 тонна;
- Метан ($CH_4$) – 40 тонна ($CO_2$ – 843);
- Азоттың шала тотығы ($N_2O$) – 80 тонна ($CO_2$ – 24 677).

Өз қызметінің нәтижесінде «Караганда Энергоцентр» ЖШС климаттың өзгеруіне әсер ететін озон қабатын бұзатын заттарды шығармайды.

## Қалдықтарды басқару

ЖЭО-1 және ЖЭО-3 станцияларында өндірістік қызмет барысында өнекәсіптік және тұрмыстық қалдықтар пайда болады, олар қауіптің жасыл және кәріптас түсті деңгейлеріне жатады.

ҚР экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес, ЖЭО-1 және ЖЭО-3 станциялары үшін қалдықтарды басқару жөніндегі нормативтік құжаттар дайындалған (ҚОН, қалдықтарды басқару бағдарламасы, қауіпті қалдықтардың төлққұжаттары).

Кәсіпорында қалдықтардың барлығы 28 түрі түзіледі:

Кәріптас түсті деңгейдегі қауіпті қалдықтар:

1) пайдаланылған ион алмасушы қарамайлар;
2) құрамында сынап бар пайдаланылған шамдар;
3) құрамында сынап бар пайдаланылған аспаптар (термометрлер);
4) пайдаланылған қорғасын аккумуляторлар;
5) «Б» санатты медициналық пункт қалдықтары;
6) майланған дәке;
7) пайдаланылған автомобиль сүзгілері;
8) пайдаланылған майлар;
9) лак-бояу материалдарынан қалған ыдыстар;
10) пайдаланылған қағаз т/ж шпалдар;

Жасыл деңгейлі қауіпті қалдықтар:

1) күл-қож қоқыстары;
2) түсті металдар сынығы;
3) қара металдар сынығы;
4) дәнекерлеу электродтарының күйіктері;
5) пайдаланылған шиналар;
6) қатты тұрмыстық қалдықтар;
7) пайдаланылған ауа сүзгілері;
8) тамақ қалдықтары;
9) жылу оқшаулағыш қалдықтар;
10) құрылыс қалдықтары;
11) кеңсе және электронды техникаларды пайдалану қалдықтары;
12) пайдаланылған арнайы киімдер;
13) өсімдіктерді өсіру қалдықтары;
14) ағашты өңдеу қалдықтары;
15) резеңке техникалық бұйымдардың қалдықтары;
16) электр оқшаулағыш материалдардың қалдықтары;
17) абразивті-металды шаң;
18) абразивті бұйымдардың сынығы.

2018 жылы ЖЭО-1 және ЖЭО-3 станцияларында барлығы 1 547,470 тонна өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар түзілген, соның ішінде: кәріптас түсті деңгейлі қалдықтар – 188,712 тонна және жасыл деңгейлі қалдықтар – 1 547 000,758 тонна.

ҚР экологиялық заңнамасының талаптарына және Компаниядағы нормативтік құжаттарға сәйкес, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың түзілуі, рұқсатнамасы, жинақталуы, сақталуы және адалауды есепке алу жүргізіледі.

2018 жылы станциялардың өнеркәсіптік алаңдарында 17,233 тонна өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар зиянсыздандырылып, жойылған және қайта пайдаланылған, шарт негізінде бөгде ұйымдарға жою үшін 4 926,274 тонна қалдықтар берілген, жинақтауыштарда (күл үйінділерінде) 1 542 245,963 тонна күл-қоқыс қалдықтары орналастырылған. ЖЭО-1 күл-қоқыс қалдықтары гидротехникалық құрылыс болып табылатын ауданы 24 Га күл үйіндісіне орналастырылады. 2016 жылы «Қарағанды қаласының мемлекеттік активтер және сатып алулар бөлімі» ММ «Караганда Энергоцентр» ЖШС-не шарт негізінде сенімді басқаруға ауданы 40 Га құрғақтай жиналатын күл үйіндісін берген. Жобаға сәйкес аталған күл үйінділерін пайдаланудың аяқталу мерзімі 2027–2028 жылдарға жоспарланған.

ЖЭО-3 күл-қоқыс қалдықтары ауданы 188,5203 Га №2 күл үйіндісінің 1-ші және 2-ші секцияларына жиналады. №2 күл үйіндісінің 1-ші және 2-ші секцияларын пайдалану мерзімі 2020 жылы аяқталады. 2016 жылы «ИНФОРМ ТЕХ» ЖК «3-ші секцияның қоршаушы бөгетін арттыру арқылы Қарағанды ЖЭО-3 станциясының №2 күл үйіндісін қайта құрылымдау» жобасын дайындады. Аталған жобаны жүзеге асыру №2 күл үйіндісін пайдаланудың мерзімін 3,5 жылға ұзартуға мүмкіндік береді.

2018 жылғы 31 желтоқсан бойынша станциялардың күл үйінділерінде барлығы – 9 299 469,828 тонна күл-қоқыс қалдықтары жиналған, олардың ішінде:

- ЖЭО-1 – 871 869,288 тонна;
- ЖЭО-3 – 8 427 60,540 тонна.

2018 жылы күл-қоқыс қалдықтарын орналастыру эмиссиясы үшін төлемдер 61,4 млн теңгені құрады.

2018 жылы өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды өткізуден түскен пайда 12,6 млн теңгені құрады

## Су ресурстары

ЖЭО-1 және ЖЭО-3 станцияларындағы технологиялық процестерге сәйкес, сумен қамтамасыз етудің айналмалы жүйесі жұмыс істейді. Сумен қамтамасыз етудің айналмалы жүйесіндегі жоғалутлардың орнын толтыру үшін және шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін ЖЭО-1 және ЖЭО-3 станцияларында сапалы іштетін су пайдаланылады. ЖЭО-1 станциясына су «АрселорМиттал Теміртау» АҚ және «Қарағанды Су» ЖШС-нен алынады. ЖЭО-1 станциясының тұтыну көлемі 2018 жылы 607 279,971 тоннаны құрады, соның ішінде: «АрселорМиттал Теміртау» АҚ – 521 715 тонна, «Қарағанды Су» ЖШС – 85 564,971 тонна. Соның ішінде: технологиялық қажеттіліктер шығыны 564 533,971 тонна, шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер – 42 746 тонна. ЖЭО-1 сумен айналымды қамтамасыз ету 2018 жылы 3207,6 тыс. тоннаны, қайта пайдалану – 564,5 тыс. тоннаны құрады.

Қарағанды ЖЭО-3 станциясын сумен қамтамасыз ету «Қарағанды Су» ЖШС тазарту құрылғыларынан шартты негізде жүргізіледі.

ЖЭО-3 станциясының суды тұтыну көлемі 2018 жылы 16 381 479,915 тоннаны құрады, соның ішінде технологиялық қажеттіліктер үшін – 16 117 807,705 тонна, шаруашлықы-тұрмыстық қажеттіліктер үшін – 263 672,210 тонна. ЖЭО-3 айналымындағы сумен қамтамасыз ету 626 430 мың тоннаны, қайта пайдалану – 1679 мың тоннаны құрады.

ЖЭО-1 және ЖЭО-3 шаруашылық-тұрмыстық суағарлары шартты негізде «Қарағанды Су» ЖШС тазарту құрылғыларына жіберіледі. Жергілікті жер бедерлеріне және су нысандарына төгілмейді.

Өндірістік экологиялық бақылау барысында станцияларда «Қарағанды Су» ЖШС және «АрселорМиттал Теміртау» ЖШС, сонымен қатар ЫСЖ-дан алынған судың сапасына үнемі мониторинг жүргізіледі. Жүргізілетін мониторинг қорытындысы бойынша алынатын және берілетін су санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келеді.

Ай сайын станцияларда зәр-нәжістік және жауын-шашын кәріздерінен алынған ақпа сулардың, күл үйіндісінен алынған тұнған сулардың, салқындату суының сынамалары алынады. Аталған сулардың сапасы ТПЕ талаптарына сәйкес келеді.

ҚР Су және Экологиялық кодекстерінің талаптарына сәйкес, ЖЭО-1 және ЖЭО-3 күл үйінділері аумағында беткі және жер асты суларына мониторинг жүргізіледі. Тәуелсіз аккредиттелген ұйым жүргізген мониторинг нәтижелері бойынша 2018 жылы беткі және жер асты суларына айтарлықтай әсерлер анықталмаған.

## Жер ресурстары

Жердің қайта ластануына қазандықтардың оттықтарында отынды жағу кезінде түзілетін және ЖЭО-1 және ЖЭО-3 күл үйінділерінде жинақталатын күл-қоқыс қалдықтары әсер етуі мүмкін. Топырақтың ластану қаупінің алдын алу үшін станцияларда жыл сайын күл үйінділерінің шаңдауын болдырмас үшін іс-шаралар өткізіледі.

От жағу маусымы аяқталған соң, ЖЭО-1 станциясында күл үйіндісінің шаңдауының алдын алу үшін күл-қоқыс қалдықтарын саздақ топырақпен жабу жұмыстары жүргізіледі (саздақ қабатының қалыңдығы кемінде 30 см).

ЖЭО-3 күл үйіндісінде күл үйіндісінің шаңдауының алдын алу үшін күн сайын ыдыстағы судың деңгейі және күл жағажайларының шайылуы бақыланады.

2018 жылы тәуелсіз аккредиттелген ұйыммен топырақ бетіне жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша, ЖЭО-1 және ЖЭО-3 топырақ ресурстарына айтарлықтай әсер етуі анықталмаған.

Мазмұны

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ
«Қараганда Энергоцентр» ЖШС
«Өскемен ЖЭО» ЖШС
Энергия үнемдеу

# «Өскемен ЖЭО» ЖШС

«Өскемен ЖЭО» ЖШС Өскемен қаласының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін кәсіпорын болып табылады, оның негізгі қызмет түрі жылу және электр энергиясын өндіру болып табылады. Өскемен қаласының тұрғын үй секторын жылу энергиясымен қамтамасыз етуден басқа, кәсіпорын қаланың бірқатар өнеркәсіп кәсіпорындарын («Қазмырыш» ЖШС ӨМК, «УМЗ» АҚ және басқалар) жылумен және электрмен жабдықтау көзі болып табылады. Өндірістік қызмет процесінде қазақстандық кен орындарының көмірі пайдаланылады. Өндірістің экологиялық қауіпсіздігі «Өскемен ЖЭО» ЖШС қызметіндегі басымдылықтардың бірі болып табылады.

## Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат

Өскемен қаласындағы тіршілікті қамтамасыз ететін кәсіпорын бола отырып, «Өскемен ЖЭО» ЖШС сенімді жылумен қамтамасыз ету, өндірістің экологиялық қауіпсіздігі және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі арасындағы теңгерімді сақтауға ұмтылады. Қоршаған ортаның ластануының алдын алу және экология саласындағы көрсеткіштерді жақсарту, сонымен қатар энергия ресурстарын ұтымды пайдалану арқылы қолайлы қоршаған ортаны сақтау кәсіпорынның біріккен саясатының сапа, экология, энергия менеджменті, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында басым мақсаттар болып табылады.

Интеграцияланған саясат мақсаттарына қол жеткізу үшін кәсіпорында төрт халықаралық стандарттардың қолданылуына негізделген интеграцияланған менеджмент жүйесі енгізілді және табысты жұмыс істейді: ISO 9001; ISO 14001; ISO 50001; OHSAS 18001, бұл өз қызметті тұрақты жетілдіру жолында болуға мүмкіндік береді. Интеграцияланған менеджмент жүйесінің бір бөлігі болып табылатын экологиялық менеджмент жүйесі «Өскемен ЖЭО» ЖШС-не енгізілген және 2008 жылдан бастап жұмыс істейді. 2018 жылы «Өскемен ЖЭО» ЖШС интеграцияланған менеджмент жүйесін инспекциялық тексеруден сәтті өтті, қызмет ететін экологиялық менеджмент жүйесінің ISO 14001:2015 халықаралық стандартының (ҚР СТ ИСО 14001-2016) талаптарына сәйкестігі расталды.

Кәсіпорынның экологиялық менеджмент жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде жыл сайын бөлімшелер мен жалпы кәсіпорынның экологиялық аспектілерінің тізбесі өзектендіріледі, экологиялық тәуекелдер мен елеулі экологиялық аспектілерге байланысты мүмкіндіктер тізбесі айқындалады, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мақсаттар мен міндеттер қойылады, жыл сайын олардың орындалуына бағалау жүргізіледі. «Өскемен ЖЭО» ЖШС, сонымен қатар мердігер ұйымдардың жұмысшылары қолданыстағы экологиялық талаптарды оқытудан жиі өтіп тұрады:

- станцияның құрылымдық бөлімшелерінде нұсқамалықтар өткізіледі;
- қауіпсіздік техникасы мен эколгия күндерін ай сайын өткізу;
- қайтадан қабылданған қызметкрелер Корпоративтік оқыту орталықтарында (КОО) өткізілетін жаңа қызметкерлерге арналған курстардан өтеді;
- мердігер ұйымдардың қызметкерлері станцияның жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету бойынша жұмыстарды бастар алдында міндетті түрде КОО-да оқу курсынан өтеді, курс аясында қолданыстағы экологиялық талаптармен танысу жүргізіледі;

«Өскемен ЖЭО» ЖШС өз қызметін ҚР экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырады, кәсіпорын қызметінің қоршаған ортаға әсерін азайту мақсатында экологиялық іс-шараларды орындайды. Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетімен мақұлданған.

2018 жылы «Өскемен ЖЭО» ЖШС қоршаған ортаны қорғау бойынша табиғатты қорғау қызметі саласындағы 9 бағыт бойынша келесі шараларды жүзеге асырды:

1) 5/2 конвейердің жүкті босату кезіндегі ағып кетулерін қайта құрылымдау;
2) отын берудің аспирациялық қондырғыларын қалпына келтіру;
3) жобалық шешімді таңдау бойынша сараптамалық қорытынды ала отырып, азот тотығының шығарындыларын азайту мүмкіндігін анықтау мақсатында № 15 ст. қазандық агрегатын тексеру;
4) № 15 ст. қазандық агрегатының азот тотығының шығарындыларын төмендету бойынша жобаны әзірлеу және енгізу;
5) № 13 ст. қазандық агрегатын 1-сатылы ауа жылытқышты ауыстыра отырып күрделі жөндеу;
6) № 13, 15 ст. қазан агрегаттарының эмульгаторларының бұйралағышын ауыстыру;
7) шығарындыларды бақылаудың автоматтандырылған жүйесіне қызмет көрсету;
8) № 2 вагон аударғышты қайта жабдықтаумен және шаң тазалауды қамтамасыз етумен № 1 вагон аударғышты қайта жаңарту;
9) парниктік газдар шығарындыларын түгендеу;
10) аккредиттелген тәуелсіз ұйымның парниктік газдарды түгендеу туралы есебін верификациялау;
11) желдеткіш градирняларды қалпына келтіру;
12) ағынды сулар эмиссиясын мониторингтеу және су объектісін мониторингтеу;
13) ластаушы заттардың (сорбенттердің) төгілуін болдырмау және жою құралдарының жиынтығын сатып алу;
14) аумақты көгалдандыру;
15) жаңа күл үйіндісін салу бойынша дайындық жұмыстарын жобалау және жүргізу;
16) № 3 күл үйіндісін қайта жаңарту;
17) күл-қож қалдықтарын, оның ішінде № 3 күл үйіндісін қайта жаңарту кезінде құрылыс материалы ретінде пайдалану;
18) күл құбырларын күрделі жөндеу;
19) құрамында сынап бар шамдарды, өңделген көлік шиналарын және резеңке-техникалық бұйымдарды кәдеге жаратуға беру;
20) № 5 күл үйіндісінің құрылысына бөлінген жер учаскесінен иесіз ластануды кәдеге жарату;
21) қатты отынды радиациялық бақылау;
22) экологиялық менеджмент жүйесінің бақылау аудиті;
23) № 3 күл үйіндісі орналасқанауданда жер бетінің деформациясын бақылау;
24) экологиялық зерттеулер жүргізу: күл үйіндісінің және өнеркәсіп алаңдарының орналасқан жерінде экологиялық бақылау (қоршаған орта сапасын мониторингтеу);
25) Ұңғымаларды айдау және күл үйіндісі мен өнеркәсіп алаңы орналасқан жерде су сынамаларын іріктеу;
26) күл үйіндісі орналасқан ауданда қоршаған ортаның ластану деңгейін анықтау;
27) № 3 күл үйіндісінің СҚА шекарасында табиғи өлшеулер мен зерттеулер жүргізу;
28) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру;
29) экологиялық жарнама, насихаттау және ағарту.

2018 жылы қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын іске асыруға жұмсалған нақты шығындар 1 150,687 млн теңгені құрады.

2018 жылдың қорытындысы бойынша «Өскемен ЖЭО» ЖШС «Есептіліктің ашықтығы» критерийін бағалау бойынша аймақтың үздік кәсіпорны болып танылды. Кәсіпорынға «Экологиялық есептілік ашылды» экологиялық есептіліктің жоғары айқындылық белгісі берілді.

«Өскемен ЖЭО» ЖШС 2018 жылы өзара тиімді ынтымақтастық пен Қазақстандағы бизнес-ортаға тұрақты даму қағидаттарын ілгерілетуге бағытталған қызметті қолдау үшін алғыс сертификатына ие болды. Сертификатты тұрақты даму үшін Қазақстандық табиғат пайдаланушылар қауымдастығы берді.

## Атмосфералық ауаны қорғау

«Өскемен ЖЭО» ЖШС қызметінің негізгі түрі – жылу және электр энергиясын өндіру. Кәсіпорын Өндірістік объектілердің санитариялық-қорғаныш аймағын белгілеу бойынша санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес (ҚР ҰЭМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 237 бұйрығымен бекітілген) 1 000 метр нормативтік санитарлық-қорғаныс аймағы өлшемі бар қауіптіліктің 1-сыныбындағы кәсіпорындарға жатады. ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес «Өскемен ЖЭО» ЖШС I санаттағы объектілерге жатады.

2018 жылы «Өскемен ЖЭО» ЖШС қоршаған ортаға эмиссиялары 2017 жылғы 11 желтоқсандағы № KZ17VCZ00145585 2018–2019 жылдар үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат негізінде жүзеге асырылды.

Алдыңғы жылдары «Өскемен ЖЭО» ЖШС келесі маңызды экологиялық іс-шараларды іске асырды:

- 2004–2012 жылдар аралығында станцияның барлық тоғыз қазандық агрегаттарындағы күл ұстағыш қондырғылар 2-буынды эмульгаторларға ауыстырылды. Осы іс-шараны іске асыру шығатын түтін газдарынан көмір күлін ұстау тиімділігін 99,1%-ға дейін арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар осы іс-шараны іске асыру реагенттерді қоспай күкірт диоксидін ұстау тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді;
- 2009–2013 жылдар аралығында жоғары қысымды қазандық агрегаттарында (№ 11-15 ст.) атмосфераға азот тотықтарының шығарылуын азайту мақсатында жоғары концентрациядағы шаңды беру технологиясын енгізе отырып, жанарғы құрылыларын қайта жаңарту жүргізілді. Осы іс-шараны іске асыру шығатын түтін газдарындағы азот тотықтарының концентрациясын 20%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Өскемен ЖЭО-да ҚР Энергетика министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 155 бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес барлық қолайлы қолжетімді технологиялар енгізілді.

«Өскемен ЖЭО» ЖШС өндірістік экологиялық бақылаудың әзірленген бағдарламасы негізінде қоршаған ортаға эмиссияларға өндірістік экологиялық бақылауды (ӨЭК) жүзеге асырады. ӨЭБ ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес МЕСТ ИСО/МЭК 17025-2009 талаптарына сәйкес аккредиттелген жеке санитарлық-өнеркәсіптік зертханамен, сондай-ақ, бөгде ұйымдардың аккредиттелген зертханаларды тарта отырып жүзеге асырылады.

Стационарлық көздерден жалпы шығарындылардың көлемі жылына 15 714 тонна белгіленген норматив кезінде 2018 жылы 14 853 тоннаны құрады.

# Мазмұны

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ
«Қарағанда Энергоцентр» ЖШС
«Өскемен ЖЭО» ЖШС
Энергия үнемдеу

2018 жылы тұрақты көздерден атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары үшін есептелген салық төлемдері 197 498 мың теңгені, жылжымалы көздерден (көлік) – 734 мың теңгені құрады.

| Ластаушы заттардың шығарындылары (тонна/жыл) | 2016 ж. | 2017 ж. | 2018 ж. |
|---|---|---|---|
| **«Өскемен ЖЭО» ЖШС** | | | |
| **Барлығы, оның ішінде:** | **11 832,703** | **13 917,538** | **14 853,291** |
| Күкірт диоксиді ($SO_2$) | 6 431,016 | 7 521,222 | 7 976,945 |
| Азот диоксиді ($NO_2$) | 3 335,263 | 3 770,589 | 4 014,725 |
| Азот тотығы (NO) | 541,972 | 613,549 | 652,393 |
| Күл (органикалық емес шаң 70–20% $SiO_2$) | 1 405,216 | 1 853,949 | 2 062,245 |
| Көміртек тотығы (CO) | 96,118 | 135,244 | 121,710 |
| Өзге | 23,118 | 22,985 | 25,273 |

2018 жылғы парниктік газдар шығарындыларын түгендеу нәтижелері бойынша парниктік газдар шығарындыларының көлемі:

- көміртегінің қос тотығы ($CO_2$) – 2 651 653,316 тонна;
- метан ($CH_4$) – 19,097 тонна (401,041 тонна $CO_2$ баламалы);
- азот тотығы ($N_2O$) – 37,943 тонна (11 762,388 тонна $CO_2$ баламалы).

## Қалдықтарды басқару

«Өскемен ЖЭО» ЖШС өндірістік қызметінің барысында жасыл және кәріптас түсті қауіп деңгейлеріне жататын өндірістік және тұтыну қалдықтары түзіледі.

ҚР экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес, «Өскемен ЖЭО» ЖШС қалдықтармен жұмыс істеу бойынша нормативтік құжаттарды жасап шығарды (қалдықтарды орналастыру нормативтері, қауіпті қалдықтардың төлқұжаттары, қалдықтарды басқару бағдарламасы), сонымен қатар қалдықтармен жұмыс істеу бойынша ҚР экологиялық заңнамасының талаптары сақталынады.

Кәсіпорында қалдықтардың барлығы 26 түрі түзіледі, соның ішінде:

Кәріптас түсті қауіп деңгейіндегі қалдықтар:

1) құрамында сынап бар пайдаланылған шамдар;
2) пайдаланылған трансформаторлық май;
3) пайдаланылған турбиналық май;
4) пайдаланылған дизель майы;
5) пайдаланылған индустриалдық май;
6) пайдаланылған майлаушы-салқындатушы сұйықтық;
7) мұнай қалдықтары;
8) бүтін немесе бөлінген қорғасын аккумуляторлардың батареялары;
9) майланған дәке;
10) пайдаланылған герметиктегіш сұйықтық;
11) тазарту құрылғыларындағы тұнбалар;
12) қышқылды ерітінділер;

Жасыл деңгейлі қауіпті қалдықтар:

1) күл-қоқыс қалдықтар;
2) металл сынықтары;
3) жез қалдықтары мен сынықтары;
4) мыс қалдықтары мен сынықтары (кабель қалдықтары);
5) алюминий қалдықтары мен сынықтары (кабель қалдықтары);
6) тазарту құрылғыларының катионды қарамайлары;
7) резеңке техникалық бұйымдардың қалдықтары;
8) жабдықтар мен құбыр желілерін айналдыра қаптау қалдықтары;
9) ағаштарды өңдеу қалдықтары;
10) пластмасса қалдықтары мен сынықтары;
11) құрылыс-жөндеу жұмыстарының қалдықтары;
12) электронды сынықтардың қалдықтары;
13) қағаз және картон макулатура қалдықтары;
14) қатты тұрмыстық қалдықтар;
15) шыны сынықтары және басқа шыны қалдықтары.

2018 жылы Өскемен ЖЭО-да барлығы 224 005,16 тонна қалдық пайда болды, соның ішінде:

- кәріптас деңгейлі қалдықтар – 26,251 тонна;
- жасыл деңгейлі қалдықтар – 223 978,909 тонна.

2018 жылы 153 626,85 тонна қалдық қайта пайдаланылған, шарттар бойынша бөгде ұйымдарға 2 648,144 тонна берілген, № 3 күл үйіндісінде 221 717,508 тонна күл-қоқыс қалдықтары орналастырылған.

2019 жылғы 1 қаңтар бойынша «Өскемен ЖЭО» ЖШС әрекет етуші № 3 күл үйіндісінде барлығы 1 929 916 тонна күл-қоқыс қалдықтары жинақталған.

Күл-қоқыс қалдықтары ауданы 31,6 Га қолданыстағы күл үйіндісіне орналастырылады.

2017 жылы дамбаны жетілдіруді және оны пайдалану мерзімін ұзартуды қарастыратын әрекет етуші № 3 күл үйіндісін қайта құрылымдаудың жұмыс жобасы дайындалған.

2018 жылы күл үйіндісі дамбасын, соның ішінде жинақталған күл-қож қалдықтарын пайдалану жолымен өсіру бойынша жұмыстар басталды. Қайта құру кезеңін аяқтау 2019 жылға жоспарланған. Бір уақытта № 5 жаңа күл үйіндісінің құрылысына дайындық бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Күл үйінділерін орналастыру үшін салық төлемдері 2018 жылы 17 597 мың теңгені құрады.

## Су ресурстары

Қолданыстағы ЖЭО сумен қамтамасыз етудің техникалық жүйесі – тік ағынды және ауа желдеткіш градирнясы бар айналымды жүйе.

«Өскемен ЖЭО» ЖШС сумен жабдықтаудың көзі Үлбі өзені (өзіндік су тоғаны бар), айналымды сумен қамтамасыз ету жүйесі, «Өскемен-Водоканал» МКК желілері және «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ (ҮМЗ) Атаман су тоғаны болып табылады.

Үлбі өзенінен алынатын техникалық су негізгі және қосалқы жабдықтарды салқындату үшін қолданылады; гидрокүлді жоюдың айналымды жүйесін толықтыру; градирняны толықтыру; суды бөгде тұтынушыларға беру; орташа қысымды қазан агрегаттарда бу мен конденсаттың жоғалуын орындау. «Өскемен-Водоканал» МКК-нан алынған сапалы ішетін су қаланың жылу желілерін («Өскемен жылу жүйелері» АҚ) толықтыру үшін және ЖЭО шаруашылығына және ішу мақсатында қолданылады. «ҮМЗ» АҚ артезиан суы ЖЭО технологиялық қажеттіліктері үшін («ҮМЗ» АҚ, «Казцинк» ЖШС тұтынушыларына будың жоғалуын орындау үшін), қаланың жылу желілерін толықтыру үшін («Өскемен жылу жүйелері» АҚ) қолданылады.

Тік ағынды салқындату жүйесінде су негізгі және қосалқы жабдықтың технологиялық салқындату айналымынан өткеннен кейін Үлбі өзеніне құйылады.

Айналымды сумен қамтамасыз ету жүйесінде салқындатқыш ретінде 2012 жылы пайдалануға енгізілген желдеткіш градирня пайдаланылады.

2018 жылы суды тұтыну көлемі 38 599,2 мың $м^3$ құрады, соның ішінде:

- Үлбі өзенінен – 28 958,3 мың $м^3$;
- «Өскемен-Водоканал» МКК желілерінен – 4 302,5 мың $м^3$;
- «ҮМЗ» АҚ артезиан суы – 5 320,4 мың $м^3$.

Станцияның технологиялық қажеттіліктеріне пайдаланылған: 33 819,0 мың $м^3$.

Шаруашылық қажеттіліктеріне және ішуге пайдаланылған: 169,5 мың $м^3$.

Бөгде тұтынушыларға берілген: 4 610,7 мың $м^3$.

Нормативтік таза ақпа сулар негізгі және қосалқы жабдықтарды салқындату барысында қалыптасады және оның бір бөлігі градирнясы бар техникалық сумен қамтамасыз етудің айналымды жүйесіне бағытталады, тағы бір бөлігі № 162 құбыр арқылы Үлбі өзеніне жіберіледі. Пайдаланылған суларды Үлбі өзеніне ағызу (№ 162 құбыр) жабық коллектор арқылы жүзеге асырылады.

Нормативтік таза ақпа суларды Үлбі өзеніне ағызудың көлемі 2018 жылы 25,266 млн $м^3$ құрады. Үлбі өзеніне ағызылатын ластаушы заттардың (мұнай өнімдері) мөлшері 2018 жыл бойынша 0,832 тонна бекітілген норматив кезінде 1,8735 тоннаны құрады.

Сулы нысанған ластаушы заттарды төгу үшін салық төлемдері жүргізілмеді, себебі кәсіпорын сулы нысанның ластануына әсер ететін әрекеттерді жасамады (төгілетін судағы ластаушы заттардың құрамы су көздерінен алынатын судың фондық құрамынан аспады).

Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына сәйкес кәсіпорын су объектісіне (Үлбі ө.) ластаушы заттар эмиссиясына бақылауды, сондай-ақ күл үйіндісі мен өнеркәсіптік алаңның орналасу ауданында бақыланатын ұңғымалар бойынша жерасты суларының ластануына бақылауды іске асырады.

ӨЭБ нәтижелері бойынша 2018 жылы кәсіпорын ағын суларын тастаудың белгіленген нормативтерін сақтап жұмыс істеді, кәсіпорынның жерасты суларының ластануына әсері елеусіз және ықтимал ретінде бағаланады.

## Жер ресурстары

Кәсіпорын қызметінің жер ресурстарына әсерін анықтау мақсатында ӨЭБ бағдарламасына сәйкес күл үйіндісі орналасқан ауданда топырақта ластауыш заттардың болуына бақылау жүргізіледі. Топырақ бетіне мониторинг жүргізу нәтижесі бойынша 2018 жылы «Өскемен ЖЭО» ЖШС қызметінің топырақ ресурстарына айтарлықтай әсері анықталмаған.

№ 3 күл үйіндісінің жақын аумақтарға әсер ететін шаң-тозаң деңгейін анықтау үшін қар жабынына мониторинг жүргізіледі. Қар жабынына жүргізілген мониторинг нәтижесі бойынша 2018 жылы жақын аумақтарға айтарлықтай әсерлер анықталмаған.

Мазмұны

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ
«Қараганда Энергоцентр» ЖШС
«Өскемен ЖЭО» ЖШС
Энергия үнемдеу

# Энергияны үнемдеу

## «Караганда Энергоцентр» ЖШС

«Караганда Энергоцентр» ЖШС энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша негізгі міндеті – тұтынылатын энергия ресурстарының көлемін азайту, соның ішінде өз қажеттіліктеріне энергия ресурстарының шығындарын азайту есебінен электр және жылу энергиясын өндіру үшін салыстырмалы ресурс шығындарын азайту, энергия шығындарына бақылау жүргізу тетіктерін жетілдіру және «Караганда Энергоцентр» ЖШС электр және жылу энергиясын есептеу аспаптарымен жабдықтау болып табылады.

2018 жылы «Караганда Энергоцентр» ЖШС энергия ресурстарын ұтымды пайдалануға бағытталған бірқатар ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар жүзеге асырылды.

### 1. Қарағанды 1-ЖЭО-да ПТВП-100 су жылыту қазандықтарының мазутсыз жұмыс режимін енгізу

2018 жыл ішінде Қарағанды 1-ЖЭО ПТВП-100 су жылыту қазандықтары мазутсыз жұмыс режиміне ауыстырылды – қазандықтарда муфталық мазут жылуы өшірілді. ЖЭО-1 ӨТБ режимдік тобы ЖЭО-1 КВЦ персоналымен бірлесіп, ажыратылған муфельді мазут форсункалары кезінде су жылытатын қазандықтарды баптау жұмыстарын жүргізді, қазандықтардың жаңа режимдік карталары жасалды. Бұл мазутты едәуір үнемдейтін қазандықтардың жұмысын тұрақтандыруға әкелді. 2018 жылдың деңгейіне есептегенде су жылыту қазандықтарын мазутсыз режимге ауыстыру 878 тонна мазутты үнемдеуге мүмкіндік берді. Мазуттың үнемделуі ақшалай мәнде 57,8 млн теңгені құрады.

### 2. Қарағанды ЖЭО-3-те жеке қажеттіліктер буының коллекторын пайдалану арқылы шыңдық бойлерлерде желілік суды жылыту

Сыртқы ауа температурасының төмен болуы кезінде (температурадан –20 °С-ден төмен) жылыту кезеңіне температуралық кестеге сәйкес желілік суды 110 °С-ден жоғары температураға дейін қосымша жылыту қажеттілігі туындайды. Жылу үшін редукцияланған өткір бу пайдаланылады, бұл электр энергиясын өндіруге шартты отынның меншікті шығынының ұлғаюына әкеледі, себебі өндірілген өткір бу электр энергиясын өндіруге қатыспайды, яғни процестің үнемділігі төмендейді.

ЖЭО-3 турбиналық цехының персоналымен жеке мұқтаждықтағы бу коллекторының сұлбасы шамалы өзгерді, бұл желілік суды жылытуға арналған жоғары қысымды цилиндрлерде пайдаланылған буды пайдалану мүмкіндігіне алып келді. Бұл электр энергиясын өндіруді жоғалтпай және тиісінше отын шығынын ұлғайтпай қосымша 50 Гкал/с дейін жылу энергиясын өндіруге мүмкіндік берді.

Нәтижесінде бұл қосымша 15 мың Гкал өнімге алып келді, бұл ақшалай мәнде 24 070 мың теңгені құрайды.

### 3. Отын-көлік цехының балға ұнтақтағышындағы электр қозғалтқышын ауыстыру

2016 жылы №6 ст.ТА және №8 ст. КА жаңа энергия блогын енгізгеннен кейін станцияның өнімділігін арттыру және транспортер таспасын кеңейту отын-көлік цехының жабдығын жарақтандыруға қосымша қажеттіліктерге алып келді. Негізгі себеп отын шығынының артуына байланысты балға ұнтақтағыштың электр қозғалтқыштарының жиі шамадан тыс жүктелуі болды. Бұл қазандық агрегаттарының бункерлеріне берілетін көмір фракциясын ірілендіруге алып келді және №8 ст. жаңа КА жұмысына аса сыни әсер етті – бу жүктемесінің шектелуі және диірмендердің шамадан тыс жүктелуі орын алады.

Зерттеу көрсеткендей, көмір фракциясын жобалық параметрлерге келтіру қазандық агрегатындағы бу жүктемесін номиналға дейін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Осыдан кейін балға ұнтақтағышындағы электр қозғалтқышын неғұрлым қуатты етіп ауыстыру туралы шешім қабылданды.

Қазіргі уақытта электрқозғалтқышты монтаждау аяқталды және жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Алдын ала есептеулер бойынша, бұл іс-шара өнімділіктің 70 т/сағ-қа өсуіне әкеледі.

Осылайша, күтіледі:

1) 558 694,6 тонна бу өндірісін жылдық ұлғайту;
2) шинадан қосымша босату (СН 11,8%) – 114 597 мың кВт·с;
3) ПӘК ұлғаю себебінен көмірді үнемдеу – жылына 2 826 т. н. т.;
4) электр қуаты нарығы шеңберінде станцияның ұтқырлығы мен сенімділігін арттыру.

### 4. Қарағанды ЖЭО-3-те №8 ст. КА жағуды оңтайландыру

Статистикаға сәйкес, 2016–2017 жылдары №8 ст. КА жағуға орташа есеппен 100 тоннаға жуық мазут жұмсалды, ал жағу басталғаннан бастап бас бу құбырына қосылғанға дейінгі процесс шамамен 20–24 сағатқа созылды. Бұл қазандық барабанының ұзақ бумен жылытумен және мазутты форсункаларды кезең-кезеңмен іске қосумен байланысты болды.

Жүргізілген талдаудан кейін іске қосудың алғашқы кезеңдерінде бумен қыздыруды алып тастау және мазут шығынын ұлғайту бойынша, бірақ барабанның қызу жылдамдықтарын сақтаумен техникалық шешім қабылданды. Шешім шығарушы зауыт өкілдерімен және іске қосу-реттеу ұйымдарымен келісілді. Қазан агрегатын іске қосудың өзгертілген бағдарламасы құрылды.

Нәтижесінде қазіргі уақытта №8 ст. қазандық агрегатын іске қосуға орташа есеппен 60 тоннадан артық емес мазут жұмсалады, ал жағу уақыты 9 сағаттан артық емес уақытты алады.

2018 жылы іске қосу саны (10 жіберу) кезінде мазутты үнемдеудің жылдық тиімділігі 400 тоннаны құрады, бұл ақшалай мәнде 35 200 мың теңгені құрайды.

Сонымен қатар, электр қуаты нарығы аясында қазандықты жылдам іске қосу станцияның ықшамдығын арттырады, бұл тестілік командалардың өту ықтималдығын, сондай-ақ резервтік қуатты көтеру жылдамдығын ұлғайтады.

Сонымен қатар, 2018 жылы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде Қарағанды 1-ЖЭО-да ПТВП-100 бір су жылыту қазанын қайта жаңарту бойынша іс-шара іске асырылды. Бұл іс-шара жылына 4,5 мың тоннаға дейін көмір үнемдеуге мүмкіндік береді.

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес 2014 жылы «Караганда Энергоцентр» ЖШС ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы №1115 қаулысымен бекітілген Энергия аудитін жүргізу қағидаларының талаптарына сәйкес Қарағанды ЖЭО-1 және ЖЭО-3-те «Эл-Нур-Сервис» ЖШС-мен жасалған шарт негізінде энергия аудиті өткізілді, оның нәтижелері бойынша 2014 жылғы 11 желтоқсандағы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша қорытынды берілді.

## «Қарағанды Жарық» ЖШС

«Қарағанды Жарық» ЖШС ISO 50001 халықаралық стандарты негізінде энергетикалық менеджмент жүйесін енгізуге байланысты «Қарағанды Жарық» ЖШС қолданыстағы біріктірілген менеджмент жүйесі шеңберінде өндірістің энерготиімділігін арттыру үшін мерзімді энергия талдау және энергия жоспарлау жүргізуге талаптар қойды.

Энергетикалық талдау энергия ресурстарын тұтынуды мониторингтеу және өлшеу негізінде жүргізіледі.

**2018 ЖЫЛҒЫ «ҚАРАҒАНДЫ ЖАРЫҚ» ЖШС-НІҢ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

| Іс-шараның атауы | Есепті кезеңдегі нақты инвестициялар (ҚҚС есебімен), теңге | Есепті кезеңдегі іс-шараларды іске асырудан үнемдеудің нақты әсері | |
|---|---|---|---|
| | | энергетикалық ресурстың атауы | заттай мәнде |
| Екі және одан да көп трансформаторлары бар қосалқы станциялардағы трансформаторлардың шағын жүктемесі режимдерінде ажырату | 0 | электр энергиясы (кВт·с) | 1 699 199 |
| Қосалқы станциялардың өз мұқтаждарына электр энергиясының шығынын төмендету | 0 | электр энергиясы (кВт·с) | 329 725 |
| 0,38 кВ электр желілеріндегі фазалардың жүктемесін теңестіру | 0 | электр энергиясы (кВт·с) | 55 952 |
| ДРЛ және қыздыру шамдарын жарық-диодты шамдарға ауыстыру | 20 089 345 | электр энергиясы (кВт·с) | 871 717 |
| РС 0,4 / 6-10 кВ қалпына келтіру және салу | 353 321 890 | электр энергиясы (кВт·с) | 160 834 |
| Қайта сертификациялық аудит | 416 666 | – | – |
| Персоналды қайта даярлау және біліктілігін арттыру | 7 160 330 | – | – |

# Мазмұны

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ
«Қараганда Энергоцентр» ЖШС
«Өскемен ЖЭО» ЖШС
Энергия үнемдеу

## "Оңтүстік Жарық Транзит" ЖШС

### «ОҢТҮСТІК ЖАРЫҚ ТРАНЗИТ» ЖШС-НІҢ 2018 ЖЫЛҒЫ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

| Іс-шараның атауы | Есепті кезеңдегі нақты инвестициялар (ҚҚС есебімен), теңге | Есепті кезеңдегі іс-шараларды іске асырудан үнемдеудің нақты әсері | |
|---|---|---|---|
| | | энергетикалық ресурстың атауы | заттай мәнде |
| Жұмыс істеп тұрған ТҚС, КТҚС 10 6 кВ қосымша күштік трансформаторларды орнату және жұмысқа енгізу, шамадан тыс жүктелгендерді ауыстыру | 200 213 | электр энергиясы (кВт·с) | 107 680 |
| Жұмыс істеп тұрған ТҚС, КТҚС 10 6 кВ жүктелмеген күштік трансформаторларды ауыстыру | 2 277 | электр энергиясы (кВт·с) | 3 840 |
| 10 кВ ӘЖ артық жүктелген желілердегі сымдарды ауыстыру | 12 319 | электр энергиясы (кВт·с) | 80 730 |
| 0,4 кВ ӘЖ артық жүктелген желілердегі сымдарды ауыстыру | 86 978 | электр энергиясы (кВт·с) | 363 616 |
| 0,4 кВ ӘЖ артық жүктелген желілердегі сымдарды ауыстыру (ӨОС қолданумен) | 1 305 652 | электр энергиясы (кВт·с) | 1 479 386 |

## «Маңғыстау өңірлік электроторaптық компаниясы» АҚ

### «МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРЛІК ЭЛЕКТРОТОРАПТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ-НЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

| Іс-шараның атауы | Есепті кезеңдегі нақты инвестициялар (ҚҚС есебімен), теңге | Есепті кезеңдегі іс-шараларды іске асырудан үнемдеудің нақты әсері | |
|---|---|---|---|
| | | энергетикалық ресурстың атауы | заттай мәнде |
| «МӨЭК» АҚ ҚС ғимараттары мен үй-жайларындағы қыздыру шамдарын шағын люминесцентті шамдарға ауыстыру | 2 084 320 | электр энергиясы (кВт·с) | 62 100 |
| Қолданыстағы фарфор оқшаулағыштарын шыныға ауыстыру | 29 014 000 | тиімділікті арттыру | 21 000 |
| Кәсіпорынның қосалқы станцияларындағы электр энергиясын есепке алу жүйесінің жүктелмеген ток трансформаторларын ауыстыру | 1 201 485 | электр энергиясы (кВт·с) | 249 689 |
| «МӨЭК» АҚ АСКУЭ бейімделген ұзақ мерзімді жады бар ескірген есептеуіштерді ауыстыру | 3 340 000 | электр энергиясы (кВт·с) | 710 544 |



# Мазмұны

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
Қысқартылған сөздер
Байланыс ақпараттары

ККС Казахстанские Коммунальные Системы




# Шоғырландырылған қаржылық есептілік

# Мазмұны

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
Қысқартылған сөздер
Байланыс ақпараттары

## 2018 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ПАЙДА МЕН ШЫҒЫСТАР ЖӘНЕ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(мың теңгемен)

| | 2018 ж. | 2017 ж. (қайта есептелді) * |
|---|---|---|
| Түсім | 128,639,008 | 97,337,035 |
| Сатулардың өзіндік құны | (91,928,630) | (66,087,670) |
| **Жалпы пайда** | **36,710,378** | **31,249,365** |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | (8,537,171) | (6,388,741) |
| Өткізу бойынша шығыстар | (2,664,901) | (2,148,142) |
| Қаржылық шығыстар | (8,631,683) | (4,812,517) |
| Қаржылық кірістер | 3,687,716 | 652,805 |
| Өзге кірістер, нетто | 676,690 | 18,773,832 |
| Қауымдасқан кәсіпорындар пайдасындағы үлес | – | 150,329 |
| Дивидендтер бойынша кірістер | – | 17,224 |
| Бағам айырмасынан шығын, нетто | (3,316,643) | (30,268) |
| **ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАРҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА** | **17,924,386** | **37,463,887** |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | (4,324,836) | (3,973,072) |
| **БІР ЖЫЛДАҒЫ ТАЗА ПАЙДА** | **13,599,550** | **33,490,815** |
| **Бір жылдағы өзге жиынтық кіріс** | | |
| Кейіннен пайда мен шығыстардың құрамына жіктелуі мүмкін баптар: | | |
| Шетелдік бөлімшелердің қайта есептеуінен бағамдық айырма | 265,151 | – |
| **БІР ЖЫЛДАҒЫ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС** | **265,151** | **–** |
| **БІР ЖЫЛДАҒЫ БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ КІРІС** | **13,864,701** | **33,490,815** |
| Тиесілі пайда: | | |
| Компания меншік иелеріне | 12,731,185 | 33,490,815 |
| Бақыланбайтын үлестерге | 868,365 | – |
| | **13,599,550** | **33,490,815** |
| Тиесілі барлық жиынтық кіріс: | | |
| Компания меншік иелеріне | 12,996,336 | 33,490,815 |
| Бақыланбайтын үлестерге | 868,365 | – |
| | **13,864,701** | **33,490,815** |

*«Маңғыстау өңірлік электроторaптық компаниясы» АҚ сатып алу бойынша әділ құнды қорытынды бағалау қайта есептелген (3-ескертпе).

## 2018 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(мың теңгемен)

| | 2018 ж. 31 желтоқсан | 2017 ж. 31 желтоқсан (қайта есептелді) * |
|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | |
| ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР: | | |
| Негізгі қаражат | 215,004,134 | 203,751,869 |
| Берілген аванстар | 1,905,698 | 3,152,062 |
| Байланысқан тараптарға берілген қарыздар | 58,511,332 | – |
| Өзге ұзақ мерзімді активтер | 1,030,162 | 885,850 |
| Шегерілген салық активтері | 101,879 | 63,470 |
| **Барлығы ұзақ мерзімді активтер** | **276,553,205** | **207,853,251** |
| АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР: | | |
| Сауда дебиторлық берешек | 10,082,632 | 9,958,231 |
| Тауарлық-материалдық қорлар | 4,194,232 | 3,786,086 |
| Берілген аванстар | 1,103,116 | 780,574 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем | 527,282 | 443,120 |
| Өзге ағымдағы активтер | 1,896,114 | 2,916,460 |
| Ақша қаражаты және баламалары | 5,458,604 | 6,444,524 |
| | **23,261,980** | **24,328,995** |
| Сатуға арналған активтер | – | 3,125,587 |
| Барлығы ағымдағы активтер | **23,261,980** | **27,454,582** |
| **БАРЛЫҒЫ АКТИВТЕР** | **299,815,185** | **235,307,833** |
| **КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | |
| КАПИТАЛ: | | |
| Жарғылық капитал | 11,636,404 | 11,636,404 |
| Қосымша төленген капитал | 9,239,137 | 9,239,137 |
| Бағамдық айырмалар резерві | 265,151 | – |
| Бөлінбеген пайда | 109,479,603 | 96,714,432 |
| Аналық компания қатысушыларының өзіндік капиталы | 130,620,295 | 117,589,973 |
| Бақыланбайтын үлестер | 10,947,184 | 11,514,800 |
| **Барлығы жеке капитал** | **141,567,479** | **129,104,773** |
| ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР: | | |
| Қарыздар және облигациялар | 92,414,556 | 41,918,821 |
| Шегерілген салық міндеттемелері | 30,361,273 | 28,913,770 |
| Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер | 3,057,173 | 3,329,667 |
| Барлығы ұзақ мерзімді міндеттемелер | **125,833,002** | **74,162,258** |
| АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР: | | |
| Қарыздар және облигациялар | 14,055,724 | 15,853,995 |
| Сауда кредиторлық берешек | 8,492,942 | 4,911,834 |
| Өзге кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер | 7,919,908 | 8,558,620 |
| Төлеуге жататын өзге салықтар | 1,759,318 | 2,179,717 |
| Төлеуге жататын корпоративтік табыс салығы | 186,812 | 82,115 |
| | **32,414,704** | **31,586,281** |
| Сатуға арналған активтерге қатысты міндеттемелер | – | 454,521 |
| **Барлығы ағымдағы міндеттемелер** | **32,414,704** | **32,040,802** |
| **БАРЛЫҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | **158,247,706** | **106,203,060** |
| **БАРЛЫҒЫ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | **299,815,185** | **235,307,833** |

*«Маңғыстау өңірлік электроторaптық компаниясы» АҚ сатып алу бойынша әділ құнды қорытынды бағалау қайта есептелген (3-ескертпе).

# Мазмұны

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
Қысқартылған сөздер
Байланыс ақпараттары

**2018 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН**
**ЖЕКЕ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**
(мың теңгемен)

| | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Бағамдық айырма резерві | Бөлінбеген пайда | Аналық компания қатысушыларының жеке капиталы | Бақыланбайтын үлестер | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2017 ж. 1 қаңтарға** | **11,636,404** | **9,239,137** | **–** | **67,874,617** | **88,750,158** | **–** | **88,750,158** |
| таза пайда және барлығы бір жылдағы жиынтық кіріс (қайта есептелді) | – | – | – | 33,490,815 | 33,490,815 | – | 33,490,815 |
| Дивидендтер төлеу (23-ескертпе) | – | – | – | (4,651,000) | (4,651,000) | – | (4,651,000) |
| Еншілес кәсіпорынды сатып алуға байланысты бақыланбайтын үлестерді сатып алу (қайта есептелді) | – | – | – | – | – | 11,514,800 | 11,514,800 |
| **2017 ж. 31 желтоқсанға (қайта есептелді)** | **11,636,404** | **9,239,137** | **–** | **96,714,432** | **117,589,973** | **11,514,800** | **129,104,773** |
| ҚЕХС (IFRS) 9 қолдану әсері (2-ескертпе) | – | – | – | (1,387,077) | (1,387,077) | (14,918) | (1,401,995) |
| 2018 ж. 1 қаңтарға сальдо қайта есептелді | 11,636,404 | 9,239,137 | – | 95,327,355 | 116,202,896 | 11,499,882 | 127,702,778 |
| Бір жылдағы таза пайда | – | – | – | 12,731,185 | 12,731,185 | 868,365 | 13,599,550 |
| Бір жылдағы өзге жиынтық кіріс | – | – | 265,151 | – | 265,151 | – | 265,151 |
| Бір жылдағы барлығы жиынтық кіріс | – | – | 265,151 | 12,731,185 | 12,996,336 | 868,365 | 13,864,701 |
| Бақыланбайтын қатысу үлесін өзгерту нәтижесінде туындайтын түзету | – | – | – | 1,421,063 | 1,421,063 | (1,421,063) | – |
| **2018 ж. 31 желтоқсан** | **11,636,404** | **9,239,137** | **265,151** | **109,479,603** | **130,620,295** | **10,947,184** | **141,567,479** |

*«Маңғыстау өңірлік электротораптық компаниясы» АҚ сатып алу бойынша әділ құнды қорытынды бағалау қайта есептелген (3-ескертпе).

# Мазмұны

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
Қысқартылған сөздер
Байланыс ақпараттары

**2018 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН**
**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**
(мың теңгемен)

| | 2018 ж. | 2017 ж. |
|---|---|---|
| **ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:** | | |
| Қызметтер мен тауарларды өткізу | 138,865,328 | 108,211,180 |
| Өзге түсімдер | 2,083,942 | 1,616,173 |
| **Барлығы ақша қаражатының түсуі** | **140,949,270** | **109,827,353** |
| Өнім берушілерге тауарлар мен қызметтер үшін төлемдер | (78,273,105) | (57,350,977) |
| Жалақы бойынша төлемдер | (11,652,464) | (9,154,447) |
| Бюджетке өзге де төлемдер | (10,708,690) | (8,824,951) |
| Өзге төлемдер | (3,991,236) | (1,725,421) |
| **Барлығы ақша қаражытының шығуы** | **(104,625,495)** | **(77,055,796)** |
| Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты | 36,323,775 | 32,771,557 |
| Алынған сыйақылар | 274,552 | 189,436 |
| Қарыздар және облигациялар бойынша сыйақы төлемдері | (7,131,984) | (5,028,043) |
| Корпоративтік табыс салығы | (2,586,231) | (1,862,819) |
| **Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты** | **26,880,112** | **26,070,131** |
| **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:** | | |
| Негізгі құралдарды өткізу | 161,848 | 105 |
| Берілген қарыздарды қайтару | 166,250 | – |
| Берілген қаржылық көмекті қайтару | – | 30,000 |
| Алынған дивидендтер | – | 17,224 |
| Еншілес кәсіпорынды өткізу | 543,456 | 1,682,059 |
| Өзге түсімдер | 595,884 | 5,000 |
| **Барлығы ақша қаражатының түсімі** | **1,467,438** | **1,734,388** |
| Күрделі жөндеу үшін негізгі құралдар мен материалдарды сатып алу және ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға берілген аванстар | (20,440,335) | (15,182,851) |
| Материалдық емес активті сатып алу | (23,289) | (16,279) |
| Қаржылай көмек беру | – | (80,000) |
| Еншілес кәсіпорынды сатып алу бойынша ақша қаражатының шығуы | (1,181,312) | (7,855,315) |
| Өзге төлемдер | (10,709) | (3,845) |
| **Барлығы ақша қаражатының шығуы** | **(21,655,645)** | **(23,138,290)** |
| **Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты** | **(20,188,207)** | **(21,403,902)** |

**2018 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН**
**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)**
(мың теңгемен)

| | 2018 ж. | 2017 ж. |
|---|---|---|
| **ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:** | | |
| Облигациялар эмиссиясы | – | 882,446 |
| Қатысушыға берілген қаржылай көмекті қайтару | – | 8,128,000 |
| Қаржылай көмек алу | 2,367,003 | 976,224 |
| Қарыздар алу | 82,919,316 | 21,318,820 |
| Өзге түсімдер | – | 48,733 |
| **Барлығы ақша қаражатының түсуі** | **85,286,319** | **31,354,223** |
| Қарыздарды өтеу | (35,710,827) | (26,039,791) |
| Облигацияларды өтеу | (1,500,000) | – |
| Жалпы бақылаудағы кәсіпорынға қарыз беру | (51,941,315) | – |
| Байланысқан тарапқа қаржылай көмек беру | (2,980,466) | – |
| Қатысушыға қаржылай көмек беру | – | (60,000) |
| Алынған қаржылай көмекті қайтару | (776,384) | (1,125,500) |
| Дивидендтер төлеу | (22,923) | (4,651,000) |
| Өзге шығулар | (179,620) | (25,869) |
| **Барлығы ақша қаражатының шығуы** | **(93,111,535)** | **(31,902,160)** |
| **Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты** | **(7,825,216)** | **(547,937)** |
| АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ТАЗА ӨЗГЕРІСІ | (1,133,311) | 4,118,292 |
| АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл басына | 6,496,398 | 2,358,941 |
| Шетелдік валюта бағамы өзгеруінің шетелдік валютадағы ақша қаражатының қалдықтарына ықпалы | 95,517 | 19,165 |
| **АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл соңына** | **5,458,604** | **6,496,398** |

Қаржылық есептіліктің толық жинақтамасымен, аудитордың ескертулері мен қорытындысын қоса алғанда, біздің KUS.KZ корпоративтік сайтымыздан «Инвесторлармен байланыс»/«Біріккен қаржылық есеп» бөлімінен танысуға болады.

# Мазмұны

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
Қысқартылған сөздер
Байланыс ақпараттары

## Қысқартылған сөздер

**EBIT** (Earnings before interest and taxes) – пайыздар мен салықтарды алғанға дейінгі пайда
**EBITDA** (Earnings before interest, taxes, depreciation and amortization) – пайыздар мен салықтарды және амортизацияны алғанға дейінгі пайда
**EPC** (Engineering, procurement and construction) – инжиниринг, жабдықтау, құрылыс
**KASE** (Kazakhstan Stock Exchange) – «Қазақстан қор биржасы» АҚ
**KEGOC** (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) – «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ
**KPI** (Key Performance Indicator) – тиімділіктің негізгі көрсеткіштері
**ROA** (Return on assets) – активтердің рентабельділігі
**ROCE** (Return on capital employed) – іске қосылған капиталдың рентабельділігі
**ROE** (Return on equity) – өзіндік капиталдың рентабельділігі
**АСКУЭ** – электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі
**АЭЖ** – аудандық электр желілері
**ӘЖ** – әуе желісі
**ВЭС** – жел электр станциясы
**Гкал** – гигакалория
**Гкал/ч** – гигакалория сағат
**ЕҚ** – еңбекті қорғау
**ЕҰ** – еншілес ұйым
**ЖВЭЖ ОДҚ** – жоғары вольтты электр желілерінің оперативтік-диспетчерлік қызмет
**ЖЖМ** – жанар-жағармай материалдары
**ЖІӨ** – жалпы ішi өнім
**ЖҚТ** – жеке қажеттіліктер трансформаторы
**ЖТ** – жеке тұлға
**ЖШС** – жауапкершілігі шектеулі серіктестік
**ЖЭО** – жылу электр централы
**ЖЭС** – жылу электр станциясы
**ЗТ** – заңды тұлға
**КӘЖ** – кабельдік-әуе желілері
**КӘЖ** – корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік
**кВ** – киловольт
**кВт·с** – киловатт-сағат
**КЖ** – кабель желісі
**км** – километр
**КТҚС** – кешенді трансформаторлық қосалқы станция
**КЭС** – конденсациялық электр станциясы
**КЭЦ** – «Караганда Энергоцентр» ЖШС
**ҚЖ** – «Қарағанды Жарық» ЖШС
**ҚЖС** – «ҚарағандыЖылуСбыт» ЖШС
**ҚКЖ** – «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС
**ҚКТҚС** – қалалық кешенді трансформаторлық қосалқы станция
**ҚКЭК** – қалпына келтірілетін энергия көздері
**ҚОӘБ** – қоршаған ортаға әсерді бағалау
**ҚОҚ** – қоршаған ортаны қорғау
**ҚР ҰЭМ** – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
**ҚС** – қосалқы станция
**ҚСЖЦ** – қазандық-су жылыту цехы
**ҚТ** – қауіпсіздік техникасы
**ҚЭЭҚ** – Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы
**м** – метр
**МВА** – мегавольт-ампер
**МВт** – мегаватт
**МӨЭК** – «Маңғыстау өңірлік электроторaптық компаниясы» АҚ
**НКИ** – нақты көлем индексі
**ОЖ** – «Оңтүстік Жарық» ЖШС
**ОЖТ** – «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС
**ОҚО** – Оңтүстік Қазақстан облысы
**ӨОС** – өздігінен оқшаулағыш сымдар
**Өскемен ЖЭО** – «Өскемен ЖЭО» ЖШС
**ӨЭБ** – өндірістік экологиялық бақылау
**ӨЭЖК** – өңірлік электр желісі компаниялары
**ПӘК** – пайдалы әсер коэффициенті
**РСЦ** – «Расчетный сервисный центр» ЖШС
**СҚА** – санитарлық қорғаныс аймағы
**ТҚС** – трансформаторлық қосалқы станция
**ТО** – Түркістан облысы
**ТП** – тарату пункті
**ТПЕ** – Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану ережелері
**ТЭН** – техникалық-экономикалық негіздеме
**ҰЭЖ** – ұлттық электр желісі
**ШЫШ** – шекті ықтимал шығарындылар
**ЫСЖ** – ыстық сумен жабдықтау
**ЭЖ** – электр желілері
**ЭӨҰ** – энергия өндіруші ұйым
**ЭӨҰ** – энергия өткізу ұйымы
**ЭП** – «Энергопоток» ЖШС
**ЭЭБН** – электр энергиясының бөлшек нарығы

## Байланыс ақпараттары

**«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС**
Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Д. Қонаев көшесі, 14/3
Тел.: +7 (7172) 27 94 72
Факс: +7 (7172) 27 94 73
Эл. пошта: kks.priemnaya@kus.kz
Веб-сайты: www.kus.kz

## Аудитор

**«Делойт» ЖШС**
Қазақстан Республикасы, 050059,
Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 36
Тел.: +7 (727) 258 13 40
Факс: +7 (727) 258 13 41
Эл. пошта: almaty@deloitte.kz
Веб-сайты: www2.deloitte.com

## ТІРКЕУШІ

**«Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ**
Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қ.,
«Самал-1» ш.а., 28
Тел.: +7 (727) 262 08 46, 355 47 60
Факс: +7 (727) 262 08 46, 355 47 60
Эл. пошта: csd@kacd.kz, web@kacd.kz
Веб-сайт: www.kacd.kz